

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№1 (37) 2017



**БАС РЕДАКТОР
С.Ж. ПІРӘЛИЕВ**

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, «Филологиялық пәндерді оқытудың әдістемесі» кафедрасының ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай – Ыстамбұл университеті, Байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. – ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті;

Бейсенова Ә.С. – Абай ат. ҚазҰПУ, «География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ. – Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.;

Ғаббасов С. – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі, академик;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. – Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының пед.ғ.д., профессор;

Қирабаев С.С. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахаев Л.В. – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ, «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. – Абай ат. ҚазҰПУ-дің аппарат жетекшісі, пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филологиялық пәндерді оқытудың әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР
С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
академик НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор Научного центра формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. – к.ф.н. кафедры «Методика преподавания филологических дисциплин» КазНПУ им. Абая, ответственный редактор;

Айдемир Окай – декан факультета Связи Стамбульского университета, профессор;

Альмухамбетов Б.А. – директор Института искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. – к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагуна;

Бейсенова А.С. – руководитель научно-методического центра географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. – д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационно-гуманитарного университета;

Габбасов С. – писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик;

Есполов Т.И. – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. – ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагуна, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. – профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.;

Кирабаев С.С. – д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. – директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. – профессор кафедры «Религиоведения и культурологии» КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. – руководитель аппарата КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия) и Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. – д.п.н., профессор, зав кафедрой «Методика преподавания филологических дисциплин» института филологии КазНПУ им. Абая.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

The rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of Research center of formation of intellectual nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. – the senior lecturer of the chair «Methods of teaching philological disciplines» of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay – dean of the Faculty of Communications of Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. – the director of Art, Culture and Sport Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Baisabaev B.A. – the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. – the chair of sud department «The scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. – doctor of pedagogical sciences, professor of chair of «Primary education and fine art» Taraz innovation and humanitarian university;

Gabbasov C. – writer, Honored worker of Health of the USSR, Doctor of Medical and Pedagogical Sciences, professor, Honored worker of the RK, member of the International Academy of Nostradamus, academician;

Espolov T.I. – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. – rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. – head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. – the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. – head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. – Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. – professor of the chair «Religious and cultural studies» KazNU named after Al-Farabi, Doctor of Philosophy;

Mutanov G.M. – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. – head of the office of the KazNPU named after Abai, doctor of pedagogical sciences, professor, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia) and International Aytmatov academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. – doctor of philological sciences, professor. Head of the Chair of methods of teaching philological disciplines of KazNPU named after Abai.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2017



**«Біздің түпкілікті мақсатымыз – интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп,
интеллектуалды ұлт қалыптастыру»**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев.

МРНТИ 14.01.07

МҰҒАЛІМНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЭТИКАСЫ МЕН ЭСТЕТИКАСЫ

М.А. Нуриев

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,

Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

А.Е. Садыкова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі,

Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

Мақалада қазіргі заман мұғалімінің педагогикалық этикеті мен эстетикасы, сөйлеу мәдениетінің мән-маңызы жан-жақты ашылған. Кәсіби қарым-қатынастың нәтижелі болуын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар мен тұжырымдар берілген. Мұғалімнің қаншалықты кәсіби қызметінің табысты болу құпиясы, сауатты сөйлеу шеберлігіне байланысты. Сондай-ақ, педагог болмысының эстетикалық мәдениеті қызметтері туралы түсінік қарастырылған.

Түйін сөздер: педагог, мұғалім, оқушы, педагогикалық этикет пен эстетика, сөйлеу мәдениеті, қарым-атынас әдебі.

В статье раскрываются содержание развития педагогического этикета и эстетики, элементы речевой культуры современного педагога, значение выразительных возможностей речи в его профессиональной деятельности. Представлены рекомендации по организации продуктивного профессионального общения. От того, насколько грамотно человек выражается, зависит его успех не только в повседневном общении, но и в профессиональной деятельности. Особенно актуально данное утверждение по отношению к речи педагога. Так же рассматривается описание понятия функции эстетической культуры личности педагога.

Ключевые слова: учитель, преподаватель, ученик, педагогические этикет и эстетика, культура речи, культура общения.

The article describes the content of teaching etiquette and aesthetics, elements of modern speech culture of the teacher, the value of expressive speech capabilities in their professional activities. Recommendations on the organization of productive professional dialogue. On how skillfully people expressed depends on its success not only in everyday life but also in their professional activities. Especially true this statement in relation to the teacher's question. Just seen the description of the concept of function of aesthetic culture of the individual teacher.

Keywords: teacher, student, teaching etiquette and aesthetics, culture of speech, culture of communication.

Қай заманда болмасын, ұстаздың болмысы (оған әрине, киім кию үлгісінен бастап, өзін-өзі ұстауына дейінгі ұсақ-түйек элементтерін қоса есептегенде) бала санасына тікелей әсер етеді. Қарапайым мысал ретінде, ұстаздың бір ғана бет-бейнесіне сай келмейтін киім кигені – оқушы алдындағы қадірінің жоғалтатындығы белгілі жайт. Бұл ретте бүгінгінің мұғалімдері ақпараттық технологияны меңгерген, жан-жақты, жаңашыл жан болуымен қатар, сыртқы

мәдениеті мен бет-бейнесі де сол талаптарға сай болуы тиіс. Себебі, ұстаз оқу-біліммен қатар бойындағы бар жиған-тергенін оқушының санасына сіңдіреді. Осы орайда, ұстаздың ұстаз екені мектепке еш қатысы жоқ адамдарға да сырт болмысынан, киген киімінен, бет-бейнесі мен жүріс-тұрысынан көрініп тұруы керек. Мәселен, кейбір мамандық иелерінің өзіндік жеке ерекшеліктеріне орай киім үлгілері оларды топ ішінен ешкім айтпай-ақ ерекшелеп

тұрғаны сынды, мұғалімдердің де бірыңғай киім үлгілерін сақтауы қажетінше ілтипаттың болуына әкеледі. Киген киімінен ұстаз екені білініп тұрса, халық оған ерекше құрметпен, ықыласпен қарайтыны анық.

Себебі, ұстаз дегенде көз алдымызға ішкі білімі, ой-өрісі сыртқы тұлғасымен астасқан парасат иесі елестейді. Осы орайда оқушының ұстазына деген құрметіне селкеу түсірмейтіндей, эстетикалық тұрғыдан жоғары деңгейдегі, ұстаз бойына қонымды, әрі сәнді көрінетін киім үлгісі педагогикалық әдеп этикасымен үндесіп жатуы қажет.

Осы сынды санаттың ішінде *кәсіби-педагогикалық борыш, педагогикалық әділдік, педагогикалық ар-намыс және педагогикалық бедел* бар.

Бұл жердегі кәсіби педагогикалық борыш деп педагогикалық әдептің ең маңызды санаттарының бірін айтамыз. Яғни, мұғалімнің өз еңбегіне деген шығармашылық көзқарас, өз-өзіне қатаң талап қоя алуы, кәсіби білім-білігі мен педагогикалық шеберлігін арттыруға деген құлшыныс, оқушыға, оның ата-анасына деген құрмет көрсету және талап қою қажеттілігі, мектеп өмірінде кездесетін қиын да, күрделі шиеленістерді шеше білу тәрізді өзгеше іс-қимылдары.

Педагогикалық әділдік – мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы барысында олардың тәртібін, қылығын, оқуға деген көзқарас-құлшынысын, адамгершілік тәрбиелілік деңгейін анықтау мен бағалау барысындағы объективтілігі әрі оның адамгершілігіне өзіндік баға беретін ерекше сипаты. Педагогикалық әділдік өзгешелігі оқушылар мен педагогтардың іс-қимылды бағалау және оған қатысты жауап реакциясының әр түрлі адамгершілік деңгейде болуында; педагог объективтілігінің өлшемін анықтау көбінесе педагогқа байланысты болады; өзіндік қорғаныс деңгейі әр түрлі тараптар ара-қатынасының көбінесе жалпы моральдік бағалауға түсетіндігінде; ең ақыр аяғында педагогпен алдын ала бағдарламаланған педагогикалық қажеттіліктерді балалардың түсінбеуінде.

Педагогикалық ар-намыс мұғалімнің өзін-

өзі жақсы көріп, сыйлап қана қоюы емес, оның қоғамдық қарым-қатынас барысында абыройға ие болып, моральдік сыр-сипатына және сіңірген еңбегіне қоғам тарапынан көрсетілетін құрметті білдіреді. Педагог мамандығында жеке бастың ар-намысы мен қасиетін түсіну сезімі ерекше байқалып тұрады. Мұғалімнің ар-намысы – оның кәсіби борышын орындау барысында көрінетін нақты кәсіби ар-намысына қоғамдық баға беру.

Мұғалімнің *педагогикалық беделі* – оның оқушылар мен мұғалімдер және әріптестер ұжымындағы моральдік статусы. Педагогикалық бедел мұғалімнің осыған дейінгі алған моральдік-этикалық және психологиялық-педагогикалық даярлығына және оны моральдық тұрғыдан үнемі жетілдіріп отыруымен байланысты. Оның деңгейі білімнің, зеректіктің, шеберліктің тереңдігімен және өз еңбегіне деген ерекше қатынасымен т.б. анықталады [1].

Мұғалімнің оқушысына тұлға ретіндегі құрмет сезімі, жоғары талап қоюы, әңгімелесіп отырған адамды тыңдай білуі, оны түсіне білуі, ара-қатынастағы іскерілік, бірбеткейсіз ұстанымдылығы, сабырлылығы, адамдарға қатысты ерекше зейіні мен сезімталдығы – барлығы педагогикалық тәртіпке жатады.

Мұғалімнің педагогикалық мәдениетіне қойылатын талаптардың ішінде педагогикалық тәжірибенің даму барысында қалыптасқан жалпы адами мәдениет те бар. Бірақ педагогикалық салада өзіндік адамгершілік тәрбиенің ажырамас бөлігі болып табылатын моральдік үйлестірудің де өзіндік ерекшелігі бар. Өйткені педагогтың іс-қимылын ешкім бақыламайды. Ол көбінесе өз қылығын өзі бағалайды, өзі түзетеді. Сол себепті мұғалімнің моральдік «барометрі» педагогикалық ұяты аса сезімтал және жоғары деңгейлі болуы шарт [2].

Педагогтың барынша толыққанды кәсіби-этикалық сипаты мен мақсатқа сәйкестігін төмендегі педагогикалық тәртіп сипаттарымен ұштастыра ұсынсақ:

- талапшылдық, жеке бастың қасиетін қорламау, түртпектей бермеуі;
- қарым-қатынас барысында табиғилық,

қарапайымдылық танытып, мәймөңкелік пен өрескелдікке жол бермеуі;

- бірбеткейліксіз ұстанымшылдығы және табандылығы;

- аса дабыраламайтын зеректік пен сезімталдығы;

- тұлғаның жеке басын қорламайтын әзіл-сықақ қолдана білуі;

- иландыру, нандыру, ескерту, ұсыныс жасау және қысымшылық пен қорлықсыз жазалай білуі;

- өз білімі мен кәсіби даярлық деңгейінің артықшылығын атап айтпай-ақ білім алушыларды оқыту және тәрбиелей білу қабілеті;

- білім алушыларды тыңдай білуі, оның және өзгелердің сұрақтарға берген жауаптарына тыңғылықты қарай білуі.

Жоғарыда аталған педагогикалық кәсіби-этикалық сипат түрлері педагогтың түрлі оқу-тәрбиелік міндеттерін шешу барысында көрініп, олардың кәсіби қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға ықпал етеді.

Сонымен, педагогтың мұндай кәсіби әдеп сипаты келесі жағдайда көрінеді:

- *педагогтың сыртқы келбетінен* (киім кию мәдениеті мен визуальді белгілері: бойдың, дене бітімінің, шаш үлгісінің үйлесімділігі және өзіне сәйкес стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ киім, аксессуарлар);

- *қарым-қатынас әдебінен* (вербалды және вербалды емес қарым-қатынас әдебі, қызметтік қарым-қатынас этикеті (корпоративтік ережелерді ұстану), оқушыларына қоятын талаптарының ойға сыйымдылығы мен оларға деген сезімталдығы, оқушылардың жас және жеке-дара ерекшеліктерін жақсы білуі, өз еңбегіне сыни көзқараспен бағалай алуы);

- *сөйлеу мәдениеті, тіл шеберлігінен* (тіл табыса білу қабілеті: ауызша және жазбаша тілдесу, дауыс ерекшелігі);

- *адами қасиеті сипаттарынан* (кез келген орын алған жағдайды жылдам және дұрыс бағалай білуі, сондай-ақ өз тәрбиеленушілерінің тәртібі мен қабілеті туралы қорытынды жасауға асықпауы, өз-өзін ұстай білу, қиын жағдайда сезімге жол бермей, салқынқандылық таныту).

1. Педагогтың сыртқы мәдениеті. Мектеп мұғалімі қандай болуы тиіс екенін түсіну үшін бүгінгі күні орта білім беретін оқу орындарында жас ұрпақты оқытып және тәрбиелеп жүрген мұғалім бейнесін қайта қарауымыз керек.

Бұл орайда тілге тиек болатыны, педагогтардың біліктілігінің төмендігі, шәкірттермен арадағы педагогикалық әдептілік негіздері қарым-қатынастардың жоқтығы және бар болған жағдайда оның барлық уақытта сақтала бермеуі. Сондықтан, мұғалімге тән педагогтық қарым-қатынас әрекетінің мәні мен мазмұнын ашып, ұстаздарға оның негізгі сапаларын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, ұстаздың айналасындағыларға өзі туралы жақсы әсер қалдыруды мақсат ететін педагогикалық имидж болуы тиіс. Себебі, басқа мамандық иелеріне қарағанда мұғалім мамандығы ерекше, ол әрдайым үлкен аудитория ішінде және көпшілік көз алдында. Сонымен, педагогикалық имидж – мұғалімнің бойындағы таланттың жарқырап ашылуы, өзі туралы жақсы пікір қалыптастыру жолы. Әлемдік өркениеттің стандарттарын ұсынатын американдық психологтардың пікірінше, тамаша табыс феномені – адамның имиджі мен оның қарьерасымен тікелей сабақтас.

Кәсіби мамандығын жан-жақты меңгерген педагог қана жоғары бағаланып, әріптестері мен шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленбек. Сол себепті педагогқа өзін көрсете білу, ұнау, өзі туралы жақсы пікір қалдырудың маңызы зор.

Егер оқушылар мұғалімнің жеке тұлғасына қызықпаса пәнге деген қызығушылығы да болмайды деген байламға келуге болады. Себебі, баланың өмірінің жартысы оларға білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар оларды тәрбиелейтін және жеке тұлға ретінде қалыптастыратын мектепте өтеді. Әлеуметтік және балалық шақтан алған әсерлер мен тәжірибелер үлкен өмірге өтуіне әсер етеді. Мұғалімнің жеке басы оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Ақпараттың басым бөлігін біз көру арқылы аламыз, сондықтан да мұғалімнің тартымды бейнесі өте

маңызды. Оған: ұқыптылық, іскерлік стиль, мәнер, әдеп, күлкі жатады. Ұстаз өзін қалай көреді және оны оқушылары қалай елестетеді? Мектеп әкімшілігі мен оқушылар сыйлау үшін және іс оңға басу үшін не істеу керек? деген мәселені нағыз ұстаз әрдайым жадында ұстап, өзін-өзі үнемі жетілдіріп, толысып отырады.

Сыртқы имиджді құраушылар:

- мимика,
- дауыс күші мен тембрі,
- костюм,
- қимыл,
- мәнер.

Сыртқы бейненің үйлесімді әсер қалдыру үшін вербалды және вербалды емес қатынас қажет:

- Мәнерлі сөйлеу;
- Көндіре білу;
- Стиль мен киім түсінің психологиялық әсерін білу;
- Тұрған тұрысқа, мимикаға және мәнерге көңіл бөлу;
- Шыдамдылық;
- Көргіштік.

Қазіргі біздің қоғамда ұстаздар өзі мәртебесін жоғалтып отыр. Кезінде мұғалім – асқан құрмет иесі болса, бүгін ол өз тұғырынан түсіп тұр. Қай заманда да, қандай ел болмасын елдің бесігін түзеп, болашағын жарқын етер ұстаздар қауымын лайықты жоғары құрмет жасалуы тиіс. Мемлекет тарапынан да, жеке адамдар тарапынан да, әрине. Мемлекет тарапынан мұғалімнің мәртебесін көтеру жұмыстары (бұдан бұрынғы мақалаларымызда айтып жүргендей әлеуметтік-экономикалық және құқықтық дәрежелерін әлемдік стандарт деңгейіне дейін көтеру) жүргізілсе, соған сәйкес қоғамның да ұстазға деген құрметі асатын болады.

Бірақ, ұстаздық имидждің және ата-аналар мен оқушылардың педагогқа деген көзқарасын тек экономикалық фактор ғана анықтай алмай-тыны рас. Осыған орай педагог та өз тарапынан педагогикалық этикасы мен эстетикасы үндесіп, үнемі жетілдіріп отыратын білім мен білік, жан-жақтылық, жоғары адамгершілік сыр-сипаттарымен астасқан маман иесі болуы тиіс.

Демек, педагогтың мәртебесі мен беделі оның жеке имиджіне де байланысты болмақ.

Мұғалімнің кәсіби имиджінің табысты болу құпиясы, сол мұғалімнің жасаған болмысы (имиджі) басқа адамдардың нағыз педагогтан күтетін ой-тұжырымдарымен сәйкес шығуында. Шынайылыққа сәйкес келмейтін имидждің еш маңызы болмайды. Педагог үшін, кәсіби маман ретінде қоғаммен етене байланысы өте маңызды. Сондықтан да, оның психологиясы мен имиджінің негізгі құрамдары болып:

- Өзіне деген сенім мен жоғары бағалаушылық;
- Әлемге позитивті көзқарас;
- Шынайы іске әлеуметтік және жеке жауапкершілік;
- Жаңа заман талабына сәйкес өзгерістерге бейімділік;
- Тәуекелдікке дұрыс бел буу болып табылады.

Мұғалімдік оның қалай көрінуінен басталады. Кәсібилілік имиджінің құрылымы келесідей компоненттерден тұрады:

- сыртқы мәдениеті
- іс жүргізуі қабілеті
- ішкі болмысы

Сыртқы мәдениетін: ым, ишарат, ырғақ және даусы қарқыны, киім киюі, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы құрайды.

Оқытушының сыртқы түрі сабақ барысында жұмысқа деген құлшыныстың болуы немесе болмауына әсер етеді. Педагогикалық қарым-қатынасты жеңілдететін не қиындататындай өзара түсінушілікке жол ашады, не керісінше кедергі болады. Оның оқушылармен, әріптестерімен қарым-қатынасында өзін табиғи ұстануына және шапшаң шешім қабылдауына көмектеседі.

Ішкі болмысын құрайтындар – адамның жалпы тұлға ретінде танытатын құндылықтарын, қызығушылығын, рухани және интеллектуалды дамуын сипаттайтын ішкі әлемі.

Педагогтың сыртқы мәдениетіне қойылатын талаптар.

Киім кию мәдениеті мұғалімнің визиткалық карточкасы болып табылады.

Киім кию стилі. Өте сәнді киімге қарағанда классикалық үлгідегі, бірнеше консервативті түр дұрыстау болмақ. Педагогтың сыртқы әлпеті ұқыпты, таза, жинақы, сымбатты болу керек. Мұғалімге қарап, кез келген адамның бойында автоматты түрде құрмет пен сенім ұялауы тиіс. Ал киімі ыңғайлы болуымен қатар, жалпы қабылданған әдептілік стандарттарына қайшы келмеуі қажет.

Киім үлгісі (стилі). Көптеген адамдар сәйкесінше орнықты, сыйлы киім үлгісіне қарап, сол адамды беделді мәртебелі кісі ретінде қабылдайды. Орнықты (сыйлы) киім үлгісі – бұрыштары айқын, созылған тіктөртбұрыштыға жақын киімдер (әйел адамдар мен ер адамдарға бірдей жарамды). Жемпір, спорттық тоқыма жылы киім (әсіресе, қалың), джинсы немесе жұмсақ материалдан жасалынған шалбар, желбіреген шілтерлі кең етеккі көйлек сияқты киімдер орнықты стильге жатпайды. Әдетте, адам болмысын домалақ қылып көрсететін мұндай элементтер сол адамның төмен әлеуметтік мәртебесін білдіреді.

Киім түрі. Мұғалім үшін мінсіз киім оқушылардың назарын киімнің ерекшелігін зерттеуге емес, оқу материалын терең меңгеруіне бағыттауға көмектеседі. Мұндай киімге іскери костюм жатады. Ол педагогтың өзіндік, кәсіби сипаттарына және оқушылармен қарым-қатынасының ресмилігіне ерекше көңіл аудартады. Іскери костюмге: костюм юбкасымен және жейде немесе әдемі, іскери көйлек жатады.

Киім түсі. Жалпы түсінік бойынша, қара, ақ және сұр түсті киімдер сол адамның мәртебесін басқа адамдардың алдында көтереді. Ал ашық түстердің үйлесімді гаммасы оқушылардың назарын мұғалімнің сыртқы түріне ғана аударады. Ең жақсысы жанға жағымды, көңілге қонымды түстерді тандаған дұрыс. Сонда оқушылардың назары оқу материалын меңгеруге аударылатын болады. Мұғалім киімінің дұрыс үйлесімді түстер гаммасы оқушыларымен және әріптестерімен өзара түсінушілік табуына көмектесуі мүмкін.

Іскери киімнің түстеріне: сұр, қара, қо-

ңыр, сарғыш, қара көк, қою қызыл түстер есептелінеді. Блузка мен жейденің түсі нәзік жағымды реңкті болғаны дұрыс. Жылтырлақ, былғары, жасанды материалдардан жасалған киімдерге жол бермеу керек.

Әшекейлер. Педагогтың бойындағы әшекей бұйымдар өте аз болғаны жөн. Олар көзге қатты түсетіндей жылтыраған немесе салмағы ауыр, көлемі үлкен, ұзын салпыншақ болып келмеуі тиіс. Орташа ұзындықтағы майда маржандардан жасалынған моншақ, бағалы металды нәзік сақина, шағын сырғаларды тағуға болады. Олай болмаған жағдайда, оқушылар сабақ оқығанның орнына, мұғалімнің керемет жаңа моншақтарын зерттеумен уақыттарын өткізетін болады.

Шаш үлгісі мен макияж. Олар әйел мұғалімге жинақылық пен рухани әсер беруі керек. Өте табиғи болғаны дұрыс. Макияж бен маникюр бейтарап реңкте таңдалынғаны жөн. Ал шаш үлгісі – жеткілікті дәрежеде қатаң, шаштың бояуы – табиғи.

Сәтті таңдалынған гардероб педагогтың сыртқы түрінің айналадағы адамдарға қолайлы әсер етуіне көмектеседі. Сондай-ақ, мұғалімнің кәсіби әрі өзіне ғана тән қасиеттеріне баса назар аудартады. Демек, педагогтың киімі эстетикалық жағынан әсерлі, әдемі, жарасымды болу керек. Педагогтың шаш үлгісі де, киген киімі де, таққан әшекейлері де балаға ықпал ету мақсатында таңдалуы тиіс.

Педагогтың жүзі жайдарлы, қозғалыстары жинақы болғаны дұрыс. Педагог өзіне-өзі сенімді болуы керек.

Педагогтың дене күйі, тұрған тұрысы:

- Түзу дене күйі – сенімділік, зеректік, кішіпейілділік;
- Оқушыларға теріс қарап тұрып сөйлеу – қызығушылықтың жоқтығы;
- Қырымен тұру – теріс, негативті қарым-қатынас;
- Сұрақ қойғанда алдыға қарай еңкею – дұрыс, оң қарым-қатынасты білдіреді.

Педагогтың іскерлік дағдылары мен кәсіби манерасы:

- Кәсіби біліктілік, ұқыптылық, іскерлілік;
- Басқа адамдардың уақытына, еңбегіне

деген құрмет;

-Өздігінен білім алуға деген қажеттілік: ғылыми-әдістемелік жаңалықтарға қызығушылық пен оны игеруге деген ынта;

-Оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен қарым-қатынас барысында іскерлік этикет пен кәсіби манерді, сондай-ақ, субординацияны сақтау;

-Сөйлеу барысында дұрыс лексиканы қолдануы, жаргон сөздердің болмауы;

-Оқушылардың көзінше мұғалімнің темекі шегуі, алкогольді ішімдіктерді қолдануы теріс әсер етеді.

Мұғалім үнемі өзінің дыбыстық имиджіне көңіл бөліп отыруы тиіс. Себебі, дауыс – мұғалімнің сабақ барысында, сабақтан тыс іс-шараларда, ата-аналар жиналысында, іскерлік кездесулерде басты еңбек құралы болып табылады.

Дикцияның дұрыс қойылуы, дауыс ырғағы, анықтығы, қаттылығы аудиторияны тыңдатуға, сол арқылы өзіне деген ілтипатты назар аудартады.

Арома-имидж. Әтір – адамның қандай әлеуметтік ортадан шыққанын білдіреді (мәселен қымбат иіс суларды кәсіпкер әйел адамдар қоладанады дегендей). Әтірдің иісі баланың санасына қатты әсер етеді. Балалар мұғалімінің әтірінің иісіне дағдыланып қалады. Сондықтан да, әтір қолданғанда абай болған жөн. Оқушыларға немесе әріптестеріне кері әсер ететіндей бас айналдыратын тым тәтті иістен аулақ болған дұрыс. Сондай-ақ, бөлмеден жағымды иіс шығуына есік-терезені ашып үнемі желдетіп отыруы, үй гүлдерінің көп болуы әсер етеді.

Балғындық иісті апельсин, лимон, лаванда, майқарағай эфир майларын пайдаланып жасауға болады.

Райхан, жалбыз, лавр, қалампыр, гүлшетен, кориандр, түймедақ, кедр, лимон иістері есте сақтау қабілетін жақсартады.

Қарағай, эвкалипт, герань, арша, жалбыз, гүлшетен, тимьян иістері психикалық қызметті белсендендіреді.

Аскөк, герань, тасшөп, арша, анис, жасмин, раушанның иістері тынышталдырады.

Эвкалипт, майқарағай, гүлшетен, шалфей, лимон иісі жүйке жүйесіне оң әсер етеді, бактерияға қарсы қасиеттері бар.

2. Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас әдебінде кәсіптік жауапкершіліктің көрсеткіштері де маңызды рөл атқарады. Олар:

- кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас;
- тәртіпті болу, өзіне және балаларға асқан жауапкершілікпен қарау;
- эмоцияналдық байсалдылық, әдептілік;
- ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас.

Педагогтың оқушыларымен ара-қатынасы – бұл әлеуметтік және адамгершілік санат. Ол көптеген маңызды факторларға сай қалыптасуымен қатар, соған тәуелді болады:

- адамның психикалық қалыптасуына;
- оның құндылық бағытына;
- білім деңгейі мен жалпы мәдениетіне;
- маңындағы әлеуметтік ортаның әсеріне;
- адамдардың беделіне (педагогтың қалыптасуына барынша ықпал еткен тәжірибелі педагогтардың өнегесі) [3].

Мұғалім мен оқушы арасындағы тікелей қарым-қатынасты ештеңе де ауыстыра алмай-тынын тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл үрдісте мұғалім тарапынан көбіне ақпараттық мәлімдеме басым болады. Сондықтан да, мұғалім тарапынан оқушыға қандай да бір қысым көрсетілген жағдайда, қарым-қатынас жоғалып, түсініспеушілік орын алады. Кей жағдайда мектеп мұғалімі өзінің оқушыға жасайтын психологиялық ықпалын ескере бермейді, ал бұл болса назардан тыс қалмайтын жағдай. Педагог әр баланың жүрегіне жол тауып, оның жан дүнесінің «құлпын» аша білуі тиіс. Ол өзінің бір ауыз сөзі бала өмірінде үлкен рөл атқаратынын және оны өмір бойы есіне сақтап қалатынын білуі керек [4].

Педагог пен оқушы қарым-қатынасының талаптарын қалыптастыру қажет десек, олар:

- сенімділік;
- баланы тыңдай білу;
- өз ара түсінушілікті негізге алу;
- іскери қарым-қатынас;
- ықпал етуден өз ара әрекет жасауға көшу қабілеті.

Бұл үрдерістің барысындағы ең маңыздысы мұғалімнің қарым-қатынас шығармашылығы болып табылады. Бірдей тапсырманы, бірдей әңгімені мұғалім әр түрлі ырғақпен, әр түрлі көңіл-күймен беріп, өткізе алады. Педагогикалық қарым-қатынастың маңыздылығын ескере отырып «Сыныпқа кіретін педагогқа бірнеше ереже» ұсыныбақшымыз:

- Мұғалім балалармен қарым-қатынасы туралы алдын ала ойлап, оны ойша құруы керек.

- Педагогикалық қарым-қатынас құру кезінде педагогикалық мақсатты ғана көздеп қоймай, баланың мүддесін де ескеруі тиіс.

- Педагогикалық іс-әрекетте қарым-қатынас жасаудың барлық түрлерін қолдану керек (ақпарат алмасу, өзара әрекеттестікті ұйымдастыру, баланың тұлғалық қасиеттерін аша білу, оған ықпал ету және т.б.).

- Қарым-қатынас жасау арқылы шешетін мәселені айқын және нақты тұжырымдап алу.

- Қарым-қатынас жасаудың стратегиясы мен әдіс, жолдарын ойластырып алып, баланың санасы мен мінез-құлқына ықпал ететін әдістерді таңдап отыруы керек.

- Тәрбиеленушілермен қарым-қатыста тілдесуді «тік», жоғарыдан төменге қарай емес (педагог баладан биік), керісінше, «көлденең» (педагог пен оқушы бірдей) дәрежесінде ұйымдастырған жөн.

- Балалармен қарым-қатынас жасауда олардың көңіл-күйін түсінуге талпыну керек, сыныптағы климаттың кішкентай болса да өзгерістеріне назар аударып тұрған дұрыс.

- Тілдесу кезінде мұғалім өзін еркін ұстауы тиіс, ешқандай бөгеліп қалушылық, бейберекет қозғалыс, бос күлкі болмау керек;

- Кейбір оқушыларға деген келеңсіз ойларын қарым-қатынас барысында көрсетпеуге тырысу керек.

- Мұғалімнің сөзі бір балаға немесе балалар тобына нақты бағытталуы қажет.

- Қарым-қатынас «билік» түрінде құрылмауы тиіс. Ең кішкентай сәбидің де қарым-қатынаста өз еркіндігіне талпынатыны әрқашан есте болғаны жөн.

- Балалар ұжымындағы психологиялық

атмосфераны тани білуі баламен қарым-қатынасқа көмегін тигізеді.

- Оқушыларды ести және тыңдай алу керек.

- Оқушылардың мұғаліммен тікелей қарым-қатынасы кезінде олардың көңіл-күйін сезе білуі тиіс.

- Балалар арасында теке-тірестер орын алуы әбден мүмкін екенін және мұғалім өзінің педагогикалық дәрменсіздігі арқылы оны ушықтырып алуға болатынын ұмытпағаны абзал.

- Баланың қателігін айту кезінде әдептілік танытқаны дұрыс.

- «Қиын» мәселелерден аулақ болу үшін «неге?», «не үшін?» деген сұрақтан бастағаны жөн.

- Қарым-қатынас барысында бастамашыл болғаны дұрыс.

- Қарым-қатынас кезінде әсіресе қыздарға көңіл бөлінуі қажет. Олар мейлінше нәзік, әрі эмоцияға жақын.

- Балармен қарым-қатынас кезінде бір қалыпта (тура жоспар бойынша) әрекет жасаудан аулақ болуы керек.

- Кейбір балаларға деген жеккөрініш сезімінен аулақ болып, оны жеңе білуі мұғалімнің педагогикалық шеберлігін білдіреді.

- Конструктивті бастамасыз жасалған жұмыс (тек қана сынау) еш нәтиже бермейді.

- Балаларға жиі күлімсіреу қажет. Күлкі балалармен тілдесуге, қарым-қатынас жасауға көмектеседі.

- Оқушының «жүзіне қарап оқи алу».

- Оқушылармен ерекшеліктеріне орай байланыс жасай алу.

- Балаларды жиі қолдап, мадақтап, мақтап отыру.

- Оқушы мұғалімінің өзіне қалай қарайтындығын білуі тиіс. Баланың тәртібіне берген баға оның мұғалімге деген қарым-қатынасын қалыптастырады.

- Әр әңгімеге дайындалып, әңгімелесу стратегиясын құру керек.

- Балалардың өсіп келе жатқаны және олардың алғашқы тәртібі өзгеріп отыратыны әрқашан есте болғаны жөн.

• Мұғалім мен сыныптың, тәрбиеші мен топтың арасында кедергілер орын алуы мүмкін. Бұл арада топтағы, сыныптағы, балалар арасындағы әлеуметтік-психологиялық жағдайды ескеру керек.

• Сонымен қатар, ынталандыру, жазалау және мадақтау тәсілдерін пайдалана отырып, мұғалім әр балаға қатысты ерекше әдепті болуы тиіс. Оқытушыны ұжымы қолдамағанда немесе оқушылар бұл мақтау негізсіз деп есептеген жағдайда мадақтау әдепсіздік. Жаза қолдану кезінде тәрбиеленушіге құрмет пен талапты біркелкі қоя білу өте маңызды. Оқушы қылығына ренжуге, әсіресе бар ашуды баладан алуға, жеке басын қорлауға жол берілмеуі тиіс.

Кәсіби этика әріптестерімен және басқа адамдармен түрлі жағдайларда, ресми және бейресми қарым-қатынастар барысында көрінетін маманның жалпы мәдениеттілігі деңгейінің жоғары болуын көздейді. Демек, педагогтың өмірінде қарым-қатынас мәдениеті ерекше рөл атқарады.

Әдепті және қарым-қатынас мәдениетінің негізгі талаптарын білу педагогтың өзіне де, өзі оқытып, тәрбиелеп жатқан балаларға да қажетті.

Педагогтың бойында болу керек қасиеттер:

- Өзін-өзі табиғи ұстау;
- Жылы шырайлылық. Мұндай мұғаліммен тез тіл табысады;
- Өзіне сенімділік;
- Мейірімділік;
- Балаларға деген шынайы махаббат;
- Эмоционалдық байсалдылық;
- Адамды өзі туралы әңгімеге жеңіл тарта алушылық;
- Жиі табиғи жымыю;
- Әділдік;
- Балаларға деген зейін;
- Қайырымдылық;
- Сергектік;
- Өмірді сүйгіштік;
- Тіл табыса білу, бәрімен араласа білу;
- Жігер;
- Жақсы әзіл сезімі бар;
- Өткір сөз иесі және ойына түйгенінің

бәрін анық бере алуы;

- Оқушылар мен әріптестеріне жиі қошемет білдіріп отыру;
- Этикет нормаларын жақсы меңгерген;
- Өзіне өзі сыни тұрғыда қарай алушылық;
- Өзінің кейбір келеңсіз жайттарына жеңіл әзілмен қарай алуы;
- Жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын;
- Жаратылысынан игі істерге ынтызар;
- Әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көруі;
- Адам мүмкіншілігінің шектеулі екендігін, кей сұрақтарға ешқашан жауап ала алмайтындығын білуі.

Педагогтың бойында болмау керек қасиеттер:

- Сауатсыздық;
- Адам жанын түсіне алмаушылық;
- Дөрекілік;
- Оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдамау, сыйламау;
- Әділетсіздік;
- Бірбеткейлік;
- Өзін-өзі ұстай алмауы;
- Шыдамсыздық пен тағатсыздық;
- Әдепсіздік;
- Балаларға немқұрайлы қарау;
- Өзінің пәніне немқұрайлы қарау.

Адамдармен жақсы қарым-қатынас құру мұғалімнің кәсіби қасиеті – оқушыны тыңдай, ести білуіне тәуелді. Педагогтың ең маңызды кәсіби қасиетінің бірі – көшбасшылық қабілетінде.

Педагогикалық этикада ұстаздың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз мұғалімнің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады.

3. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті, тіл шеберлігі педагогикалық техниканы талап етеді. Яғни,

педагогтың бойындағы тәрбиеленушілерге ықпал жасайтын икемділіктер кешені төмендегідей:

- дұрыс және мәнерлі сөйлеу икемділігі (сөйлеу мәдениеті, оның эмоционалдық мінездемесі, интонация, сенім туғызуы);
- жест және мимиканы, пантомимиканы қолдана білу икемділігі;
- өзінің психикалық жағдайын: сезімдерін, көңіл-күйін басқара алу икемділігі;
- өзін-өзі сырттай көре алу икемділігі (әлеуметтік перцепция).

Сөйлесу кезінде қолын айқастырмай, аудиторияға бетімен бұрылып тұруы, араларындағы қашықтық үлкен болмауы керек. Сөйлеу кезінде оңға, солға емес, керісінше алдыға, артқа қозғалған дұрыс. Алдыға қозғалғанда айтып тұрған ақпараттың маңыздылығын күшейтіп, ал артқа қозғалғанда тыңдаушыларға кішкене дем алуға мүмкіндік берілуі ескерілуі керек.

Мимика – беттің қимылдары арқылы өз сезімін, ойларын көңіл-күйін көрсету өнері. Сөзге қарағанда бет-әлпет, көзқарас адамдарға көп әсер береді. Мимика ақпараттарды жақсы қабылдатуға көмектеседі.

Педагогикалық техника педагог іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің үйлесімді бірігуіне ықпал жасайды.

4. Мұғалім келесі адами қасиеті сипаттары қағидаларын басшылыққа алуы тиіс:

- Балаларға әрқашан сенім көрсету;
- Оқушыларға оқытудың мақсаттары мен міндеттерін белгілеп, нақтылауға көмектесу;

- Оқушылардың оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беру;

- Әр түрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде, оқушы қиындыққа кездескенде әрқашан кеңес алуға болатын тұлға болу;

- Балалардың, әріптестердің ішінде өз сезімін ашық білдіру;

- Әрбір оқушының сезімі мен көңіл толқуларын түсінуге мүмкіндік беретін эмпатиялық дәрежеге ұмтылу.

Сонымен, ойымызды қорытатын болсақ, егер де кез келген мұғалім ынта-ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.

«Ұстазы жақсыдан ұстамы жақсы оқушы шығатынын» естен шығарауымыз керек. Өйткені, оқушының бойына шынайы білім мен білік дағдыларын дарытып, зердесіне ғылым негіздерін тоқыта алған, әр оқушыны өзіне жақын тартып, тәрбиеге баулып, үйренген нәрселерін өмірде, іс жүзінде қолдана білуге дағдыландыратын, педагогикалық этикеті мен эстетикасы астасуы арқылы оқушыларына үлгі бола алған адам ғана нағыз ұстаз болмақ!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика». – Алматы, 1998.
2. ХХІ ғасыр мұғалімі қандай болу керек? // Мұғалім әдіскер. – 2004. – № 4.
3. Жарықбаев Қ.Қ., Қалиев С.Қ. «Қазақ тәлім-тәрбиесі». – Алматы, 1995.
4. Нуриев М.А., Садыкова А.Е. Қазіргі заман мұғалімінің болмысы. // Ұлттық тәрбие. – №4(36)2016. – 6-11 бб.

МРНТИ 14.01.07

ПЕДАГОГТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БІЛІМДЕНДІРУДІҢ ЖОЛДАРЫ

М.А. Нуриев

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының
директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

Д.М.Советканова

Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының
аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі

Мақалада педагогтардың өзін-өзі кәсіби жетілдіру мен дамытудың жолдары мен алғышарттары сипатталады. Педагог бүгін педагогикалық өзара әрекет етудің ерекше кәсіби технологиясын меңгеруімен, кәсіби және тұлғалық өсуге тұрақты қажеттіліктің негізі ретінде анықталады. Мақалада педагог субъектілігінің (яғни өзін-өзі дамыту қабілеті) құрылымының негізгі компоненттері көрсетіледі.

Кәсібилік – ұстаздың психологиялық-педагогикалық, ғылыми-пәндік білім-біліктің мәдени-адамгершілік ұстанымдарымен үйлесудің жоғары деңгейі.

Түйін сөздер: педагог, біліктілік, өзін-өзі дамыту, сауаттылық, кәсіби құзыреттілік, рефлексия.

Стратегия современного педагогического образования зависит во многом от профессионально-личностного развития и саморазвития учителя. Это проявляется в различных аспектах, а именно – в способности к самостоятельному осмыслению и трактовке педагогических процессов; в целесообразности, обоснованности, свободе действий в ситуациях воспитания и обучения; в оригинальности выбора и сочетания средств, форм, позиций, приемов деятельности; в умении осознанно влиять на изменение ситуации, в которой эта деятельность осуществляется.

Ключевые слова: педагог, навыки, умения, саморазвитие, профессиональная компетенция, рефлексия.

The strategy of the modern teacher education depends largely on the professional and personal development and self-development of the teacher. This is reflected in various aspects – namely, the ability to self-understanding and interpretation of the pedagogical process; the appropriateness, validity, freedom of action in situations of education and training; originality in the selection and combination of tools, shapes, positions, methods of work; the ability to deliberately influence the change in the situation in which this activity is carried out.

Keywords: teacher, skills, abilities, self-development, professional competence, reflection.

«Қазіргі әлемде жайғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс», - деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев білім, ғылым саласының алдына нақты міндеттер қойды. Сауатты елге айналуымыз үшін жас ұрпаққа берілетін оқу мен тәрбиені дұрыс жолға қойып алуымыз керек. Бұл жерде дұрыс

жолға қою деп отырғанымыз – балаға білім беретін мұғалімдерге жағдай жасап, біліктілігі мен білімділігін арттырып, дамыту үшін, ұстаздың қоғамдағы беделін көтеру мәселелері.

Бүгінде әлемдік тәжірибеде қалыптасқан мынандай тұжырымдама бар. Озық елдер өздерінің білім саласындағы жетістікке жетуін негізгі үш міндетпен байланыстырады [1]. Олар:

-ұстаздардан әрбір балаға тең дәрежеде көңіл бөлуді талап ету;

-педагогикалық кадр құрамының кәсіби деңгейінің жоғары сапасын үнемі бабында ұстау;

-мұғалімдік қызметке барынша дарынды жандардың тартылуына көңіл бөлу.

Бізге де осынау ұстанымдарды әркез есепке алу артықтық етпейді. Өйткені, білім игеру – айтуға оңай болғанмен, жай міндет емес. Шешімі жан-жақты әрі жүйелі жұмыстың нәтижесіне байланысты.

Бұл ретте, барлық үміт – ұстаз бойындағы міндетте. Осы көрсетілген міндеттердің ішінде педагогикалық кадр құрамының кәсіби деңгейінің жоғары сапасын үнемі бабында ұстауы үшін қажетті жағдайлар мен шарттарды ашып көруге тырысайық. Себебі, қоғам педагогқа үлкен үміт артып, ел тағдырын сеніп тапсырып отыр. Осындай күрделі мәселенің шешімін табу жолында педагогика ғылымының көптеген ғалымдары талмай ізденіп, зерттеулер жүргізіп, өз кезегінде білім беру саласына жаңалықтар мен өзгерістер енгізуде. Ал педагогтар болса, өз педагогикалық іс-әрекетінде сол жаңалықтарды, инновациялық технологияларды, әдіс-тәсілдерді жете ұғынып, тәжірибеде ұтымды, кәсіби қолдана білулері керек.

Кәсібилік – ұстаздың психологиялық-педагогикалық, ғылыми-пәндік білім-біліктің мәдени-адамгершілік ұстанымдарымен үйлесудің жоғары деңгейі. Кәсіби құзыреттілік – өз бетінше және жауапты әрекет жасауға мүмкіндік беретін белгілі бір психикалық жағдай, арнайы білімнің болуы, жалпы және арнайы эрудицияның болуы, ғылыми-кәсіби дайындығын үнемі жетілдіру, күнделікті іс-әрекетте міндеттерді шешу үшін еңбек субъектісінің кәсіби дайындығы және қабілеті. Ал, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижесін қамтамасыз ететін шешуші фактор болып табылады [2]. Бүгінде педагогтың өз қызметіне қатысты инновацияларды, технологияларды, өзгерістерді жақсы меңгергендігі кәсіби құзыреттілігінің көрсеткіші ретінде сипатталады. Ал білім беру мекемесінің жетекшісі білім беру үрдісінде игерілген тәжіри-

бенің тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін мониторинг технологиясын жақсы меңгеруі керек. Қазіргі таңда мұғалімге білімді механикалық түрде беруші немесе білім трансляторы ретінде қарамайды. Мұғалімнен бүгін педагогикалық өзара әрекет етудің ерекше кәсіби технологиясын меңгеруді, кәсіби және тұлғалық өсуге тұрақты қажеттіліктің болуын талап етеді. Кез келген педагогқа кәсіби және тұлғалық өсудің бірден бір жолы – кәсіби өзін-өзі білімдендіру екенін түсінгені дұрыс. Себебі, ұстаздың жеке тұлғалық қасиеттері педагогикалық іс-әрекеттің ішкі мазмұнын құрап, шебер-ұстаз болып қалыптасуға аса қажет.

Біздің осы мәселені көтеріп отырған себебіміз, қазіргі таңдағы көптеген педагогтардың өзінің кәсіби жетілуіне көп мән бермейтіндігінде. Оны әртүрлі жағдайлармен байланыстырып жатады. Дегенмен, жоғарыда айтып кеткен қоғамымыздағы шешімін күтіп тұрған мәселелер ешқандай сын көтермейді.

Егер педагог өзінің оқытатын ғылым негізі бойынша біліміндегі кемшілік тұстарын байқамаса, өз педагогикалық құралының жеткіліксіздігін көрмесе, оның кәсіби өзін-өзі жетілдіруі мен өзін-өзі тәрбиелеуі тіптен мүмкін емес. Кез келген педагог өзін-өзі кәсіби жетілдіру мен дамытуға кіріспес бұрын, іс-әрекетінің қандай да бір өткен кезеңіне талдау қорытындыларын жасап отыруы керек [3].

Педагог субъектілігінің (яғни өзін-өзі дамыту қабілеті) құрылымының негізгі компоненттерін төмендегідей жіктеп тізіп көрейік [4]. Олар:

- 1) Белсенділік;
- 2) Рефлексияға қабілеттілік;
- 3) Таңдау еркінділігінің болуы және оған жауапкершілік;
- 4) Субъектінің бірегейлігі (уникальность);
- 5) Басқаны түсініп қабылдау;
- 6) Өздік даму.

Осы аталған компоненттердің барлығы да педагогтың өзін-өзі білімдендіру, өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби даму үрдістері болып табылады.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеудің негізінде,

басқа да әрекеттер сияқты, белсенділіктің көздері мен мотивтерінің жүйесі жатыр. Педагогтың өзін-өзі тәрбиелеуінің қозғаушы күштері өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілік болып табылады. Осы тұста қажеттіліктің, яғни, қоғамның педагогқа қоятын және оның бойындағы қалыптасқан кәсіби-тұлғалық даму деңгейіне қойылатын талаптар арасындағы қарама-қайшылығын шешу қажеттілігінен, өзінен-өзі қалыптаспайтынын айта кету керек.

Кәсіби даму (лат. *profiteor* – өз ісімді хабарлаймын) – еңбек әлемінде, соның ішінде жекеленген кәсіби рөлдердің, кәсіби мотивацияның, кәсіби білімдер мен дағдылардың әртүрлі аспектілерін игеруге бағытталған адамның онтогенезде болып жатқан әлеуметтену үрдісі. Кәсіби дамудың негізгі қозғаушы күші әлеуметтік топтар мен институттарға идентификациялану негізінде әлеуметтік контекстке интеграциялануға тұлғаның талпынысы болып табылады.

Кәсіби даму нәтижесінде адамның өзінің барлық өмірінің барысында өз кәсіби дағдылары мен іскерліктерінің деңгейін және сапасын сақтауға мүмкіндік алатын үздіксіз үрдіс.

Ал білім берудің дәстүрлі жағдайында педагог тек педагогикалық әрекетті қатаң жүзеге асырушы ретінде болады. Осыдан келіп педагогтың кәсіби дайындығының да мақсаты өзгереді. Ол кәсіби білім, іскерлік, дағдылардан басқа (кәсіби құзыреттілік) педагогтың жалпымәдени дамуын, тұлғалық ұстанымдардың қалыптасуын (педагогтың педагогикалық іс-әрекетке мотивациялық – бағалы қатынасын) қамтиды. Бұл бірлік – қасиеттердің жиынтығы емес, сапалы жаңа білім ретінде көрінеді. Ол педагогтың тұлғасының даму деңгейін сипаттайды.

Психологтар кәсіпке «ену» дегеніміз бұл – «суперроль», «өсу», адамның өмірінің бейнесі мен стилін анықтау дейді. Адамның жалпы қанағаттануы көп жағдайда онда іргелі қажеттіліктерінің қаншалықты болуына байланысты: шығармашылық өзін-өзі жетілдіру қажеттілігі, қоршаған ортадағы референтті тұлғалардың жекелік құндылықтарын түсінуі

мен мойындауы, өзін-өзі дамыту және даму қажеттілігі және тағы басқа.

Әр адам тек өз жұмысын орындауы және «тек өмір сүруі» мүмкін емес, ол өз жұмысы немесе кәсібі, өзі немесе өз әрекеттері кәсібінде белгілі орын алатындай мақсат қоюы тиіс. Осындай жағдайда ғана тұлғалық және кәсіби қасиеттері мен кәсібі арасында қайшылықтар болмайды, болашақта кәсіби іс-әрекетінде құнды қатынастарды күтуге болады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғалық даму мен тұлғаның кәсіби өсуінде бірлік байқалады.

Кәсіби дамуда педагогтың кәсіби өзіндік даму мен өзіндік білім алу психологиясы ерекше. Әр педагог өзін іштей үнемі оқуға, ізденуге итермелеп, дайындап отыру керек. К.Д.Ушинский айтқандай, «мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады». Өмірдің өзі педагогтың алдындағы күн тәртібіне педагогикалық білім берудің үздіксіздігі мәселесін қойып отыр [5].

Өзін-өзі білімдендіру мен өзін-өзі тәрбиелеудің тағы бір жолы – жұмысты ұзақ уақыт бойына және қысқа уақытқа іс-әрекетті жоспарлау керек.

Ол үшін педагог өзінің кәсіби жоспарын төмендегідей құруы қажет:

- *мәселелер мен қарама-қайшылықтарды айқындау;*
- *мақсаттар мен міндеттерді белгілеп, оны жүзеге асырудың жолдары мен құралдарын анықтау;*
- *әдістемелік және диагностикалық инструментарияны өңдеуді жоспарлау;*
- *күтілетін нәтижені болжау.*

Педагог өзін-өзі тәрбиелеуде алдына мақсат қою үшін өзінің әлсіз және күшті жақтарын білуі керек. Ол үшін, жоғарыда айтып өткендей, өзін-өзі танудың маңызды әдісі – өз тәжірибесінің жағымды және жағымсыз жақтарын талдап, басқалармен салыстыру қажет.

Өзін-өзі білімдендіруді реттеу мақсатында қазіргі таңда педагогтар арасында портфолио дайындау кең таралып жүр. Портфолионың негізгі мақсаты – педагогтың өзін-өзі білімден-

діруі бойынша жұмысын, оның іс-әрекет сипатын бағалау, педагогтың шығармашылық және кәсіби өсуін қадағалау, рефлексия дағдысының қалыптасуына жағдай жасау болып табылады. Портфолионың жобасын құру әр педагогтың жекелік ерекшеліктеріне байланысты. Маңыздысы, педагог өз жұмысын, өзінің нәтижелерін талдай отырып, педагогикалық жетістіктерін жалпылай және жүйелей алуы қажет, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалап және қиыншылықтарды жеңу тәсілдерін көре білуі керек, сонымен қатар одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізуге тырысқаны дұрыс [6].

Қорытындылай келе, педагог ең алдымен

зерттеуші екенін еш уақытта жадынан шығармауы тиіс. Себебі, педагог зерттеуші ретінде өзінің педагогикалық қызметінде қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оны шешуге деген қажеттілік туындайды. Жұмысқа шығармашылықпен қарау, шабыттану – зерттеушіліктің қозғаушы күші болып табылады. Педагогикалық инновацияның дамуына байланысты, педагогикалық эксперимент жүргізе отырып тіпті жас педагогтар да өзінің зерттеушілік қабілетін дәлелдей алады. Сондықтан, педагогикалық негізгі міндеттерінің бірі методикалық мәдениет арқылы өзін-өзі дамыту болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Советканова Д.М., Садыкова А.Е. Негізгі орта мектептің білім беру жүйесін жетілдірудің жолдары // Ұлттық тәрбие. – 2005. - № 3. 23-28бб.
2. Синенко В.Я. Профессионализм учителя // Педагогика. – 1999. - № 5. - С. 45-51.
3. Маркова А.К. Психологический анализ профессиональной компетентности учителя // Советская педагогика. - 1990. - № 8.
4. Лотова И.П. Психологические условия эффективности профессиональной деятельности работников социальных служб. – М.: Издательство МГСУ «Союз», 1999.- 127 с.
5. Зверева В.И. Диагностика и экспертиза педагогической деятельности. - М., 1998.
6. Коджаспирова Г.М. Культура профессионального самообразования педагога. - М., 1994.

МРНТИ 14.07.05

ЖАСТАРҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Ш.Т. Таубаева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының п.ғ.д., профессоры

С.Т. Иманбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ, педагогика кафедрасының п.ғ.д., профессоры

К.М. Солтанов

педагогика магистрі, полковник

Мақалада жастарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің тарихи негіздері, халықтың рухы, оның тарихы мен педагогикалық идеяларының ойшылдар мен ағартушылардың тарихи мұраларынан бастау алатыны жан-жақты қарастырылады. Халықтың ғасырлар бойғы ұрпақ тәрбиелеу тәжірибесі, оның рухының мәнін сипаттайтын ауыз әдебиеті, ұлттық мінез-құлық, мәдениеті бүгінгі жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын қайнар көздер ретінде сипатталған. Қазақтың рухани қазынасымен молыққан тәрбиелік тұжырымдардың қазақ халқының әлемдік тарихта біртұтас ұлт болып қалыптасуына әсерін тигізетін маңызды фактор екендігі көрсетілген.

Тірек сөздер: рухани-адамгершілік тәрбие, рухани құндылық, рухани мұра, тарихи негіздер, тарихи мұра, ұлттық мінез-құлық, ұлттың біртұтастығы.

В статье всесторонне рассматриваются исторические основы духовно-нравственного воспитания, дух народа, его история и педагогические идеи, исторические наследия мыслителей и просветителей, как источники духовности воспитания. Раскрыты многовековой опыт народного воспитания, фольклор, характеризующий поведение, культуру как основы духовно-нравственных ценностей. Также изложена значимость богатого духовного наследия в качестве воспитательных назиданий, влияющих на формирование целостности казахской нации в контексте мировой истории.

Ключевые слова: духовно-нравственное воспитание, духовная ценность, духовное наследие, исторические основы, историческое наследие, национальный характер, целостность нации.

The article thoroughly discusses the historical foundations of spiritual and moral breeding, the spirit of the nation, its history and pedagogical ideas, historical heritage of the enlighteners and thinkers as a source of spiritual education. Centuries of experience in national breeding, folklore, describing the behavior and culture as the basis of spiritual and moral values are disclosed in it. Also the importance of the rich spiritual heritage as a breeding edification, influencing the Kazakh nation integrity formation in the context of world history is expounded.

Keywords: spiritual and moral breeding, spiritual values, spiritual heritage, historical foundations, historical heritage, the national character, the nation integrity.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауда қазақстандық

қоғамда рухани-адамгершілік құндылық бағдарларын қалыптастыру қажеттілігі баса айтылған. Адам мен қоғамның өміріндегі

құндылықтардың маңызын сонау антикалық дәуірдің философтарынан бастап сезіне бастаған болатын [1].

Рухани-адамгершілік тәрбиенің тарихи негіздері Ежелгі Грек ойшылдары адамның мейрімділік, ізгілік, жан және тән

сұлулығы, әділдік сияқты қасиеттерін біріктіретін құндылықтардың ортақ ұғымының болатындығын бағамдай алған. Сократ әділеттілік, қаһармандық, бақыт, қайырымдылық сияқты аксиологиялық ұғымдарға анықтама берді. Ол «...бірінші кезекте адам рухы, табиғат, білімділік» дей келе, өз еңбегінде адамның рухани құндылықтарына ерекше мән бере отырып, «...мейірімділік пен зұлымдық арасында дұрыс таңдау жасау және әлеуметтік ортада өз орнында таба білу» ұғымдарына көңіл бөлсе [2], Платон сұлулық, жарасымдылық, адалдық сияқты ұғымдарды ортақ ізгілік бастауларына жинақтады [3]. Аристотель өзінің «Үлкен этика» еңбегінде құндылықтарды жеке-жеке топтастырып, бағалы қазыналарға (жан, ақыл, құдайдың сыйлары); мақтаулы қазыналарға (мадаққа жеткізетін игі істер); мүмкіндік қазыналарына (билік, күш, сұлулық); басқа қазыналардың бастаулары болып табылатын қазыналарға (мысалы, денсаулықты нығайтатын дене жаттығулары) бөледі. Аристотель оқымысты, білімді адамның үнемі қайырымды, мейірімді бола бермейтіндігін алдыға тарта отырып, тұлғаның ізгілікті іс-әрекеттерін дамытуға ерекше маңыз береді [4]. Аталмыш ойшылдардың мұраларындағы бұл құндылықтар рухани-адамгершілік тәрбиенің бастаулары ретінде кейінгі ғалымдардың зерттеу еңбектеріне негіз болды.

Бүгінгі Қазақстан аумағының Жетісу өңірінде XI ғасырда өмір сүрген аса көрнекті ойшыл Ж.Баласағұн рухани-адамгершілігі кемел адам туралы ой толғауында «антына адал, уәдесіне берік адам – өз бақытының қожасы. Бұл үшін ол өз бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді үнемі қалыптастырып отыруы тиіс» деп сипаттайды. Аталмыш ойшыл сонымен қатар адамның ішкі жан-дүниесіне, сезімдік, эмоционалдық көңіл-күйіне ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. «Жақсы адамдардың басты сипатының бірі сезімталдық, ішкі рухани өмірінің әсемдігі, жан-дүниесінің сұлулығы. Адам өзінің ақыл-парасатымен қатар сезім дүниесін де билеп игеруі керек, яғни ол өз көңіл-күйінің де

қожасы. Сүлесок, көңілсіз, енжар адам – әлі де болса тәрбиесі жетіспеген адам. Осындай кемшіліктерден адам бір өзі жапа шекпей, өзін қоршаған адамдар алдында да айыпты болып саналады» дейді [5]. Ойшылдың осы айтқандарынан адамзат баласының шынайы рухани-адамгершілік мінез-құлқының ақыл-ой, сезімімен үйлесім табуын қарым-қатынас барысында жеке адамның өзін-өзі ұстай білуіне, мінез-құлқына байланысты болады деген пікірде болғанын аңғарамыз.

Адамгершілік сферасы мен табиғат сферасын (еркіндікті қажеттіліктерге) қарсы қоя отырып «Құндылық» ұғымын ғылыми айналымға енгізуге алғашқы талпынысты неміс ғалымы И.Кант жасады. Өз еңбегінде ол құндылықтар мен нормалардың ара жігін ажыратып берді. И.Канттың берік ұстанған қағидасы бойынша – егер адамның қандай да бір игі іс-әрекетінің қозғаушы күші тек өзінің еркі болатын болса, онда ол барлық құндылықтардың эталоны болатын моральдік құндылық болып табылады.

Рухы биік, адамгершілігі асқақ ұлтымыздың ұлдарын отаншылдыққа, рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде ежелден от ауызды орақ тілді би-шешендердің, жыршы-жыраулардың, ақындардың, әншілер мен күйшілердің орындары ерекше болып келген. Сонау Кетбұғы, Қорқыттан бастап Құрманғазылардың күйлері, авторлары ұмытылып халықтың меншігіне айналған эпикалық жырлар, шешендік сөздер – осылардың барлығы руханилықтың тарихи үлгілері болып табылады. Халықтың арманындағы тұлғалық бейнелер фольклорда, аңыз әңгімелер мен дастан-жырларда бойын кернеген қуат-күшімен қатар рухани кемелденген кейіпкерлер түрлерінде көрініс тауып отырған. Осындай халықтық жауһарлар ғасырлар сынынан өткен қомақты тәжірибе, рухани мұра ретінде бүгінгі жастарды тәрбиелеуге де үлес қосуы тиіс деп есептейміз.

Ұлттың мінез-құлқын, мәдениетін, рухани-адамгершілік құндылықтарын бүгінгі ұрпаққа жеткізген бірден-бір дерек көзі де жыраулар мен жыршылардың баға жетпес асыл қазына,

әдеби мұралары. Халықтың рухы, оның тарихы мен поэтикалық формадағы педагогикалық ойы туралы білімдерін кейінгі ойшылдарымыз бен ағартушыларымыз қазақ эпосынан алған. Сондықтан да көптеген бай халық ауыз әдебиеті ескерткіштерінің арасынан эпостың алатын орны ерекше. Эпос – ауыздан ауызға жетіп, ғасырлар тезінен өнделген көне көркем шеберлік, эпикалық шығармаларда көрініс тапқан халықтың ғасырлар бойғы өмірлік, ұрпақ тәрбиесіндегі тәжірибесі, оның рухының мәнін сипаттайтын, поэтикалық қалыпта айтылатын ауызша тараған тарихы. Қазақтың рухани мұрасының бай қазынасымен молыққан тәрбиелік тұжырымдары қазақ халқының әлемдік тарихта біртұтас ұлт ретінде ұйылуына әсерін тигізді. Қазақ қоғамының сапалы өзгешелігі өмірдің рухани-адамгершілік құндылықты мәнісінің басқа қоғам болмысымен салыстырғанда үлкен мәнге ие болатынын ашып көрсету мүкіндігімен ерекшеленеді. Бұны қазақ қоғамының этикалық бастауларының ежелден күнделікті тыныс-тіршілікте табиғатпен етене байланыста болуынан деп түсінеміз. Қазақ руханиятындағы әрбір шынайы өнер туындысы ұлттың рухани әлемін жаңа рухани күшке, рухани атмосфераға айналдырғанын байқаймыз. Ондай деңгейге көтерілмеген, бұл күнге дейін жетпеген, болашаққа жаңа ұрпақтармен бірге бармайтын туындылар – жалған құндылықтар, үйлесімділікті шайқалтушы теріс дүниелер. Негізгі саралаушы, електен өткізуші уақыт, абыз тарих. Сондықтан халық шығармашылығының, ұлы кемеңгерлер туындыларының құдіретті күші бар. Ұлт мәдениетінің, руханиятының жарқын үлгілерін жас ұрпаққа жалғастырмау, орта жолда жоғалту, тіпті жеткілікті деңгейде қадірлемеу адами қалыптасуға қарсы жасалған, бабалар алдындағы қылмыс ретінде бағалануы тиіс.

Отан қорғаушылардың отаншылдық, ұлтжандылық, рухани-адамгершілік тәрбиесінің ұлттық тәжірибесі туралы сөз қозғағанда XV-XVII ғасырларда ру-тайпалар бірлестігінен біртұтас қазақ хандығы құрылып, феодалдық

мемлекеттің нығая бастаған кезеңінде туы ерекше желбіреген, елге ұйтқы, ер-азаматқа ақылгөй болған жыраулар поэзиясын үнемі есімізде ұстауымыз қажет. Олардың ерен еңбектері жайлы Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны» атты туындысында жан-жақты баяндалды [6]. Жыраулар ел басына төнген қиын-қыстау заманда, Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, жоңғар-қазақ ұрыстары тұсында сарбаздардың намысын жанып, рухын көтерді. Өйткені, жыраулық пен батырлық – халқымызда ажырамас егіз ұғым. Олар қолына домбырасын алып, данагөйлікпен, ақыл айтумен, жұртты ел қорғауға шақырумен шектеліп қалмай,

«Жауға шаптым ту байлап, шепті бұздым айғайлап.

Дұшпаннан көрген қорлықтан жалынды жүрек қан қайнап,

Елді-жұртты қорғайлап, өлімге жүрміз бас байлап!» - деп Ақтамберді жырласа;

«...Мен көлікке қосымды артқанмын, көмбідей ару жайларға,

Күректей мұзды тоңдырып, кірмембес ауыр қолға бас болып,

Күңіреніп күн түбіне жортқанмын!...

Арғымаққа оқ тиді қыл майқанның түбінен.

Аймадетке оқ тиді отыз екі омыртқаның буынынан.

Зырлап аққан қара қан тыйылмайды жонның уақ тамырдан.

Сақ етер тиді саныма, сақ сырым толды қаныма.

Жара бір қатты, жан тәтті, жара аузына қан қатты» - деп Доспанбет жырлап;

«Ереуіл атқа ер салмай, егеулі найза қолға алмай,

Ашаршылық, шөл көрмей, арып-ашып жол көрмей,

Ерлердің ісі бітер ме?!» - деп Махамбет» жырлағандай, өздері де қару-жарағын асынып, қандықол ұрыстарға тікелей енген. Соғыстан шаршаған халықтың еңсесін көтеріп, оларды бірлікке шақырған, ханның кеңесшісі де, саяси мәселелерді шешуші ымырашы-саясаткер де бола білген. Көшпенді өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз үшін синкретті өнер иелері

жыраулар мен жыршылар, әншілер мен күйшілер театрларды алмастырғандықтан, ондай өнерпаздардың үнемі елдің назарында болуы өз-өзінен түсінікті. Міне, осындай ел-жұртқа қадірлі адамдардың «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы, өнерпаздықтарымен қоса мерген, камшыгер, қылышкер, балуан, шабандоз, және ең маңыздысы отаншыл, адал, әділ болуы жас ұрпаққа, ел шетіне жау тисе шеттерінен сарбаздарға айналып шыға келетін ер-азаматтарға таптырмас үлгі, тәрбие көзі болды. Соның нәтижесі ретінде, сол кезеңдегі қоғамда елін-жерін қорғау, өзінің ар-намысына дақ түсірмеу, екі сөйлему – ұлы рухани-адамгершілік құндылықтарға айналған.

Шалкиіз Тіленшіұлының, Асан Бармақұлының, Қазтуған Сүйінішұлының (XV ғасыр), Доспанбет жыраудың (XVI ғасыр), Марғасқа жыраудың, Жиёмбет Бортоғашұлының (XVII ғасыр), Бұқар жырау Қалқаманұлының (1668-1781), Ақтамберді Сарыұлының (1675-1763), Үмбетей жыраудың (1706-1775), Махамбет Өтемісұлының (1802-1846) ұлттық-тәуелсіздік-отаншылдық күрес мұраттарын тұтастандырған жауынгерлік қараһармандық жырларындағы атақонысқа арналған бейнелі өрнектері, адамгершілік-имандылық тәлім-тәрбие, азаматтық ұстаным заңдылықтары туралы ойлары – болашақ отан қорғаушылардың ұлттық-отаншылдық, рухани-адамгершілік тәрбиесінің таптырмас құралы болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Мәндік және көркем екі әлемнің шығармашылық тұлғалары ретінде олар біздің жана қазақ тарихына терең мазмұн әкелді. Олар тарихтың, уақыт ағынындағы біздің мәдениетіміздің ерекше тұлғалары» [7, 177] деп баға берген ұлтымыздың ұлы ойшыл-ағартушылары Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсыновтардың рухани-адамгершілік құндылықтар туралы көзқарастарында адамға деген қайырымдылық, мейрімділік, ар, ұят, абырой, парыз т.б. асыл қасиеттер үнемі дәріптелініп келген. Олардың қалдырып кеткен құнды ой пікірлері болашақ офицер-

лерді тәрбиелеудің теориялық негіздері, теоретикалық-әдістемелік бастауы бола алады.

Қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің ояну дәуірінің жаршысы, өзінің бүкіл қоғамдық-саяси, ағартушылық қызметін қазақ даласын жайлаған қараңғылық пен надандыққа, діни фанатизмге қарсы күреске арнаған Ш.Уәлиханов туған халқының санасындағы «намыс», «әділдік», «парыз», «білімге ұмтылушылық» сияқты басты жалпыадами рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртып, патшалық Ресейдің басқыншылық саясаты мен ішкі алауыздыққа қарсы тұрғызуға күш салды [8, 313-316].

«Бір Аллағасыйынып, келбалалароқылық...» деп үндеу тастаған Ы.Алтынсарин (1841-1889) қазақ мектептерін қалыптастырудың қордалы мәселелерімен қатар халық ағарту ісінің рухани-имандылық негіздерін қалап, өз еңбектерінде Қазаққа тән бауырмалдылық, әдептілік, әділдік, қанағатшылдық, жомарттық, сақилық, тазалық, сабырлылық, зейінділік, білімге құштарлық сияқты рухани-адамгершіліктің негізгі қағидаларына зор маңыз бере отырып, адамгершілік тәрбиесінің моральдік бастауларын көрсетіп берді [9].

Абай Құнанбаевтың (1845-1904) мұралары мәңгілік адами проблемаларды, гуманизм идеяларын өзгеше пайымдауымен ерекшеленді. Абай философиясында руханилық категориясы адам болудың әмбебап өлшемі және жеке адам мәдениеті ретінде негізделеді. Ұлтымыздың ұлы ойшылы руханилық адамның өзіне деген сенімін нығайта, әлеуметтік енжарлық пен қауымның тығырыққа тірелуін жоя, рухани күштер жеке және қоғамдық сананы адамгершіліктік құндылықтарға, ал жеке адамды жасампаз әрекет пен қоғамдық игілікке қызмет етуге бұра алады деген ой айтқан. Абайдың руханилыққа негізделген философиялық ойы адам болмысының гуманистік сұлбасы мен оның дүние туралы түсінігінің аксиологиялық өлшемін көрсетуге тырысатын қазіргі философиялық парадигмамен үндес екенін ерекше атап өту керек [10, 218].

Өзінің «Ғылым таппай мақтанба...» деп

басталатын ғибратты өлеңінде Абай адамға бір-ақ рет берілетін өмірді мағыналы өткізу үшін білімділікті еріншектіктен, надандықтан, дарақылықтан құтылудың бірден-бір жолы ретінде, тұлғалық және қоғамдық даму ұстанымдарымен байланыстыра отырып қазақ даласын білімге шақырды, қандастарының әлемдік мәдениет қазынасын да игере білгенін қалады [10, I т., 71]. Білімді насихаттай отырып, ол жаңа құндылық бағдарларды, өмір мәнін, адам бақытын жаңаша түсінуді қалыптастырды. «Бірінді қазақ бірің дос көрмесең істің бәрі бос...» деп үндеген Абайдың ойынша адамның жаңа ұстанымы – бұл оның адамгершілігі, рақымдылығы, достығы, махаббаты. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» деп ұлты үшін көкірегі қарс айрылатын өлеңінде жақсыны жаманнан ажырата білуде ізгілікті басшылыққа алуға шақырады.

Абай тәрбиесінің этикалық мәні – адамның өмірдегі міндеті мен рөлін жоғары бағалау. Адам – ақын көзқарасында ақыл-ойдың, адамшылықтың, еңбексүйгіштіктің және білімділіктің, достық пен махаббаттың түгелдей көрініс табуы, жинақталуы. Ай мен күн – аспан әлемінің әшекейі, орман мен жемістер – таудың әшекейі, ал жердің сәні – адам. Абай үлкен мақтанышпен: «Адам деген даңқым бар!» деп жар салады [10, 86].

Адамның қалыптасу үдерісіндегі тәрбиенің, қоршаған ортаның рөліне үлкен мән бере отырып, Абай өзін-өзі тәрбиелеумен айналысудың қажеттілігі туралы ойды баса айтады. Адам өз-өзіне басқаша көзбен қарауға, өзіндік талдау, өзіндік баға беру, өзіндік бақылау қажеттілігі туралы есте сақтауға тиіс. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» деген тоқтамға келеді [10, II т., 151].

Адамды қандай да бір әрекеттер жасауға итермелейтін қажеттіліктерді, оларды қанағаттандырудан туатын жағдайларды атай отырып, кемеңгер ойшыл қажеттіліктерді қанағаттандырудың шегі, өзіндік мөлшері бар екендігін де ескертеді: «...әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды. Өлшеуін білмек – бұл үлкен керек іс... Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпак, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар» [10, II т., 222]. Бұл қандай мөлшер және оның өлшемдері қандай? Бұл сұраққа жауап бере отырып Абай – арлылық, ұяттылық, парасатталық бұлақтары адамгершілік дариясын толтырып, оны асып-тасудан сақтап, қажетті арнаға бағыттайтындығын түсіндіреді. Өзінің отыз алтыншы сөзінде осы ұғымды толық талдай келіп: «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы» [10, II т., 182] дейді. Он төртінші сөзінде: «ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын бір тексермей кеткен кісі, тәуір түгіл, әуелі адам ба өзі?» деп ой қорытады [10, II т., 149].

Абайдың ұсынған адамгершілік идеялары – адамды шыққан тегіне, қоғамдағы дәрежесіне, байлығы мен бақуаттылығына емес, адамдарға жасаған жақсылығына, рухани қасиеттеріне қарап бағалау. Адамның өмірдегі шамшырағы нұрлы ақыл мен ойлы жүрек болса ғана оның еңбегі мағыналы, ауқаттылығы орынды.

Адамның рухани-адамгершілік әлемі туралы ұлы ұстазының жолын жалғастырушы, Абайдың шәкірті әрі жақын інісі, ағартушы, ойшыл ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының адам тәрбиесі мәселелеріне қатысты теориялық ізденістері мен ұстанымдарына гуманистік ой-пікірлер мен зерттеу нысанына деген сындарлы, рационалды көзқарастар тән. Оның көзқарастары мен дүниетанымындағы адам тәрбиесі жөніндегі ойлар жан-жақтылығымен, тереңдігімен ерекшеленеді. Демократтық, гуманистік, ағартушылық, насихатшылық позициялар ұстанған Шәкәрім дүниетанымының орталық тақырыбы

да тәрбие мәселелері болып табылады. Шәкәрімнің қалдырған педагогикалық ойларындағы адамның рухани-адамгершілік мәселелерін қамтыған шығармаларын атай кетер болсақ: «Үш анық», «Тіршілік, жан туралы», «Тумақ, өлмек тағдырдың шын қазынасы», «Ақыл деген өлшеусіз бір жарық нұр», «Адам немене», «Тәңірі мен жан», «Анық пен танық», «Жан мен дене һәм көңіл» өлеңдері және «Тау басындағы ой» циклды өлеңдер жинағы [11]. Бұл шығармаларында ойшыл ақын жан мен тән, ақыл-ойлылық пен материалдық құндылықтар арақатынасы, адам рухының, адамгершілігінің, танымының қалыптасу жолдары, адамның өмірі мен оны қоршаған әлемнің құрылымы сияқты педагогикалық, философиялық мәселелер айқын көрініп тұрған мәңгілік сұрақтарды қарастырады. Ғылым мен білімнің мақсаты – ақиқат деп білетін ойшыл дін мен оның догматтарына өзіндік көзқараспен қарайды. Өзі өмір сүрген әлеуметтік орта үшін (XIX ғасырдың екінші жартысы) ақынның адам мен табиғат қатынастары, рухты танудағы адам танымының шегі мен күші жайлы ойлары, діни шарттарға деген сыни көзқарастары, адамзат ақыл-ойының болмысты, тіпті жаратушыны танып-білу құқығын қорғауы өте батыл қадам болды. Абайдың дарынды шәкірті адамның рухани-адамгершілік әлемі туралы ойларын тереңдете отырып, олардың жаңа жағдайлардағы мәні мен маңызын жан-жақты ашып, бұл бағыттағы білімін одан әрі дамытты. Шәкәрімнің түсінігінше – «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар... Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділеттілік, мейірімділік, адамгершіліктің жоғарғы шыңы»

[12]. Ол бірінші кезекте адамгершілік және эстетикалық құндылықтарды анықтауды, көрсете білуді алдыға мақсат етіп қойды. Шәкәрімнің адамгершіліктің жоғарғы шыңына ұжданды орналастыруының өзіндік мәні бар – ол халықты білім алуға, өнер-ғылым үйренуге, замана көшінен қалмауға шақыра отырып, алдыға шығу деген тек қана прагматизмге бой ұру емес екендігін, ең бастысы көрінгенге көз сүзбей, ешкімге тәуелді болмай өмір сүруге үйретуді, тұрмыс пен білім арасындағы дүние парызын пайымдап, ұждан тазалығына жету, оны сақтау мен жетілдіру жолдарын көрсетуді мақсат тұтады. Оқу мен ғылымды игеру адамды теориялық білім, практикалық білік және дағдымен қаруландырса, ұждан осыларға рухани-адамгершілік мазмұн және сипат береді. Ойшылдың айтпағы ұлы ұстаз Өл-Фарабидің – «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген пікірімен үндес, дүниенің қиыны мен қауіптілері ұждансыз білімділер мен ғалымдар. Ұждансыз адамдар меңгерген білімін адамдарға үстемдік жүргізу үшін, оларды қорқытып-үркіту үшін қолданады. Бұл тіпті адамдарға ғана емес, тұтас мемлекеттерге де тән екендігін заманауи халықаралық жағдай көрсетіп отыр [13].

Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ахуал өз бойына әлеуметтік және рухани құбылыстардың бүкіл сан-алуан белгілерін жинақтайды. Оның мазмұнының жүйеретінде қалыптасуына қоғамда басымдылыққа ие болып отырған өзекті құндылықтар өз ықпалын тигізеді. Сөйтіп, тұлғаның өзіндік құндылықтар жүйесі мен құндылық бағдарларында көрініс табатын, адамның адами және әлемдік құндылықтарға деген көзқарасы әлемге деген тұтас көзқарасының ажырамас бөлігіне айналады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. // Ақиқат. №1. - 2013. - 5-27 бб.
2. Электрондық ресурс – Сократ. <http://www.sokrat.info/ideas.html>.
3. Платон. Государство. Собрание сочинений в 4-х т. - М.: Мысль, 1994. - Т.3 - С. 79-420.
4. Аристотель. Метафизика. Сочинения в 4-х т. - М.: Мысль, 1976. - Т. 1. - с. 63-367.

5. Жүсіп Баласағұн. Құтты Білік. Асқар Егеубаевтың аудармасы. <http://jusip-balasagun.narod.ru> - 614 б.
6. Мағауин М. Қобыз сарыны. - Алматы : Мектеп, 2003. - 192 б.
7. Назарбаев Н.А. Тарих толқынында. - Алматы. – Алматы: Атамұра, 1999, – 296 с.
8. Уәлиханов Ш. Таңдамалы, 2-басылым. Алматы: Жазушы, 1985. 560 б.
9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар (екі тілде) - Алматы: Ғылым, 1955. - 413 б.
10. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығ. екі томдық толық жинағы. I, II томдар. Алматы, Жазушы. 1995. – 336 б.
11. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1988. – 230 б.
12. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми әдеби орталығы. Алматы. 1991, 80 б.
13. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 220 б.



*«Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе,
күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір,
ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!
Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді
қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке,
не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей
қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып
өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?»*

Абай Құнанбайұлы.

МРНТИ 14.07.05

**ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ
АЛҒЫШАРТТАРЫ**

Ш.И. Джанзакова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Педагогика
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор, Атырау қ.

Г.Б. Өтегенова

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Педагогика және
психология» мамандығының 2 курс магистранты, Атырау қ.

Берілген мақалада ұлттық тәрбиенің дамуы мен қалыптасуының тарихи алғышарттары, алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі сақтар мен ғұндардың жауынгерлік, Ұлы Түрік қағанаты кезіндегі тәлім-тәрбиесіне, Араб Шығыс мәдениеті, орта ғасыр ойшылдарының тәлімгерлік ой пікірлері, қазақ хандығы кезіндегі ұлттық тәлім-тәрбие көріністері, Қазақстанның Ресейге қосылу кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысымен ағартушылық-демократиялық бағыттағы тәлім-тәрбиеге, Кеңестік дәуірдегі ғылыми-педагогиканың қалыптасуына, тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшеліктері мен дамуына тоқтала отырып, олардың тарихи маңыздылығын айқындауға мүмкіндік жасалған.

Тірек сөздер: ұлт, ұлттық тәрбие, сақ, ғұн, Ұлы түркі қағанаты, тәуелсіз Қазақстан.

В статье рассматриваются исторические предпосылки и значимость развития и становления национального воспитания в период первобытнообщинного строя, боевые поступки саков и гуннов, великого тюркского Каганата, Восточно-Арабской культуры, воспитательные идеи мыслителей средневековья, при Казахском ханстве, просветительский-демократические и национально-освободительные направления в эпохе присоединения Казахстана к России, научно-педагогические основы формирования в советской эпохе, особенности развития национального воспитания в независимом Казахстане.

Ключевые слова: нация, национальное воспитание, саки, гунны, Великий тюркский каганат, независимый Казахстан.

Development and formation of national education historical prerequisites a primitive-communal system, at education, the Arab East culture, midcentury Saka and characteristic draft of Huns fighting, great Turkish Kaganate at the Kazakh khanate, the Soviet education educational-democratic eras at connection to Kazakhstan to Russia in the direction of creation national education of representation, opinion, Tutorial a thought in independent Kazakhstan to formation, scientific pedagogics at National liberation the movement, their historical importance, allow to define feature of the head.

Key words: nation, national education, Saka, Huns, Great Turkish Kaganate, independent Kazakhstan.

Ұлт болып қалыптасудан бастап әр ұлттың өзіне тән ұлттық құндылықтары дамып, қалыптасып, тарихи даму үдерісіне енеді. Біз ұлттық тәрбиенің дамып қалыптасуына келетін болсақ алғашқы даму үдерісі сақ, ғұн дәуірінен бастау алатынын зерделейміз. Көшпенділердің тарихына зер салатын болсақ Күлтегін, Тоныкөк, Ер Едіге, ел намысын қолдан бермеген Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай т.б. баһадүр батырлардың

ерен ерлігі ұлттық тәрбиенің биік шыңы деп бағалаймыз.

«Ұлттық тәрбие беру – әр адамзаттың өз Отанына деген саналы қатынасын, мемлекеттік тілді, мемлекет құрушы ұлттың мәдениетін меңгеруді, мемлекеттің ұлттық бірлігін нығайту қажеттілігін түсінуді қалыптастыру. Сонымен бірге тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне мақтанып, ұлттық рухты күшейтуге, азаматтық борыш, перзенттік парыз ұғымда-

рын дұрыс қалыптастырып бағыттауға, болашақ мамандардың кәсіби жауапкершілігін дамытуға ықпал ету [1].

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі өмір бойы жалғасатын біртұтас үздіксіз үрдіс ретінде, адамның этнос субъектісі ретінде этностық құндылықтарды, этноәлеуметтік рөлдерді және халқының салт дәстүрінде шоғырланған этностық нормаларды меңгерту, этностық өзіндік санасын оятып, өз ұлтына, тіліне, тарихына, мәдениетіне деген мақтаныш сезімін және басқа ұлт өкілдеріне сыйластық, түсіністік сезімін қалыптастыруды көздейді», деп атап көрсеткендей ұлттық рухы күшті тұлғаны дамытып қалыптастыруға бағытталады [2].

Ұлттық тәрбиенің дамуы мен қалыптасу тарихына тоқталатын болсақ белгілі ғалым С.Қалиев оны шартты түрде сегіз дәуірге бөліп қарастырады:

1. Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі тәрбие;

2. Сақтар мен ғұндардың жауынгерлік тәрбиесі;

3. Ұлы Түрік қағанаты кезіндегі тәлім-тәрбие;

4. Араб Шығыс мәдениеті, орта ғасыр ойшылдарының тәлімгерлік ойпікірлері;

5. Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық тәлім-тәрбие көріністері (жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар);

6. Қазақстанның Ресейге қосылу кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысы мен ағартушылық-демократиялық бағыттағы тәлім-тәрбие;

7. Кеңестік дәуірдегі ғылыми-педагогиканың қалыптасуы;

8. Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиенің өркен жаюы [3].

Жоғарыда көрсетілген әр кезеңнің дамуына сәйкес ұлттық тәлім-тәрбиенің де өзіндік қалыптасу ерекшеліктері болғаны белгілі. Ғалымдардың зерттеуі бойынша *алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі* тәрбиеде адамдардың еңбекке деген қатынасын ерекше бағалауға болады. Келесі *сақтар мен ғұндардың жауынгерлік тәрбиесі* ұлы даладағы ерен ерліктер, жауынгерлік салттар мен дәстүрлердің ерекше дамыған тұсы екенін

көреміз. Ұлы Түрік қағанаты кезіндегі тәлім-тәрбие ұрпақтың бойындағы қайраттылық, жігерлілік ұстанымдары басым болғаны айқын аңғарылады.

Ұлттық ерлік дәстүрінің тарихи маңыздылығын зерттеген профессор С.Т.Иманбаева ұлттық тәрбиенің негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие берудің жолдарына, әсіресе қазақ халқының көшпелі тіршілігіне байланысты жан-жақты талдау жасау барысында ерлік тәрбиесіне:

-әр кезеңдегі батырлық, ерлік істер болашақ ұрпақты тәрбиелеуде тәрбиенің негізгі құралы болып саналған;

-ерлік, даңқтың, ұлы жеңістің белгісі ретінде туға деген құрмет пен сүйіспеншілік аса жоғары болған;

-тарихи әндер, әсіресе әскери әндерге деген құрмет және сол арқылы халықтың патриоттық рухын көтеріп отырған;

-батырлар, ерлер ұстаған қару-жарақтар киелі саналған, ұрпақтан-ұрпаққа елі мен жерін қорғау үшін және сол жерді болашақ ұрпағына аманаттау үшін мұра ретінде беріліп отырған;

-көшпелі өмір тіршілігіне байланысты батырлар мінген аттарына аса құрметпен қарағаны туралы зерделеуі бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне өзіндік ықпалы бар екеніне тоқталады [4].

Бүгінгі келе жатқан ұрпақты ұлттық дәстүрлер арқылы тәрбиелеуде тұлғаның бойында ерлік рухты қалыптастыруды, бабалар аманаттаған ұлан байтақ елінің тәуелсіздігі үшін күресетін ұрпақты қалыптастыруға толық жағдай бар екенін көреміз.

VI-VIII ғ.ғ. ескерткіштер: түркі көсемі Білге қаған, Күлтегін батыр мен ақылғой Тоныкөк құрметіне қойылған құлпытастар, IV-IX ғасырдағы көне түркі ескерткіштері – Орхон жазба ескерткіші – Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбалары.

Түркі халқының батыры Күлтегін туралы: «Сәби кезінде ертоқым оның бесігі, жауынгер кезінде ертоқым оның отырар тағы болды. Оның ойыны да, өмірі де соғыс өнерін үйренумен өтті. Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне

деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сінді», - деуінен отбасы тәрбиесінің өзіндік ерекшелігін айқын көруге болады. Расында да, тарихи дамуды қарастыратын болсақ әр дәуірден ұлтымыздың қалыптасуы мен дамуын көреміз. VI-VIII ғ.ғ. жауынгерлік дәстүр және ерлікті қалыптастыратын қасиеттер: ел қорғау дәстүрі; жер қорғау дәстүрі жауынгер-ізбасар дайындау; байрақты жеңіс тұғырынан түсірмеу; серттесу; анттасу, ант беру; адамгершілік; ар-намысты жоғары ұстау; іс-әрекеттегі батылдық, шешімталдық; елжандылық [4]. Осындай көне тарихымен, рухани мұраларымен атадан балаға мирас болып келген тарихи өлкенің ешкімге ұқсамайтын, ешкіммен салыстыруға болмайтын философиялық ойлардың дамып, қалыптасқанын тарихи мұраларға талдау жасағанда айқын аңғарамыз.

Орта ғасыр ойшылдарының тәлімгерлік ой-пікірлері негізінен ұлы ғұламалар Қорқыт ата, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн «Құтты білік», Махмут Қашғари «Түркі тілдерінің сөздігі», Қожа Ахмет Яссауи «Даналық кітабы», А.Иүгінеки «Ақиқат сыйы», Асан Қайғы, Мухаммед Хайдар Дулати, Қадірғали Қасымұлы Жалаири т.б мұралары бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тарихи мұраларды қалдырумен, олардың келбеттері сомдала бүгінгі ұрпақ мұратына айналып отыр.

Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық тәлім-тәрбие көріністері (жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар) ауыз әдебиетінің нағыз қайнар көзінен қалыптасқанын көреміз. «Қазақтың тәлім тәрбие тарихы» атты еңбекте қазақтың тәрбие мектебі – ақын-жазушылар мен билердің өсиеттері, ғибраттары және халық мақал-мәтелдері, тыйым сөздері мен ұлттық салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы десек артық болмайды. Халықтық осы қағидалар шын мәнісінде жас ұрпақ түгілі, ересек адамдарға да үлкен әсерін тигізді, ұлттың сана-сезімін оятты, тәлімдік-тәрбиелік, танымдық мектебіне айналды. Жалпы XV-XIX ғ.ғ. ақын жыраулар поэзиясын сөз еткенде олардың халық үшін еткен еңбегіне, ой қиял өрістеу өресіне, қимыл, әрекет-ісіне қарай үш топқа бөліп:

жауынгер жыраулар:(Доспанбет, Жиенбет, Ақтамберді, Махамбеттер); мәмілегер (Асанқайғы, Сыпыра жырау, Үмбетей, Бұқар); тәлімгер (Шал, Базар, Майлықожа) жыраулар деп шартты түрде жіктеуге болады. Ақын-жыраулар өлең-жырларымен де, өнегелі ісімен де халыққа белсене қызмет етіп, ел ұйытқысы, тәлім-тәрбие мектебінің ұстазы бола білді», - деп атап көрсетуі де ұлтқа тән ерекшеліктер, суырып салма ақындықпен бірге ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастыруда аса күшті тәрбие құралы болғанын көреміз [3].

Кезінде алаштың азаматтары негізін қалаған ұлттық білім беру жүйесі бүгінгі таңда өз дәрежесінде жалғасын тапқанын көруге болады. XX ғасырдың басында ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев т.б. ұлттық білім мен тәрбие жүйесінің негізін қалады. Зиялы қауым өкілдерінің негізгі миссиясы – бақытты зиялы ұлтты қалыптастыру еді.

Алғашқы «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев ұлттың бақытты болуы үшін неге көңіл аудару керек екенін нақты көрсете білді. Ғалымның айтуынша «Ұлт бақыты – тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі – әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», - деп, қоғам мүшелерінің бақытты болуы ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады.

Осыдан бір ғасыр бұрын жазылған тұжырым XXI ғасыр қоғамын қалыптастыруда негізгі мұрат болып табылады. «...әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», - деп ұлттық тәрбиеге аса мән береді [5].

Расында да, XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басында тәуелсіз елімізде қоғамдық даму үрдісінде ұлттық рух, ұлттық тәрбиеге деген бетбұрыс айқын байқалады.

Ұлттық парыз, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. Ұлттық идея рухани

құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді. Ұлттық рух – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті. Ұлттық идея – ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі.

Жас ұрпақ бойындағы ерлік пен елдіктің рухын себетін негізгі күш – туып өскен жері мен елі, ұлттық мұра мен ұлттық байлығымыз екені дау туғызбайды. Ұлттық рухты қалыптастыруда жеке адамның рухы мен халықтың руханилығы негізгі орын алады.

Қоғамда ұлттық, ұлттық патриотизм, ұлттық тәрбие ұғымына әртүрлі көзқарас бар. Ұлттық деген ұғымды жекеленген, оқшауланған ұғым деп қабылдауға тырысады. Жоқ, ұлт бар жерде, ұлттық патриотизм бар. Қазақ халқының жер бетінен жойылмай сақталуы да ата-бабаларымыздың ұлттық рухының жоғары болуында десек артық айтпаған болар едік, яғни бұл – тарихи шындық.

Ұлтжандылық дегеніміз – елі мен жерін, халқының бостандығын және мемлекет ретінде тәуелсіздігін сақтау, ұлт намысын жоғары дәрежеде ұстау үшін күресу. Яғни, аталған идеяларды іске асыру бүгінгі жаһандандыру үрдісінде, ұлттық идеялардың әлемдік идеялармен өзара сабақтастыру жағдайында, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 мемлекет қатарынан көрінуі тұтас педагогикалық процестен күрделі, түбірлі өзгерісті талап етеді.

Тәуелсіз Қазақстандағы ұлттық тәлім-тәрбиенің өркен жаюы. Бүгінгі жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі терең зерттелген уақыт. Еліміз тәуелсіздік алуымен ұлттық тәрбиеміз қоғамдық-әлеуметтік ортаға кеңінен терең бойлай бастағаны белгілі. 1995 жылы тәуелсіз Қазақстанның алғашқы «Тәрбие тұжырымдамасы» қабылданды. Тәрбие тұжырымдамасының негізгі мақсаты – қоғамда ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие кеңістігін құруға бағытталған болатын. Осы тұста алғашқы ұлттық негіздегі тәрбие бағдарламалары жарияланды. «Алтын көмбе», «Атамекен», «Болашақ», «Мың бала» т.б. тізбектеліп оқу-тәрбие үдерісінде сұраныспен іске асты. Сонымен қатар, түркі халқының,

қазақтың XV ғасырлық тарихын жинақтаған педагогикалық Антология ұлттың білім беру саласына, мәдениетіне қосылған тарихи құнды еңбектер болып табылады.

Ұлттық тәрбиенің теориялық-әдіснамалық негіздері, әдістемелік қағидаттары айқындалды. Ұлттық тәрбие мәселесін зерделегенде біз алғашқы ұлттық тәрбие бойынша ғылыми-теориялық тұрғыда зерттеу жүргізген Алма Мұхамбаеваны атап өтеміз. 1973 жылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие негізінде тәрбие беру деген идеяны негізге алып алғашқылардың бірі болып педагогика саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысын қорғаған ғалымдардың бір болып табылады.

1991-2010 жылдар аралығында ұлттық педагогиканы оқу-тәрбие үдерісіне енгізу мәселесі Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, Қ.Бөлеев, К.Қожахметова т.б., рухани адамгершілік тұрғысынан патриоттық құндылықтар, ерлік, елжандылық, жауынгерлік тәрбие тұрғысынан Ж.Ж.Наурызбай, С.Ешімханов, С.Т.Иманбаева, Х.Қ.Шалғынбаева, С.Қ.Әбділдина, К.Оразбекова, К.Ж.Төребаева, Ғ.М.Кертаева, Е.Ө.Жұматаева, Г.Белгібаева, М.Құрсабаев, Б.Иманбекова, т.б., эстетикалық бағытта М.Балтабаев, С.Ұзақбаева, Р.Дүйсенбінова, Г.Қарамолдаева т.б. бүгінгі үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттық тәрбиені енгізуде іргелі үлес қосқан ғалымдар деп атауға болады.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: «Халық педагогикасы дегеніміз – ұлттар мен ұлыстардың әлденеше ғасырға созылған ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің, мәдени ойлау процесінің эмпирикалық негіздегі озық үлгілерінің жиынтығы. Халық педагогикасының негізгі түйіні – еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді жас ұрпақтың бойына дарытып, адамгершілік, имандылық рухында тәрбие беру» [6, 291], - деген тұжырымды негізге ала отырып, профессор С.Қалиев тұлғаны ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуде төмендегі ұстанымдарды ұсынады: ақылды, арлы, намысқой азамат болуын қарастыру; еңбексүйгіш, елгезек етіп

тәрбиелеу; тән сұлулығын қарастыру, әсемдікке баулу; адамгершілік қасиеттерге (ізгілікке, имандылыққа, қайырымдылыққа, адалдыққа т.б.) тәрбиелеу; отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа бүкіл адам баласын сүюге тәрбиелеу; «Жігітке жетпіс өнер аз», «Өнер өрге сүйрейді» деп қарап, өнер мен білімді насихаттау; табиғатты, қоршаған ортаны аялауға, әсемдікке тәрбиелеу; денені шынықтыруға тәрбиелеу [3].

Сонымен қатар, ғалым «Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері» атты монографиясында халықтық тәрбиенің осы басты қағидаларының ғылыми педагогикамен байланысы қандай дегенге төмендегі сегіз қағиданы басшылыққа алуды көздейді:

Халық педагогикасында тәрбие ісі баланың жас ерекшелігін ескере отырып жүргізілген. «Ұлына бес жасқа дейін патшадай қара, он бес жасқа дейін қосшындай сана, он бес жастан асқан соң ақылшы досындай бағала» деген мәтел баланы еркін тәрбиелеудің көмекшісін деп үмітпен қараудың, ақылшым деп тең санаудың қажеттігін меңзейді. Ал бұл ғылыми педагогиканың ынтымақтастық принципімен қабысып жатыр.

Халық педагогикасында тәрбие ісін әр баланың жеке бас ерекшеліктерін (психологиясын) ескере отырып жүргізуді де ескертеді. «Баланы туады екенсің, мінезді тумайды екенсің», «Бір биеден ала да туады, құла да туады», «Балаңа үміт арту – әкенің парызы, ақтау – баланың қарызы» деп ой түйіндеген. Халық педагогикасы баланың тәрбиесі туған, өскен ортасына, ата-ананың, отбасы үлкендерінің, ұстазының үлгісіне байланысты деп қараған.

Халық педагогикасының тағы бір принципі балаға үлкен талап қоя білуге, оның жеке басын қадірлеуге негізделген. Баланың жіберген қателіктерін үлкендер дер кезінде бақылап, дұрыс жолға салуды мақұлдаған. «Ата – балаға сыншы», «Баланың балалығына әкенің даналығы бар», «Ақырып айтқаннан ақылмен айтқан артық» деген мәтелдер осы ойды құптаудан туған. Яғни, тәрбиешінің жылы жүректі болуын, тапқырлық тәсілмен тәрбиелеуін орынды санаған.

Шәкіртті тәрбиелеу, оқыту барысында ақыл-ойын дамыту бүгінгі педагогиканың ең көкейкесті мәселелерінің бірі. Дамыта оқытып тәрбиелеу ісі асқақ арманмен байланысты. Осыны құптаған ата-бабамыз «Армансыз ұлан – қанатсыз қыран», «Арманы жоқтың пәрмені жоқ» деп, келешекті қиялдай білетін арманға, ой дербестігіне тәрбиелеуді мақсат еткен.

Халық педагогикасының негізгі принциптерінің бірі – тәрбиенің біртұтастығы. Тәрбие ісінің біртұтастығы ұрпақ тәрбиелеудегі мақсат бірлігінен туындайды. Кез келген тәрбие құралына талдау жасасақ, тәрбиенің түрлері (еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, әсемдік т.б.) іштей сабақтасып жатады. Оны бесік жырынан, бата-тілектер мен терме толғаулардан байқауға болады. Тәрбие ісін кешенді жүргізуді ғылыми педагогикалық еңбектер де қуаттайды.

Тәрбие ісінің туғаннан өмір бойы үздіксіз жүргізілуін халық педагогикасы да, ғылыми педагогика да құптайды. Халық педагогикасы отбасы үлкендерінен бастап, ауыл ақсақалдары, өнер иелері түгел қатынасатын ұжымдық тәрбие ісіне негізделген. Халықтық педагогикада «Көп талқысы – тез», «Көп қорқытады, терең батырады», «Көпке қарсылық – құдайға қарсылық» деп ұжымдық тәрбиені құптаған [3].

Ұлттық тәрбие ұғымының мән-мағынасын ашуда М.Жұмабаев: «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті», деген идеясы қазіргі таңда зиялы қауым өкілдерінің негізгі ұстанымына айнылып отырғаны белгілі [5].

Халықтық тәрбие, ұлттық психология мәселесін зерттеген ғалымдардың бірі Қ.Жарықбаев. Оның XV ғасыр тарихын жинақтаған педагогикалық Антологиясы, қазақтың тәлім-тәрбиесі, ұлттық психология, «Аталар сөзі-ақылдың көзі» еңбектері бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажетті асыл мұра деп бағалауға болады.

Профессор К.Ж.Қожахметованың «Халық педагогикасын зерттеудің кейбір ғылыми және теориялық мәселелері» атты еңбегі халықтық

педагогиканың даму тарихы, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталады [7]. «Мектептегі ұлттық тәрбие жүйесі» атты монографиясында ұлттық тәрбие жүйесінің ғылыми теориялық негіздері, мектептегі ұлттық тәрбие жүйесіне қойылатын талаптар айқындалған.

Қазіргі таңда ұлттық тәрбиеге байланысты ғылыми зерттеу жұмысымен айналысатын магистранттар мен докторанттардың ынтасы өте жоғары. Ұлттық тәрбиенің іске асуы үшін, әсіресе, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары үлкен жұмыстар атқарып отыр. Қазақстан Республикасының студент жастарына ұлттық тәрбие беру тұжырымдамасы дайындалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен 2009 жылы университет жанынан Ұлттық тәрбие жөніндегі Республикалық үйлестіру кеңесі құрылып, Ұлттық тәрбие элективті курсының типтік оқу бағдарламасы, оқу құралы дайындалып республикамыздың жоғары оқу орындарының оқу тәрбие үдерісіне енгізілді. Сонымен қатар «Ұлттық тәрбие» сериясы бойынша: «Ұлттық тәрбие» оқу құралы, «Ұлттық тәрбие: салт-дәстүр, әдеп-ғұрып негізінде», «Ұлттық тәрбиенің этика-

эстетикалық негіздері», «Ұлттық тәрбие және дін», «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» және т.б. оқу құралдары басылып шығарылды, Республикалық ғылыми-көпшілік деңгейде «Ұлттық тәрбие» журналы ашылды [8, 38-46; 81-97].

Қазіргі таңда, ұлттық тәрбие беру мәселесі жан-жақты қолға алынып, іргелі жұмыстар жүріп отырғанына талдаулар жасалды. «Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз», - деген ұранмен болашақ мемлекетімізді дамытуда ұлттық тәрбие беру арқылы жеке тұлғаның ана тілін, ата тарихын, салт-дәстүрін, төл мәдениетін меңгерген, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан және осы құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыра алатын Қазақстан Республикасының ұлтжанды азаматын тәрбиелеу және қалыптастыру мәселесі жан жақты даму үстінде.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 14.12.2012.
2. Пірәлиев С.Ж., Иманбаева С.Т., Төлеубекова Р.К., Шолпанқұлова Г.К., Нұрғалиева Д. Ұлттық тәрбие. Оқу құралы. – Алматы: 2014. - 280 б.
3. С.Қалиев. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. -Алматы. 1998.
4. Иманбаева С.Т. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми-теориялық негіздері. Алматы. ҚазМемҚыздарПИ, 2006. -330.
5. Жұмабаев.М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі 1992 ж.
5. Калабалин С.А. Педагогические размышления / сост. И ред. Л. В. Мардахаев. – М.: Юстиция, 2017.
6. Мардахаев Л.В. К вопросу о праксиологических основах социальной педагогики // Европа и современная Россия. Интегративная функция педагогической науки в едином образовательном пространстве: матер. IX Междун. науч. конф., 18-19 августа 2012 г., г. Мадрид. - М. - Мадрид: МАНПО, 2011. - С. 44-49.
7. Мардахаев Л.В. Праксиологические основы социальной педагогики: понятийная структура // Понятийный аппарат педагогики и образования: сб. науч. трудов / отв. ред. Е. В. Ткаченко, М. А. Галагузова. — Вып. 7. - Екатеринбург: СВ-96, 2012. – С. 430-443.
8. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: учеб пособ. – 6-е изд. – М.: Юрайт, 2014.
9. Монахова Л.Ю., Федотова В. С. Праксиология и праксиология в историко-методологическом дискурсе // Научное обозрение. Серия 2. Гуманитарные науки. – 2011. – № 3. – С. 76–87.
10. Праксиология : хрест. / Госстрой России : ИОЦ ГП «Новый город». - М.: ГУП КПП, 1997. – 180 с.

МРНТИ 14.07.03

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ «КЕМЕЛ АДАМ» ТҮЛҒАСЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қ. Бөлесев

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің п.ғ.д., профессоры,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері,
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының академигі, Тараз қ.

Қ.Т. Әтемова

Х.А.Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университетінің п.ғ.д., профессоры, Түркістан қ.

Мақалада «Кемел адам» тұлғасын қалыптастырудағы халық тәрбиесінің мақсаты, кемел адамның этникалық сипаты және кемел адамды қалыптастыру жолдары Шығыс орта ғасыр ойшылдарының көзқарастарына негізделіп қарастырылған.

Тірек сөздер: кемел, адам тұлғасы, кемел адам, «кемел адам» тұлғасын қалыптастыру, кемел адамның этникалық сипаты, орта ғасыр ойшылдары.

В статье рассматриваются формирование идеальной личности как цель народного воспитания, этнический характер идеального человека и определены методы воспитания идеального человека на основе взглядов средневековых мыслителей Востока.

Ключевые слова: идеальный, человеческая личность, идеальный человек, формирование идеального человека, средневековые мыслители.

The article deals with the formation of the ideal personality as the goal of public education, the ethnic character of the ideal man and identified methods of parenting perfect person on the basis of the views of the medieval thinkers of the East.

Keywords: perfect, the human person, the perfect man, the formation of the ideal man, medieval thinkers.

Қазақ халқы жас ұрпағына өзінің халықтық педагогикасы арқылы халықтық тәрбие беріп, оны «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат етуді мақсат еткен. Мұндағы халықтың «Сегіз қырлы» дегені: еңбексүйгіш, бауырмал, батыр, өнерлі, өнегелі, шыншыл, әділ, адал болу, ал «Бір сырлы» дегені – сол адамдық асыл қасиеттер бір адамның бойында болуын армандағаны. Міне халықтық тәрбиедегі «кемел адам» бейнесі осы.

Қазақтың халықтық педагогикасын зерттейтін жаңа ғылым саласы – қазақ этнопедагогикасы. Сол қазақ этнопедагогикасындағы «кемел адам» тұлғасын қалыптастыру бүгінгі таңда өте көкейкесті проблема болып отыр.

«Кемел адам» тұлғасы ұғымындағы «кемел» сөзі – жетілген, маңдай алды, иманды деген мағынаны білдірсе, «адам тұлғасы» – өзін қоршаған әлеммен қарым-қатынасқа түсу барысында адамның қалыптасу үрдісі деген мағынада түсінген жөн.

Адамды қалыптастыратын екі құндылық бар. Біреуі – ұлттық құндылық, екіншісі – жалпы адамзаттық құндылық.

Егер адам ұлттық құндылық арқылы қалыптасса, ол – ұлттық тәрбие алады, ал адам ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбиеленсе, ол – кемел тұлға болып қалыптасады.

Сондықтан Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру үшін қажетті жағдайлар жасау» [1] екендігі атап көрсетілген.

Сонымен, Кемел адам деп ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар кеңістігінде қалыптасқан жеке тұлғаны айтамыз.

Осы орайда Ұлы Абайдың 11-ші қара сөзінде адам, оны қалай тәрбиелеу керек, нағыз «кемел адам» туралы тамаша айтылған ой-

пікірін келтірсек өте орынды болар еді. Ұлы ағартушының сол көрегендік сөзінің мазмұны мынадай: «Адамды махаббат арқылы тәрбиелеу керек, Махаббат әуелі адамның адамдығы. Ғақыл ғылым деген нәрселермен бірге талап, ұғым, білім махаббаттан шығады. Қашан бала ғылымды махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Өзі үшін өмір сүретін адам өз бетінше оттаған хайуанмен тең, ал көпшілік үшін тіршілік ететін адам «нағыз адам» [2] деген даналық ойды келтіруге болады.

Кемел адамның этникалық (ұлттық) сипаты қандай болу, оның тәлім-тәрбиелік мәні неде? деген сұрақтар туындайды.

Қай заманда болмасын заманына қарай жеке тұлғаның болмысын қалыптастыру туралы ойлар мен пікірлер көпшілікті толғандырып келген. Осы жерде тағы да ұлы Абайдың мына сөзіне құлақ түрелік: «Замана адамды билемек, адам заманға күйлемек, егер олай болмаса, замана адамды табанына салып, илемек» [2] дегенін еске алсақ та жеткілікті ғой деп ойлаймыз.

Бүгінгі таңда Ұлы Дала Елінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы кемелділік, мінсіз адам бейнесі тәрбиенің ең жоғары көрсеткіші ретінде қабылданып отыр.

Қазіргі қоғам алдындағы басты мақсат – елімізді өркениеттілікке жеткізетін, ел экономикасын дамытатын, сондай-ақ Ұлы Дала Елін 30 дамыған елдер қатарына қосуға мүмкіндік жасайтын, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. Ол үшін кемел адамды тәрбиелеу бүгінгі күннің еншісіндегі ұлы міндет.

Мұндай қоғам талаптарына жауап бере алатын кемел адамды қалыптастыру идеясы орта ғасыр ғұламаларының көзқарастарынан туындаған болатын. Олардың басты өкілдері – әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Қ.А.Исауи.

1.Энциклопедист-ғалым әл-Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы» трактатында «кемел адамға» мемлекет басшысын, тәрбиеші ұстаз-мұғалімді жатқызып, олардың сипаттамаларын жасаған.

Фарабидің пікірінше, мемлекет басшысы және нағыз тәрбиеші ұстаз – екеуі де «Сегіз қыр-

лы, бір сырлы» – халыққа қай жағынан болса үлгі көрсететін, ақыл-парасаты басқалардан көш ілгері тұратын адамдар. Өйткені ұстаз шәкірттерді оқытып-тәрбиелесе, мемлекет басшысы барлық жұртты ізгі қасиеттерге баулиды.

Ғұлама «Нағыз тәрбиеші ұстаз бойында он екі тума табиғи қасиет және алты дарыған қасиетті меңгерген дана адам болу керек» [3], - дей келіп, оның мынадай тұлғалық сипаттамаларын береді. Тума табиғи қасиеттерге:

- 1.Мүшелері мүлде мінсіз;
- 2.Өнер-білімге құштар;
- 3.Жаратылысынан өзіне айтылғанның бәріне жетік түсінетін;
- 4.Өзі көрген, естіген, түсінген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, алғыр да аңғарымпаз;
- 5.Өткір сөз иесі және ойына түйгенінің бәрін анық бере алатын;
- 6.Тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағатшыл;
- 7.Жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын;
- 8.Жаратылысынан игі істерге ынтазар;
- 9.Әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлық жек көретін;
- 10.Жақындарына да, жат адамдарға да әділ;
- 11.Пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз;
- 12.Қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ер жүрек болу керек.

Алты дарыған қасиетке:

- 1.Ол – философ болу керек;
- 2.Өзінің алдындағы ұстаздардың жақсы істерінен өнеге алу керек;
- 3.Бұрынғылардың игі істерін жалғастыра отырып, жаңа мәселелерді жоғары деңгейде шешу;
- 4.Жоғары тәжірибелік ақылға ие болу;
- 5.Шәкірттеріне жол көрсетуде жоғары деңгейде болу;
- 6.Өз ісінің білгірі, тәні сау болу.

Міне ұлы бабамыз әл-Фараби «Осы аталған қасиеттердің бәрін бала бойында қалыптастыра отырып «мінсіз адамды», «кемел адамды» тәрбиелеп шығаруымыз керек» [3] деп тұжырым жасаған, оны мұғалім-

тәрбиешіге тапсырған.

Дегенмен, әл-Фараби: «Осының бәрінің бір адамның бойында болуы қиын нәрсе, жаратылысынан осындай қасиет дарыған адамдар өте сирек кездеседі. Сондықтан егер, қайырымды қаладан (мемлекеттен) немесе отбасынан осындай адам табыла қалса және өзі өсіп-жетілген кезде жоғарыда аталған шарттардың алтауы немесе бесеуі оның бойына біткен болса, онда қиялдау қабылеті жағынан теңдесі болмағандықтан ол осы мемлекеттің айтулы басшысы болмақ» [3], - деп, осындай қасиетпен тәрбиеленген адамның өзінің аса қабілетті, әрі дарынды кемел тұлға болатынын сипаттайды.

2. Ақын, ғұлама Ж.Баласағұнидің жеке тұлғаны кемел адам етіп қалыптастыру туралы көзқарасы—әл-Фараби идеяларынан туындаған болса керек. Өйткені ол жеке тұлға тәрбиесін мемлекетті басқаруға лайықты азаматтық қасиеттермен байланысты қарастырған.

Жүсіп адамдықты сипаттайтын төрт қасиетті жеке-жеке бөліп, олардың қоғамдық-әлеуметтік және адамилық мәніне тоқталған.

1) Қанағат—ол оны адам баласын тіршіліктің бар қызығын қанағат тұтқан өмірдің сопылық жолы деп санаған.

2) Әділдік—ол оны әлемдегі тіршіліктің көзі—күнге теңеп: «Жарқыраған Күнді көр де, көр мені; Күн сөнсе, тіршіліктің өлгені; Әділдік—құт. Құт құрығы—кішілік; әділдіктің заты—тұнған кішілік» [4] депті.

3) Ақыл—ол адамның ой таразының ең жоғарғы өлшемі, адам парасаттылығының шыңы, нағыз кемел адамға тән қасиет екенін ғұлама: «Кісілердің кішілігі—ақылда; Білім болса, адам дана, батыр да! Малға айналма, ұста білім, ақылды», - деп ақыл адамның жолбасшысы, жетекшісі секілді қызмет ете отырып, ізгілікті пір тұтқан адамның ең зор байлығы, ең асылы болып саналады деген екен ақын [4].

4) Бақыт—Баласағұнидің пікірінше, бақыт адамның жеке басы үшін аса қажетті игіліктер осы бақыт ұғымына келіп саяды, ол бақытқа жетудің басты шарты-қоғамды жетілдіру екенін баса айтқан. Оның ойынша, қоғамды жетіл-

діру «Ғылым, дін, әділ заң, ізгі басшы, «иманды адамдар» арқылы жүзеге асады» [4], яғни шын бақытты адамдар ғылымы дамыған, әділ заң үстем еткен, иманды адамдар жайлаған, көреген ел басшысы билеген елде болмақ.

3. Жеке тұлғаны кемел адам етіп қалыптастыру мәселесі—бүкіл өмір жолын сопылық ілімге арнаған ғұлама Қожа Ахмет Иасауи өзінің «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) еңбегінде қарастырғаны анықталды [5].

Қожа Ахмет дін арқылы Алланы сүю, таза, адал жолмен дұрыс өмір сүруді халыққа насихаттай отырып: Кемел адам қандай болу керек? Оны қалыптастыру үшін ол қандай сынақтардан өту керек? деген сұрауларға жауап берген.

Қ.А.Иасауидің көзқарасы бойынша кез келген адам кемел адамдық дәрежесіне жету үшін—ол Хақпен дидаласып, әлемдік ақыл оймен бірігуі керек. Ол үшін төмендегідей төрт сатыдан өтетін Өмір жолын ұсынады:

Біріншісі—жұрттың бәріне ортақ шарифат жолы. Бұл жаратушының өз сөзі бойынша «Құранда» айтылатын парыздарды орындап, өтірік айтпай, ұрлық жасамай, ешкімге зәбір көрсетпей, дұрыс жүруді қолдау.

Екіншісі—тариқат жолы. Бұл саты—кез келген адам үшін міндетті емес, бірақ, тариқат жолына түспей ақиқатқа жету мүмкін емес. Ол үшін адам тынымсыз ізденіп, мақсатына жету жолында азап шекпей, мехнат тартпай, өзінді-өзін қинамай, өмір қызығынан бас тартпай кемелдік дәрежеге жете алмайсын. Осы жолды таңдаған жанға пір, ұстаз қажет дейді. Осы тариқат жолында адам өзін ұстамдыққа және одан әрі жетілдіруге шақырады, сол шынайы қасиеттері арқылы сүйіспеншілік пен махаббат идеясын насихаттайды. Тарихаттың нұсқайтын жолы—«Өзін білгені—Хақты білгені, Құдайдан қорқып-ынсапқа келген» [5] деп тұжырым жасаған ақын Ахмет.

Үшіншісі—хақиқат (ақиқат) жолы. Бұл жол азап арқылы жатпай тұрмай ізденген жанкешті еңбегінің нәтижесінде адамның дүние сырын тани бастауы. Ақиқат жолында құдайға құлшылық етудің екі көрінісі пайымдалады:

Құдайға сену және құдайдан арман-мақ-

саттарының орындалуын сұрау. Адамдықтың басты мақсаты – ақиқатқа жету болғандықтан, адам өзін-өзі тану және жетілдіру арқылы адамдықтың биігіне жетеді.

Төртіншісі – мағрипат жолы, яғни хақпен дидактасу. Бұл дәрежеге жеткен адам – ғаламның барша сырына қаныға алады, сөйтіп, Алланың қойған талаптарының барлығына жауап таба алады деп, ой түйеді.

Сонымен, А.Иасауи осы жолдарды көрсете отырып, мұсылман дәстүріндегі «жетілген адам» идеясын одан әрі жалғастырып, «Кемел адам» идеясын толықтырды деп санауға болады. Қорыта айтарым, Орта ғасыр ғұламалары – әл-Фараби, Ж.Баласағұни және А.Иасауи кемел адамның тұлғасы қалай болу керектігі туралы өз шығармаларында негіздей отырып, оны қалай тәрбиелеу қажеттігін де анықтаған. Соны қарастырайық.

Орта ғасыр ғұламалары жеке тұлғаның кемелденген бейнесін ұсынумен қатар оны отбасы тәрбиесі жағдайында қалыптастыру қажеттігін де жан-жақты қарастырды [6].

1. Ғұлама ғалым әл-Фараби бала дүниеге келгенде алдағы өмірінде бақытты болуға жетелейтін қасиеттерді игеруге, өздігінен ол жетіле алмайтындығын айта келіп, ол үшін арнайы тәрбие ортасының болуы керек деп санайды. Ондай ортаның негізгісі, әрі баланың бақытқа қол жеткізудегі қасиеттерінің негізі қаланатын тәрбие ошағы – отбасы ортасы екендігін мынадай сөзбен келтірген:

«Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді. Осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осылай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай

кемелдік дәрежесіне жете алады» [3], - деп отбасында өзара көмек пен ынтымақтастық болғанда ғана ортақ мүддеге қол жеткізуге болатындығын және сол арқылы әрбір отбасы мүшесі өз мүддесіне, бақытына қол жеткізетіндігін айтқан. Бұдан, отбасында адамдар бақыт жолына өзара көмек, достық, бірлік қатынаста өмір сүруі ләзім дей отырып, әл-Фараби «Адамдар туралы айтсақ оларды қосатын және байланыстыратын дәнекер, тұтқа – адамгершілік болып табылады. Сондықтан, адамдар отбасында адамзат тегіне жататын өзара бейбітшілікпен татулықты сақтауы керек» [3], - деп тұжырым жасайды.

Әл-Фараби мінез-құлық тәрбиесіне айрықша мән берген. Ол өзінің «Бақытқа жету жолында» деген еңбегінде «жақсы мінез-құлық пен ақыл күші – адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелділікті табамыз және осы екеуі арқасында адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады. Мінез-құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, онда ол жақсы немесе жаман мінез-құлыққа тап болғанда, қарама-қарсы мінез-құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін» [3], - деп адамда жақсы мінез-құлық болуын талап еткен.

Әл-Фараби өзінің «Бақыт жолын сілтеу» атты трактатында мінез тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ол былай дейді: «Мінезділік – бақытты болудың басты шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-оңай айрылады, тіпті бақытсыздыққа ұшырап қалады. Оны мұндай күйге түсіретін – оның нашар мінезі» [3].

Әл-Фараби кемел адамды тәрбиелеудің екі түрлі әдісін атап көрсеткен. Біріншісі, адамның сезіміне әсер ететін иландырғыш – нақыл сөздер әдісі. Бұл әдіс арқылы адамдарды өз еркімен игілікті істерді жасауға жігерлендіруге болады. Ал екіншісі – өз еркімен, өз қалауымен жөнге келмейтін, сөзге құлақ аспайтын, бүлікшіл және көнімсіз ересек адамдарға қолданатын

күштеу әдісі [3].

Өл-Фараби жалпы қауым мүшелерін, оның ішінде әсіресе жастарды тәрбиелеуде аталған «жұмсақ әдіс» пен «қатты әдісті» ұштастырып қолдануды талап етті.

Сонымен ғұлама қоғамда «Кемел адамды тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз» [3], - деп қорытындылаған.

2. Ғұлама Ж.Баласағұни өзінің «Құтты білік» дастанында адамның өмірінде білімнің мәні, бақыт туралы, іс-әрекеттің оңы мен терісі, тілден келетін пайда мен зиян, әр текті жұртшылықтың тілін табу, жанұя мен неке, ұл мен қыздың өнегелі тәрбиесі, ата-анамен балалардың қарым-қатынасы мәселелері кеңінен сөз болған [4].

Дастанда жақсы мінез-құлықты тәрбиелеу мәселесі айрықша айтылған. Өйткен жақсы мінез-құлық кемелділік өлшемі ретінде қабылданып, ол туралы ақын былай дейді: «Кісілік қымбат емес, кішілік қымбат»; «Ұлық болсаң, кішік бол»; «Жақсы мінез-құлық әдептілік, кішіпейілділік ең алдымен адамның тәлім-тәрбиесіне байланысты» [4] деп түйеді. Сондай-ақ Жүсіп ақыл, білім, білік туралы: «Ақыл қайда болса, ұлылық сонда»; «Білім кімде болса, сол білікті болады» [4], - деп пікірлер айтқан.

Ж.Баласағұнидің отбасында қыз бала тәрбиесіне және ер бала тәрбиесіне де ата-ананың орнын ешкім ауыстыра алмақ емес, әсіресе ер бала тәрбиелеуде әкенің жеке басының өнегесі, оның мінез-құлқы мен тұлғалық қалыптасуында маңызды деп санаған. Ол былай дейді: «Ұл-қыз кесір, болса ессіз, парықсыз, өнегесі-ай әкенің, ұл әкенің арқасында жаралар, Ана қарнын, тек бірнеше ай паналар» [4].

Сондай-ақ отбасында ұл мен қыздың тәрбиесі ең маңызды екендігін ақын: «Ұл мен қыздың өнегесі ата-ана, Бәрі бізден – дұрыс па, әлде қата ма» [4], - деп бала тәрбиесіндегі

жетістік те, теріс қылықтар да бәрі – ата-ана өнегесі мен берген тәрбиесінің нәтижесі екендігін дәлелдейді. Ғұлама ақын отбасында балаларға адамгершілік тәрбиесін беруді, ол үшін адамгершілік қасиеттерді сәби шағынан олардың бойына дарыту қажеттігін былай айтқан: «Сәбиінде көкірекке түйгені, өлгенінше санасында жүреді» [4].

Жүсіп отбасында баланы шектен тыс еркелетіп өсірудің түбі кері нәтиже беретінін ескерте отырып былай дейді:

Шолжаңдатпа, білсін тәртіп, талапты,

Талап қысқан бала құты, талантты, [4] деп қатаң тәртіп нақтылық пен ұқыптылықты қалыптастыратынын айтады.

Ақын қыз бала тәрбиесінде оның ер балаға қарағанда ерте есейетінін ескере келіп, қыз бала тәрбиесінде еркелікке жол бермеуді жөн деп санайды. Ол «Кім ұл-қызын шолжаңдатса бетімен, тартар күйік, ет кескендей етінен» [4] деп, ұл және қыз баласының шектен тыс еркелігі ата-анасына үлкен сын боларын түсіндіреді. Ол үшін қатал тәрбие әдістерін қолдануды кеңес береді:

«Талшыбықпен аршы қырсық-түйнектен,


Ұл мен қызға таяқ білім үйреткен» [4] деп білімді меңгеру үлкен табандылық пен шыдамдылықты қажет ететіндігін, ол үшін балаға қатаң талап қоюдың маңыздылығын сипаттайды.

Балаға отбасында қатаң тәртіптің болуы қашан да ата-ананы қуанышқа бөлейтінін, ақын: «Жаны жұмсақ – қатты ұстаған баланың, Жарық жүзі ата менен ананың» [4] деп тәртіпке үйренген балалардың қашанда жауапкершіліктерінің жоғары болып, ата-ана көңілінен шығып отыратынын түсіндіреді.

Сонымен, «кемел адам» тұлғасын қалыптастыру мәселесінің теориялық негіздеріне орта ғасырлық Шығыс ойшылдарының көзқарастарын алу арқылы жеке тұлғаны ұлтжанды зияткер азамат етіп қалыптастыруға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы». – Астана, 2007.
- 2.Құнанбаев А. Қара сөз, поэмалар. –Алматы: Ел, 1992.
- 3.Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.
- 4.Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 5.Иасауи А. Диуани хикмет. – Алматы: Мұраттас, 1993.
- 6.Әтемова Қ.Т. Қазақ отбасы тәрбиесінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007.



*«Кемел адамды тәрбиелеу дегеніміз –
халықтардың бойына білімге негізделген
этикалық ізгіліктер мен өнерлерді
дарыту әдісі деген сөз»*

Әл-Фараби.

МРНТИ 14.07.05

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ГИГИЕНАЛЫҚ ТӘРБИЕ

С.Қ. Құсайынова

Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің п.ғ.к., доценті, Тараз қ.

Мақалада қазақ халық педагогикасындағы гигиеналық тәрбие қазақ халқының салт-дәстүрлері, ислам діні мен мақал-мәтелдердегі тазалық мәдениетінің көрінісі арқылы анықталынған. Қазақ ғалымдарының қазақ халқының тазалық мәдениеті, исламдағы тазалық және мақал-мәтелдердегі тазалық сақтау туралы еңбектеріне талдау берілген.

Тірек сөздер: тазалық, қазақтың тазалық мәдениеті, исламдағы тазалық, мақал-мәтелдердегі тазалық.

В статье гигиеническое воспитание в казахской народной педагогике определено как отражение культуры чистоты в обычаях и традициях, исламе и пословицах-поговорках казахского народа. Дан анализ трудов казахских ученых о культуре чистоты народа, чистоты в исламе, чистоты в пословицах и поговорках.

Ключевые слова: чистота, культура чистоты народа, чистота в исламе, чистота в пословицах и поговорках.

The paper hygiene education in Kazakh folk pedagogy defined as a reflection of the culture of cleanliness in the customs and traditions, Islam and proverbs, sayings of the Kazakh people. The analysis of the works of Kazakh scientists on the culture of the people of purity, the purity of Islam, cleanliness in proverbs and sayings.

Keywords: purity, the purity of the culture of the people, the purity of Islam, cleanliness in proverbs and sayings.

Гигиеналық тәрбие жас ұрпаққа салауатты өмір салтын қалыптастырудың құрамдас бөлігі ретінде өзінің алдына әрбір адамның денсаулығын қорғауға бағытталған, балалар мен жеткіншектерді гигиеналық білімдермен таныстыру арқылы олардың тазалық сақтау дағдыларын қалыптастыру міндетін шешеді. Бұл міндетті шешуде халықтық салт-дәстүрлерді, ауыз әдебиетінің даналық көзі – мақал-мәтелдерді, исламдағы тазалықты пайдалану оқушыларға гигиеналық тәрбие беруді халықтық сипатта жүзеге асырып, оның тиімділігін арттырады.

Сондықтан қазақ халық педагогикасындағы гигиеналық тәрбиенің мазмұны халықтық салт-дәстүрлер арқылы қалыптасатын қазақтың тазалық мәдениеті, мақал-мәтелдері және исламдағы тазалықтың орны мен маңызы арқылы анықталады. Ал бұл мәселелер

бойынша бірқатар еңбектер жарық көргенін анықтадық. Мысалы, **Ә.Ысқақтың «Қазақтың тазалық мәдениеті»** атты кітабында автордың пікірінше «Тазалықты әуелден денсаулық кепілі деп білген қазақ халқы оның тән тазалығын сақтаумен бірге салт-дәстүрлермен, жол-жосындармен, исламдық қағидалармен сабақтасатын жан, қан және рух тазалығына да ерекше көңіл бөлген. Қолдарыңыздағы ұсынылған жинақта ұлт пен отбасы тазалығы, тән мен қан тазалығы, күнделікті қолданылатын мүліктердің тазалық рөлі, діни сенім тұрғысындағы жан тазалығы әрісі рухани пәктікті кепілдендірер тазалық таразыланады. Қазақтың тазалық мәдениетінің тамыры тереңде екендігіне осы кітапты оқи отырып, көз жеткізесіз» делінген [1].

Кітапта ұлт және отбасы тазалығы, тән және қан тазалығы, қазақтың салт-дәстүрлері

арқылы тазалық мәдениетін қалыптастыру, тазалық-саулық негізі, қазақ бесігіндегі тазалық, діни сенім мен тазалық және адам қайтыс болғаннан кейін ұзату әдептері мен жосындары қарастырылған.

Исламтанушы **Қ.Бағашардың «Исламдағы тазалық»** атты еңбегінің кіріспесінде тазалықтың ислам дініндегі орны, тазалықтың түрлері, дәрежелері, оның өлшемі мен адам табиғатындағы тазалық мәселелері қарастырылған.

Еңбектің бірінші тарауы тән тазалығы мен құлшылыққа қажетті тазалық түрлерін қамтиды. Онда: тырнақ, беті-қол, аяқ, тіс, көз, құлақ, мұрын тазалығы, шаш пен сақал күтімі, әурет тазалығына қатысты мәселелер (дәрет алу, истибра, истинжа), мәсі кию, ғұсыл алу, тәйәммум соғу, әйел кісілердің жеке тазалығы, сұрақ-жауап күйінде т.б. мәселелердің жай-жапсары, шариғаттағы үкімдері сөз болады.

Екінші тарау қоршаған орта, үй-жай мен аула, жол, қоғамдық орындар мен мешіттердің тазалығына арналған. Ауа мен судың тазалығы, діни тұрғыдан лас немесе таза болып саналатын заттар, нәжіс саналған затты тазартудың жолдары, бұған қоса үйге сурет ілу, ит асырау, шашты бояу, денеге сурет салу секілді күнделікті өміршең мәселелердің де діни үкімдері білдірілген.

Үшінші тарау күнделікті тұтынып жүрген өнімдеріміз бен ас-судың тазалық үкімдерін тілге тиек етеді. Онда тамақтану гигиенасы, бисмилласыз сойылған мал, доңыз етінің харам етілуінің себептері, маргарин майын тұтыну жайы, алкоголь мен шылым шегуге қатысты шариғаттың үкімдері қамтылған.

Төртінші тарауда табыстың адалы мен арамы, кіріс көздерінің халалы мен харамы, тұтытуда ысырапшылдыққа жол бермеу мәселелері қарастырылған.

Бесінші тарау жан тазалығын қозғайды. Онда жан тазалығын құрайтын жүрек тазалығы (қалбун сәлим), тәуба, ықылас, тақуалық, әдептілік, турашылдық, жылы жүзділік, кішіпейілдік, түрлі жаман әдеттерден аулақ болу мәселелері сөз болады [2].

М.Әлімбаев пен С.Субханбердиннің

«Денсаулығыңды ойласаң...» атты кітапшасында денсаулық жөніндегі дүние жүзі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының денсаулық және оны сақтау мен күшейту жөніндегі қанатты сөздері мен мақал-мәтелдері – әділ сыншы, адал, ақылшы ғана емес, сонымен бірге есті, епті емші, әсіресе парасатты тәрбиеші екендігі сөз болған [3].

С.Ж.Піралиев, К.Н.Нәрібаев, т.б. құрастыруымен шыққан «Ұлттық тәрбие» атты оқу құралы «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» арнайы курс бағдарламасына сәйкес даярланған.

Оқу құралында қазіргі қоғамдағы салауатты өмір салтын қалыптастыру, бесік тәрбиесі, адам ағзасын уландыратын заттар, маскүнемдіктің адам болмысына және мінез-құлқына әсері, нашақорлық – өлім, жезөкшелік – азғындық жолы, ЖҚТБ – әлемдік індет, бүгінгі жастар және құмар ойыны және ислам дініндегі араққа салынатын тыйымдар, Құран аяттары мен Пайғамбардың хадистері арқылы баяндалған [4].

С.Қ.Құсайынованың «Орта мектеп оқушыларына гигиеналық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі» атты көлемді монографиясында орта мектеп оқушыларына гигиеналық тәрбие берудің теориялық негіздері, Шығыстың ортағасырлық ойшылдарының гигиеналық көзқарастары мен қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға гигиеналық тәрбие беру туралы ой-пікірлері арқылы жасалынған [5].

Енді қазақ халық педагогикасындағы тазалық (гигиеналық) тәрбиесінің мазмұнын жасалық.

Қазақ «Тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Мұнан біз жан тәрбиесінің өзі тән тәрбиесінен бастау алатын үрдіс екендігін көре аламыз. Қай кезде де ұрпағының аман-сау, дене күші мығым азамат болып өсуін армандаған халық нәресте жаңа дүние есігін ашқан сәттен алақанға салып, ең алдымен дене күтіміне көңіл бөлген.

Қазақ халқы баланы жастайынан дені сау азамат болып өсуін тілеген. Жаңа туған нәрестені қалай күту жөнінде ежелері келін-

деріне ақыл-кеңес беруі; сәбиді тұзды сумен шомылдыруы; денесін маймен сылауы; қол-аяғын созып, «өс, өс, өс» деп буындарын бекітуі; шала туған баланы түлкі тұмаққа салып асырауы; оған бие сүтін беруі; қойдың құйрығын нәрестеге сорғызуы – сол қамқорлықтың айғағы. Денсаулық сақтауға ерекше көңіл бөліп, оның негізі тамақ екенін түсінген халық «Денсаулық кепілі – ас» деп, ас болса ауру болмайтынын былай түсіндірген: «Ас тұрған жерде ауру тұрмас», «Ас – адамның арқауы», «Ауру – астан» деген мақалдар соған дәлел бола алады.

Дұрыс тамақтану да денсаулық сақтаудың кепілі, оны сыпайылық, мәдениеттілік деп түсінген халық асты аса тойып жеуге, қомағайлыққа қарсы болған. Оны былай ескерткен: «Ертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама», «Жарты құрсақ пайда», «Алты күн аш болсаң да, Атаңның әдетін сақта».

Тамаққа және денсаулыққа байланысты мақал-мәтелдерде үнемділікке, қанағаттылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелейді. Мысалы, «Қанағат қарын тойғызады, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызады», «Тарта жесең тай қалар, қоя жесең қой қалар, қоймай жесең нең қалар».

Адамның ауруы және саулығы тазалыққа байланысты пайда болатынын халық былай түсіндірген: «Қотыр қолдан жұғады, таз тақиядан жұғады», «Көзің ауырса, қолыңды тый», «Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі».

Қазақтың халықтық медицинасының тәжірибесіне сүйеніп, ата-аналар балаларын түрлі аурулардан өздері жазып отырған. Мысалы: Баланың тамағы ауырса, жалбызбен шайғызған; Баланың тісі ауырса, мендуана басып қойдырған; Баланың іші ауырса, сынап ішкізіп қойдырған, немесе іш ауырғанда қойдың құйрық майымен сылап қойдырған; Баланың аяқ-қолы қақсаса, ерменнің бұлауына салып жазған; Баланың басына қотыр түссе, күлден жасалған қара сабынмен жуып кетірген.

Халық емшілері түрлі шөптерден әр-түрлі дәрілер жасап оларды ауру-сырқауларды жа-

зуға қолданған. Халықтық медицина қазақ халқында кең дамыған. Ол туралы соңғы жылдары бірнеше әдебиеттер жарық көрді. Емшілік қабілеттері бар сынықшы, тамыршы, отамашылар қазақта көп болған. Олар түрлі аурулардың пайда болуын, оларды жазу жолдарын білген, сондықтан халықтық медицинаны ғылыми медицина теріске шығара алмайды, оның жетістіктерін пайдалануы тиіс.

«Ақылды адамға иман парыз, иманды адамға ғибадат парыз» деп ағартушы Абай айтқандай, адам баласының бұл дүниеге жіберілуінің түпкі мақсаты – Жаратушыны тану болса, танығаннан кейінгі кезекте құлшылық жасау тұратыны айтпаса да белгілі. Ал құлшылық өз кезегінде тазалықсыз жүзеге аспайды.

Ислам дінінде тазалықтың орны ерекше. Тіпті ол «иманның жартысы» болып есептеледі. Сондықтан да мұсылмандар әрдайым тазалыққа ынталандырылған. Күнделікті құлшылығының бәрі тазалыққа негізделген. Бұл турасында Құранда: «Аллаһ көп тәубе етушілерді және көп тазарғандарды ұнатады», - делінген.

Ислам дініндегі алғашқы әмірлері де тазалыққа байланысты келген. Алғаш түскен аяттардың бірінде: «Киімді таза ұста! Әр түрлі лас істерден аулақ бол», - делінген. Бұл аятта сыртқы және ішкі (рухани) тазалықтың өзара байланысы сөз болған. Мүминдерге жүректі, рухты, бойды, киім-кешек пен арды таза ұстау міндеттелген.

Исламда тазалық және тазалану мағыналарын білдіретін негізгі ұғым – бұл «тахарат». Құран Кәрімде тазалыққа қатысты 31 жерде кездесетін негізгі терминдер осы сөзден тарайды. Олар сумен немесе өзге де жолдармен тазалануды, күнәдан, харамнан бойды аулақ ұстауды, сонымен қатар, мінез-құлық пен ахлақ тазалығын, пәктікті білдіреді.

Намаз оқу үшін дәрет алып тазалық жасаудың міндеттелуі де тегін емес. Дәрет алмаған жан намаз оқи алмайды. Мәселен, Құрандағы мына аят дәретке, тазалыққа ерекше көңіл бөлетін Құба мешітіндегі сахабалар жайлы түскен: «Алғашқы күннен-ақ тақуалық негі-

зінде құрылған мешітте (Құба мешіт) намаз оқығаның әлбетте ең дұрысы. Онда тазарғанды жақсы көретін адамдар бар. Аллаһ барынша тазарушыларды ұнатады».

Жан дүниесінің тазалығымен қоса сыртқы, тән тазалығын ұқыптап күткен мұмин Аллаһтың сүйіспеншілігіне бөленеді. Исламның бес парызының бірі намаз оқу үшін тазалықтың міндеттелуі мұсылманның өмірінде тазаланудың қаншалықты маңызды орын алатындығын аңғартады. Бұған қоса, намазға дайындық барысында дененің, киімнің және намаз оқитын орынның таза болуы шарт. Бұл туралы Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Намаздың кілті – тазалық!» - деп бұйырған [2].

Пайғамбарымыз хадистерінде: «Аллаһ – кіршіксіз таза, тазалықты сүйеді», - деп атап өткен. Мысалы, Аллаһ елшісінің: «Тазалық – иманның жартысы, ал әлхамдулиллаһ таразы басын толтырады», - деген өсиетіндегі «тухур» сөзі сыртқы тазалықпен қоса тәубе ету, кешірім сұрау (истигфар), Аллаһқа жалбарыну, әрдайым Аллаһтың назарында екенін сезіну, жиі-жиі өз іс-әрекетіне есеп берумен қатар шынайы құлшылық ету арқылы жүзеге асатын рухани тазаруды да қоса қамтитын кең түсінік. Осы айтылғандарды өмірлік қағида ретінде ұстанған мұсылманның кәміл иман иесі болары анық.

Бұл мәселені екі тұрғыдан қолға алып қарастырған жөн. Біріншіден, тазалық салдыр-салақтықтан арылтса, екіншіден, жүректі жаман әдеттен, нашар мінез-құлықтан айықтырып, тазартады. Міне, жан мен тән тазалығын камшының өріміндей қатар өрген жан «Тазалық – иманның жартысы» деген пайғамбар өсиетін орындаған болады. Алайда, иманның жүректе нықтап ұялауы – тек Аллаһтың қалауымен болатын дүние. Сайып келгенде, адам құлшылық мақсатында тазалыққа ден қойып, талпынса, жан дүниесі тазарып, сөзсіз оның жүрегіндегі иманы күшеймек.

Тазалыққа қатысты тағы бір айта кетерлік мәселе, аяттар мен хадистердің түпкі мәніне үңіліп, зерттеп, зерделеген ғалымдар дінімізде жүрек тазалығының бәрінен жоғары тұратындығы жайлы тоқтамға келген. Өйткені,

ардақты пайғамбарымыздың жоғарыда айтылған хадисінде тек сумен атқарылатын сыртқы тазалық айтылмаған. Су арқылы тән кірден арылғанымен жүрек күнәға белшесінен батса, бұның толыққанды тазалыққа жатпасы белгілі. Демек, ішкі және сыртқы тазалық өзара үндескенде ғана ол иманның жарты бөлігін құрайды [2].

Сондай-ақ тазалыққа байланысты Хадистер былай дейді: «Мұсылманға Аллаһ міндеттемеген істің бірі – әр жеті күнде бір рет бастан-аяқ жуынып ғұсыл құйынуы»; Қолы ет немесе май сасыған күйі қисая кеткен адам қандай да бір ауруға тап болса немесе жан-жануарлар мен жәндіктерден бір зиян шексе, онда оған өзінен басқа ешкімді кінәламасын; «Тағамның берекеті – тамақтан бұрын және кейін қолдың жуылуында»; «Ұйқыдан тұра сала қолды үш рет жумайынша басқа ыдысқа қол тигізбеңіз, өйткені қолдарыңыздың (дененің, ағзаның) қайсысын ұстағанын біле алмайсыз»; «Әй, иман келтіргендер! Намазға тұрған кезде жүздеріңді, (шынтақтарыңа дейін) білектеріңді жуындар. Бастарыңа мәсіх тартындар, (тобықтарыңа дейін) аяқтарыңды жуындар. Жүніп болсаңдар (бой дәретсіз болсаңдар) толық тазаланындар»; «Тістеріңді мисуакпен тазартындар. Бұл тазалыққа жатады. Тазалық болса иманға жетелейді. Иман – иесімен бірге жәннатта»; «Шаш пен сақалды саусақпен салалаңыз. Қылдардың ара-арасын, түптерін таза ұстауға тырысыңыз. Тырнақтарды қысқартыңыз. Өйткені шайтан ет пен тырнақ астында жүреді» [2].

Қазақ халық педагогикасы арқылы гигиеналық тәрбие беру мәселесімен зерттеу жұмысын жүргізгеніміздегі тәжірибелік-эксперименттік сабағымының толық мазмұнын келтіруді жөн көрдім. Менің пікірімше, қазақ халқының мақал-мәтелдерін оқушыларға гигиеналық тәрбие беруде пайдаланудың жолдары, формалары мен әдістері көп-ақ. Оларды сабақта, сыныптан және мектептен тыс жұмыстарда пайдалануға әбден болады. Тақырыптың мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелдерді материалды өтер алдында, сабақты түсіндіру, әсіресе қорытындылаған

кездерде пайдаланса өте әсерлі, әрі тиімді болатындығын тәжірибемізден көріп жүрміз. Біз белгілі әдебиетші Өтебай Тұрманжановтың құрастыруымен жарық көрген «Қазақтың мақал-мәтелдері» деген көлемді жинақтан және мерзімдік баспасөз беттерінен гигиеналық мазмұндағы мақал-мәтелдерді, әдебиет пәні мұғалімдерінің жәрдемімен іріктеп алдық. Соларды сабақтарда, сабақтан тыс жұмыстарда, баяндама жасағанда, кештер және экскурсия өткізгенде мейлінше мол пайдаланамыз. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарда да бұлардың көп көмегі тиіп жүр.

«Тән тану» пәні сабақтарында мақал-мәтелдерді пайдалану жолдарына қысқаша тоқталайық. 9 сыныпта осы пәннің «Асқорыту» тарауындағы «Қоректік заттар және тамақтық азық-түліктер» тақырыбын өтер алдында оқушыларға халықта «Ас – адамның арқауы», «Ас тұрған жерде – ауру тұрмас», «Аз қайғыны ас басады, көп қайғыны дос басады», «Ауру – астан, дау – қарындастан», «Тәні саудың – жаны сау», «Іш кетсе, күш те кетеді» деген мақалдар бар, сендер оларды қалай түсінесіңдер деген сұрақ қоямыз. Әрине, оқушылардың жауаптары астың адам тіршілігіндегі маңызы төңірегінде болады...

Тамақтың химиялық құрамын түсіндіріп болған соң, біздің қазақ халқы астың құрамына өте ертеден көңіл бөлгендігіне тоқталамыз. Мысалы, қазақта мынадай мақалдар мен мәтелдер бар: «Арақтың сорпасында дәм болмайды, ақылсыздың сөзіндемән болмайды», «Көженің кенеуі болса, қымыздың қызуы бар» десек, құрамында белогы көп тағамдарды атағанда: «Ет етке, сорпа бетке» деп, қазақ ет пен сорпаны маңызды тамақтардың қатарына ертеден қосқандығын айтамыз.

«Тамақтану гигиенасы. Ішек-қарын ауруларынан алдын ала сақтану» тақырыбын өткенде, тамақтану кестесін мөлшерлейді, бір күнгі жейтін тамақ мөлшерінің 25 % таңертең, түсте 50 %, түс ауғаннан кейін 15 %, кешке 10 % қабылдау керектігін және көптеген отбасы тамақтың көп мөлшерін кешке, жатарда ішетінін, содан ұйқыларының мазасыз болатынын, осыған байланысты адам

шымшытырық түстер көретіндігін айта кеткен де орынды.

«Тәбет» тақырыпшасын түсіндіргенде, тәбеттің жақсы болуы астың жақсы сіңуінің кепілі екендігін, сондықтан халық «Қайғысыз – қара суға да семіреді» деп көңіл-күйдің маңызын тұжырымдаса, «Ас иесімен тәтті», «Асы бар аяқ әдемі», «Тамақ табағымен жарасты, батыр жарағымен жарасты» деген мақалдарда халық тамақты шын ықыласпен, таза, әдемі ыдыс-аяқпен берудің гигиеналық маңызын ертеден білгенін айтамыз.

«Тыныс алу» тарауындағы «Ауа арқылы жұғатын аурулар», «Қолдан тыныс алдыру» тақырыптарын өткенде тұрмыстың, жеке бастың тазалығын сақтаудың жолдарын айта келіп, «Жұғын бар жерде шыбын бар, шыбын бар жерде шығын бар» десек, тыныс алу органдарының аурулары – туберкулез, тұмау, баспа және тағы басқа жұқпалы аурулардың алдын алу жолдарын түсіндіргенде «Сынықтан өзгенің бәрі жұғады», «Тұмау аяғы құрт, тұман аяғы жұт» деген мақалдарды пайдалансақ, қоршаған ортадан жұғатын аурудың алдын алудың, денсаулық сақтаудағы маңызын айта келіп: «Аурудың алдын алмаған өледі, даудың алдын алмаған төлейді» деген мақалмен қорытындылауға болады.

«Терінің гигиенасы» деген тақырыпшаны балаларға түсіндірер алдында «Қотыр қолдан жұғады, таз тақиядан жұғады» деген мақалды қалай түсінесіңдер? – деген сауал қоямыз. Балалар пікірлерін ортаға салады...

«Сезім органдары» тарауындағы «Көру және оның гигиенасы» тақырыбына арналған сабақта көру органдарына қойылатын гигиеналық талаптарды еске салып, көздің көруінің нашарлауы кейде ауру тудыратын микробтардың зиянды әсерінен болатынын айтып, «Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, аузыңды тый» деген мақалды мысалға келтіреміз.

«Жоғарғы дәрежелі жүйке қызметі» тарауындағы «Ұйқы және оның маңызы» деген тақырыпты өткенде адамның ұйқысы қанбаса немесе екі-үш тәулік бойы мүлдем ұйықтамаса, онда жүйке жүйесі нашарлайтындығын айта

келіп, «Ұйқы орын талғамайды», «Ұйқы жастық талғамайды» секілді мақалдарды мысалға келтірген жөн. Халықтың мақал-мәтелдерінде физиологиялық идея барын айтамыз. Сонымен, оқушыларға гигиеналық тәрбие беруде мақал-мәтелдерді пайдалану, олардың білімін толықтырады, денсаулығын сақтауға, таза-

лыққа, ұқыптылыққа және аурулардың алдын алуға көмектеседі.

Қорыта айтарымыз, гигиеналық тәрбиені адамның денесін таза ұстап, денсаулығын сақтау арқылы өз ағзасын дамыту халықтық сипатта жүзеге асырғанда ғана тиімді болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ысқақ Ә. Қазақтың тазалық мәдениеті. –Алматы: Өнер, 2012. -192 б.
2. Бағашар Қ. Исламдағы тазалық. –Алматы: Көкжиек-Б, 2010. -216 б.
3. Әлімбаев М., Субханбердин С. Денсаулығыңды ойласақ... -Алматы: Қазақстан, 1974. -160 б.
4. Ұлттық тәрбие (Салауатты өмір салтын қалыптастыру). / Құраст.: С.Пірәлиев, т.б. –Алматы, 2010. -208 б.
5. Кусаинова С.К. Теория и методика гигиенического воспитания учащихся средней школы. –Алматы: Шикула, 2004. -260 с.



*«Тазалық – саулық негізі,
саулық – байлық негізі»*

Халық даналығы.

МРНТИ 14.07.05

**МЕКТЕПТЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ
АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІНІҢ ОРНЫ**

Ғ.Қ. Хасенов

Алғашқы әскери дайындық және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,
Көктал жалпы орта білім беретін мектебі, Жаңаарқа ауданы, Қарағанды облысы

Мақалада мектепте оқушыларға патриоттық тәрбие беру үдерісіндегі алғашқы әскери дайындық пәнінің орны мен рөлі мәселесі қарастырылады. Патриотизм ұғымын сараптаумен қатар, жастардың бойында ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру қажеттілігі айқындалады. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие берудің кешенді, жүйелі үдеріс екені талқыланады.

Тірек сөздер: отансүйгіштік, патриотизм, халық, ел, оқушы, мектеп, оқу үдерісі, тәрбие, алғашқы әскери дайындық.

В статье рассматривается место и роль предмета Начальная военная подготовка в процессе патриотического воспитания учеников в школе. Наряду с изучением понятия патриотизм, обосновывает необходимость формирования у молодежи патриотизма, чувства любви к Родине. Вместе с тем, патриотическое воспитание рассматривается как комплексный, системный процесс.

Ключевые слова: любовь к Родине, патриотизм, народ, страна, ученик, учебный процесс, воспитание, начальная военная подготовка.

In article the place and a role of a subject Basic military training in the course of patriotic education of pupils at school is considered. Along with studying of concept patriotism, proves need of formation at youth of patriotism, feeling of love for the country. At the same time, patriotic education is considered as complex, system process.

Keywords: love for the country, patriotism, people, country, pupil, educational process, education, initial military preparation.

XXI ғасырдың жаһандану үдерісі бүкіл әлем халықтарын бір-біріне жақындатып, мемлекетаралық байланыстарды күшейтіп, өркениеттердің өзара ықпалын одан ары жандандыра түсуде. Жер бетіндегі барлық ұлттар өзара жақындасып, олардың мәдениеті, ділі, діні өзгеріске ұшырауда. Сондықтан жоғары технологиялы өндіріс кең қанат жайған, ақпарат басты құндылыққа айналған қазіргі заманғы қоғамда ұлттық сипаттағы тамыры тереңге жайылған құндылықтарымызды сақтай отырып, заман ағымына лайықты өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын ұрпақты тәрбиелеу өте маңызды қажеттілікке айналып отыр.

Бүгінгі таңда еліміздің әрбір ұлтжанды азаматын ойландырмай қоймайтын, халқымыздың

болашақта рухани тазаруы мен дамуы қалай болады, ұлттық тіліміз бен ділімізді, дінімізді, мәдениетімізді қалай сақтап қаламыз, өз есебімізді өзгеге бермей, өркениеттілікке қалай жетеміз деген сұрақтар өзекті мәселе ретінде күн тәртібінде тұр. Осы мәселелерді шешудің бір жолы – ұлттығымызды, тәуелсіздігімізді жан-тәнімен қорғайтын және оған жасалып жатқан әр түрлі шетпиғылдарға тегеурінді тойтарыс бере алатын ойы орнықты, сөзі салмақты, парасатты азаматтарды тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлтжандылық, отансүйгіштік тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлтжандылық тәрбие

берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында көрініс тапқан: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. 2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек. Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс»[1]. Сондықтан жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді: Қазақстанның барлық азаматтарының білім алуға тең құқылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуына, психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылды. Әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үдерісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Арғы ата-бабаларымыз жас өренді елін, жерін сүйуге үндеп, ұлттық салт-дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Жаңа ғасырлардың белесінде өзінің 25 жыл-

дық тарихына табан тіреген Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Мемлекет тарапынан отансүйгіштікті дамыту, сапалы білімге жол бастау бағытында келелі шаралар атқарылып, көлемді бағдарламалар жасалып жатқаны сондықтан болар.

Ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриотизм сезімдері әркімнің бойында әр кезеңде оянып, кейін кәмелетке келгенде біржола буыны қатып, тәжірибемен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, балабақша, отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар әсерімен қалыптасады. Оларды қалыптастыратын басты орта – отбасы мен мектеп. Өйткені өскелең ұрпақтың өмірінің басым бөлігі осы өзара тығыз байланысты екі ортада өтеді.

Мектеп қабырғасында жас буынның бойында ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриотизм сезімдерін қалыптастыру, оларды Отанға, Қазақстанға, өз халқына деген мақтаныш сезімі тұрғысында тәрбиелеу кешенді үдеріс болып табылады. Жалпы білім беру бағдарламасындағы барлық пәндер осы үдерістің дамуына өз үлесін қосады. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тарихы, халқы, оның тілі, салт-дәстүрі мен мәдениеті. Мектептегі білім беру үдерісі ауқымында осыларды жан-жақты қарастыратын пәндердің барлығы арнайы тәрбиелік жұмыстармен ұштаса отырып, оқушы тұлғасын ұлтжандылық тұрғысында қалыптастыруға ұмтылады.

Бастауыш сынаптардан бастап оқушы Отан, туған жер, ұлт, халық, ерлік, егемендік, тәуелсіздік, патриот ұғымдарын жете түсіне бастайды. Өз Отанының, ұлтының тарихы туралы алғашқы мәліметтер жиынтығымен танысады.

Тарихты оқып-үйрену оқушылардың бойында жалпы адамзаттың қалыптасуы мен дамуы, қоғам, мемлекет, тәуелсіздік жолындағы күрес және т.б. туралы жүйелі білім қалыптастырып, адамзат тарихындағы

халықтар мен жеке тұлғалардың орны мен рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи білімді игеру ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриоттық сезімдермен бірлесе, сабақтаса жүзеге асады.

Жас буынның өз елінің ұлтжанды азаматы, патриоты болып қалыптасуына әдебиеттің де қосар үлесі зор. Өз ұлтының, әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен танысу оқушының рухани құндылықтарды өз бойына сіңіруіне, әдеби шығармалардың жағымды кейіпкерлерінің іс-әрекеті негізінде тәлім-тәртіптік образ қалыптастыруына, өткен мен бүгіннің арасын байланыстырып, өз Отаны, өз халқы туралы мақтаныш сезіміне кенелуіне мүмкіндік береді.

Дегенмен, мектепте оқылатын барлық пәндердің арасында патриоттық тәрбие беруде Алғашқы әскери дайындық пәнінің міндеті айрықша. Алғашқы әскери дайындық пәні бұрынғы Кеңес Одағында жастарды әскери қызметке дайындаудың құрамдас бөлігі ретінде барлық жалпы білім беретін мекемелерде оқытылған болатын. Алайда Кеңес Одағы тараған соң, бұл пәнді мектеп бағдарламаларынан алып тастау – жастарға әскери патриоттық тәрбие беру, оларды әскер қатарында қызмет етуге дайындау ісіне едәуір зиянын тигізіп, жалпы білім беру деңгейіне де әсер етті. Тіпті Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жеке құрамының моральдық-адамгершілік сипатында да көрініс тапты. Сондықтан Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы №1340 «Алғашқы әскери дайындық туралы» қаулысы бойынша «Алғашқы әскери дайындық» пәні жалпы орта білім беретін мектептер мен бастапқы және орта кәсіптік білім беретін ұйымдарда 1996-1997 оқу жылынан бастап қайта енгізілді.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні оқу бағдарламасының негізгі мақсаты – саптық, тактикалық, атыс, медициналық дайындық, топография, азаматтық қорғаныс бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, алған білімдерін практика жүзінде көрсетуге

ықпал жасау. Жас жеткіншектерді болашақта ҚР Қарулы Күштерінің қатарында болуға тәрбиелеу, ең алдымен, олардың бойында Қазақстанның азаматы деген мақтаныш сезімін қалыптастыруды, Отан қорғау қажеттілігін жете түсіндіруді, мектеп түлегі, Отанның болашақ қорғаушысы қандай болуы керек деген сұраққа жауап беруді қажет етеді. Міне осы міндеттерді орындау Алғашқы әскери дайындық пәнінің ауқымында жүзеге асады.

Мектеп ұжымы оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру үдерісінің басты міндеттерін жақсы білуі тиіс. Олардың қатарында мыналарды атап өтуге болады:

- Балалар мен жастарды әскери-патриоттық және азаматтық тәрбиелеу саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асуына үлес қосу.

- Өскелең ұрпақтың бойында патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, оларды еліне қызмет ету, оны қолына қару алып қорғау рухында тәрбиелеу.

- Өз елі мен туған өлкесінің тарихын зерттеу.

- Отан қорғаушыларды мәңгі еске сақтауға байланысты іс-шаралар дайындау және өткізу.

- Қарулы күштердің үздік дәстүрлерімен таныстыру.

- Оқушылардың денсаулығын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

- Оқушыларды әскери қызметке дайындау.

Осындай міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектепте әскери-патриоттық тәрбие берудің жылдық жоспары жасалады. Жалпы жоспар құруға тек Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі ғана емес, басқа да пән мұғалімдері, әсіресе дене шынықтыру, тарих, география, сынып жетекшілері, мектеп әкімшілігі жұмыла қатысып, мектеп ұжымы оны бірлесе жүзеге асыруға тырысады.

Әскери-патриоттық тәрбие, ең алдымен, оқу үдерісінде іске асырылады. Алғашқы әскери дайындық пәні бойынша өтетін сабақтарда оқушылар Отан қорғауға бағытталған әскери қызметтің қыр-сырымен танысады, өздерінің бойында болашақта Қарулы күштердің қатарында болуға қажетті сапаларды дамытады. Оқу бағдарламасына сәйкес оқушылар әскери қызметтің нақты салалары бойынша білім

алумен қатар, Қазақстанның Қарулы Күштерінің тарихымен танысып, олардың бейбіт өмірді қорғаудағы ерліктерін мақтан етеді.

Патриоттық тәрбие өз халқының салт-дәстүрлерін, тарихын білумен қатар, сол елде тұратын басқа ұлттарға құрметпен қараумен, олардың да тарихын, ұлттық бейне-болмысын білумен тікелей байланысты. Көпұлтты мемлекетте ұлттар достығы, ұлтаралық келісімнің орын алуы мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың бойында барлық ұлттардың теңдігі туралы түсінік қалыптастыруды қажет етеді. Ондай түсінік патриоттық тәрбие ауқымында қалыптасады.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру – оқушылардың бойында жоғары патриоттық сана, өз Отанына деген мақтаныш сезімін, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде болашақта өзінің азаматтық парызы және конституциялық міндетін, яғни олардың Отан мүддесін қорғауға дайын болуын қалыптасыруға бағытталған жүйелі, мақсатты іс-әрекет. Ең бастысы, жастар мектеп қабырғасында жүріп өз бойларында өзіне деген сенімді, өзінің білетініне, қолынан келетініне деген сенімді, өзіндік ар-намыстарын қалыптастырады. Сонымен қатар, оларға өмірдің мәнін айқындауда көмек көрсету, заңды, ұжымдық өмір нормаларын құрметтеуге тәрбиелеу, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігін дамыту да мектепте жүзеге асады. Адам бойындағы мұндай қасиеттер, сапалар өз Отанының әл-ауқаты мен оның іргесінің берік болуына, қорғаныс қабілетін арттыруға қамқорлық танытудан көрінеді. Сондықтан мұндай қасиеттер, сапалар болашақ Отан қорғаушысына ғана емес, жалпы кез келген адам үшін қажетті болып табылады.

Бүгінгі таңда әлемде, өз қоғамымызда болып жатқан өзгерістер мемлекет аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестерге қарсы ұйымшылдықпен күрес, халықтың бейбіт өміріне қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың маңызды екенін көрсетіп отыр. Бұл жастарды ұлтжандылық, отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеудің де маңызын арттыруда. Өйткені, патриотизм дегеніміз тек қана Отанға деген сүйіспеншілік емес, ол жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланысты екенін сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, яғни патриотизм мемлекет деген ұғымның жеке адаммен, оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен байланысты болуын білдіреді.

Қазіргі уақытта оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Осыған байланысты мектеп ұжымының басты міндеті – орта мектепті бітіретін оқушының өмірге белсене араласуына, ғылымның шапшаң дамуына ілесіп, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеруіне, өмірде өз орындарын табуына жағдай жасау. Көрнекті педагог В.Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады» [2], - дейді. Демек, шәкіртке жанжақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат болатын жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Алматы ақшамы. – №151-152 (4713). -2012. -15 желтоқсан.
2. Джонисова Г.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда шағын мәтіндерді пайдалану //Этнопедагогика. Республиканский научно – методический журнал. - 2008 №4 – 496.

МРНТИ 14.07.05

САЙЫН МҰРАТБЕКОВТЫҢ «ҚЫЛАУ» ӘҢГІМЕСІН
ОҚЫТУДАҒЫ ТӘРБИЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

А.О. Байқоңырова

Әл-Фараби атындағы орта мектептің «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінің мұғалімі,
Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысы

Ғылыми мақалада Сайын Мұратбековтың «Қылау» әңгімесін оқытудағы оқушыларға берер тәрбиелік мәселелер сөз етіледі. Жазушының шығармасындағы көркемдік ерекшелік, образдық суреткерлік мәселелері сөз етіліп, оқушыларды тәрбиелеуге бағытталған арнайы сабақ жоспары ұсынылған. Шығармадағы достық ұғымының мән-маңызын ашудағы автордың суреткерлік ерекшелігі нақтыланған.

Тірек сөздер: көркем шығарма, көркемдік ерекшелік, образ, білім алушы, жазушы шеберлігі.

В научной статье рассматриваются вопросы воспитания школьников по произведению «Қылау» Саина Муратбекова. Обсуждается художественная особенность творчества писателя, вопросы образного описания. Предлагается специальный урочный план направленный на воспитание учеников. Конкретизируется важность творческой особенности автора в раскрытии значения понятия «дружба» в произведении.

Ключевые слова: произведение искусства, художественные различия, изображение образа, обучающийся, мастерство писателя.

In the scientific article deals with the education of pupils at work «Kylau» by Sain Muratbekov. Discuss the artistic features of the writer, questions figurative description. It proposed the appointed special plan aimed at training students. Narrow down the importance of the creative features of the author in discovering the meaning of “friendship” in the product.

Keywords: artwork, artistic differences, image, student, skill of the writer.

Кез келген шығарма адам болмысын тәрбиелеуге негізделеді. Білім беру бағдарында ұлттық тәрбиелік білім негізінің әр шығарма құрылымынан, көркемдік негізінен оқушының болмысын дамытуға пайдасын тиері анық. Білім мен ғылымның дамуы негізінде, қазақ қоғамының көркемдік әлемінің рухани белесінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Жалпы, әдебиет – ұлттық таным-түсінік дамытып, көркем сөйлеуге баулитын көркемдік құрал. Еліміздің болашағы кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірінде бүгінгі күні білім алып жатқан оқушылардың көркем әдебиетке деген сүйіспеншіліктері арттыруда екенін түсіну қажет. Сол шығарма бойынан рухани мәдени болмыстарын қалыптастыруда қазақ әдебиеті бағдарламасындағы көркем

шығармаларды оқыту мен оқуға қызықтыра білу жұмыстарының рөлін арттыру маңызды. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Адам баласының бүкіл ғұмырындағы ең сенімді және ең сабырлы серігі – кітап», - деп атап өткеніндей, бүгінгі оқушыларды кітап оқуға ден қоюы бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Бүгінде оқушылар интернет қарап, бар материалды сол жерден көшіріп алып немесе ақпараттық мүмкіндіктерді пайдалану арқылы рухани даму мен жетілу деңгейінің төмендеп бара жатқандығы да кітап оқып ізденуі мен көркем шығармаларға деген қызығушылықтарының жоқтығынан кері кетіп бара жатқандығына көз жеткізуге болады.

Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі ретінде оқу бағдарламасындағы Сайын Мұрат-

бековтың «Қылау» әңгімесі арқылы бүгінгі оқушыға беретін тәрбиелік құрылымы туралы сөз қозғамақпын. Сайын Мұратбеков - қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан, кіші және орта көлемді этикалық жанрлардың мазмұны мен түрін, поэтикасын жаңа леппен, дара мәнермен, сара машықпен байытқан, байытып келе жатқан суреткер. Жазушы шығармашылығы көп қырлы. Біз қаламгер шығармашылығының бір қыры – тәрбиелік маңызы жоғары достықтың рөлін ерекше ашатын «Қылау» әңгімесі төңірегінде ой толғамақпыз.

Аталған әңгіме сюжетін түзетін оқиғада өмір шындығы мен эмоциялық мазмұны терең, көркемдік әлемі бай. Жазушы өз шығармаларына негіз болған өмір құбылыстарын адамның, жасөспірімдердің ең бір асыл арманына, адал сезіміне, достық мәселесіне бөлеп баяндайды. Жалпы шығарманың көркемдік құрылымы мен композициялық құрылысы, Сатай мен Рабиға бейнелерінің бейнеленуінде ерекшелік арқылы оқушының болмыс бітімін дамыту жолдарын өзім өткізген арнайы сабақ жоспарын үлгі ретінде ұсыну арқылы көрсеткім келеді:

Сабақтың мақсаты:

1.Білімділік: Жазушы өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет беру, әңгіменің мазмұнын меңгерту, негізгі идеяларын ұғындыру.

2.Тәрбиелік: әдебиетке, көркем туындыға деген сүйіспеншілігін арттыру және әдеби көркем туынды кейіпкерлері арқылы оқушының ұлттық танымын, адамгершілік, шынайы достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

3.Дамытушылық: қазақ әдеби тілі мен, сөздік қор мен сөз байлығын сауатты пайдалануға баулу, өздігінен жұмыс істеуге бағытталған шығармашылық қабілетін жетілдіру, оларды өмірлік тәжірибеде қолдана білуге үйрету.

Сабақтың түрі: шығармашылық.

Сабақтың әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, баяндау, ойын, шығармашылық, ой бөлісу.

Сабақтың көрнекілігі: көркем әдебиеттер, бейнелі суреттер, бүктемелер.

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі, шаттық шеңбері

II Ұй тапсырмасын тексеру

«Қылау» әңгімесінің мазмұнын сұрау.

III Мақсат қою: бүгін сабақта білетініміз көрнекті жазушы С.Мұратбековтың өмірі мен шығармашылығынан қысқаша мәліметтер, «Қылау» атты әңгіменің мазмұнын мен негізгі идеясы туралы білеміз.

IV Сабақтың эпиграфы:

«С.Мұратбеков – өзі өмір сүрген орта болмысын өз шығармаларына арқау ете білген, өзіндік көркем әлемімен халық ықыласына бөленген жазушы». Л.Дүйсембекова

Сөздік жұмыс:

Қылау – қыста сілбіреп жауатын майда қардың түрі.

Самарқау – баяулық, жайбарақаттық.

Ішік – жүні ішіне қаратылып тігілген қысқы сырт киім.

Шәлкес ой келеді – қисық ой келеді.

Қамыт, доға – атты арбаға жеккенде аттың басына кигізіп мойнында тұратын сопақша келген былғарымен қапталған құрал.

С.Мұратбековтың өміріне шолу.

Әңгіме – көлемі жағынан шағын, баяндау түрінде қара сөзбен жазылған, оқиғаға құрылған көркем шығарма. Әңгімеде оқиғаға қатысатын кейіпкерлер саны шектеулі болады. Әңгімеде өмірдің бір мезеті, қысқа оқиғалар суреттеледі.

Қазақ әдебиетінде тұңғыш балаларға арнап әңгіме жазған – Ы.Алтынсарин.

«Қылау» әңгімесінің мазмұнын айтылады.

Әңгімелерінің тақырыбының көбіне қысқы ауыл, қысқы қар, қалың қарлы даладағы қасқырлар, қысқы ауыл тіршілігі жайлы болуының себебі не екендігін түсіндіру.

«Қылау» әңгімесін сатылай кешенді талдау:

Авторы – С.Мұратбеков

Тақырыбы – адамгершілік, сыйласымдық, қайырымдылық, балаң сезім.

Эпикалық жанр түрі – әңгіме.

Идеясы – Сатай мен Рабиға арқылы таза, нәзік балаң сезімді, адал достықты, адамгершілікті, сыйласымдылықты, қайырымдылықты көрсету.

Шығарманың композициялық құрылыс:
Басталуы. Сатайдың жолға шығуы.

Байланысуы. Баланың өмір мен өлім туралы ойлары.

Дамуы. Сатайдың Рабиғаны кездестіруі.

Шиелінісуі. Рабиға үшін алаңдауы.

Шарықтау шегі. Қыз сыйлығы.

Кейіпкерлер бейнесі:

Жағымды кейіпкерлер – Сатай мен Рабиға.

Жағымсыз кейіпкерлер – жоқ.

Әдеби-теориялық ұғымдар:

Эвфемизм – сыпайы сөйлеу, дисфемизм – дөрекі сөйлеу.

V Әңгімені «Блумның сұрақ қою өлшемдері» әдісі бойынша мазмұнына талдау жасата отырып, проблемалық сұрақтар туындату, ой бөлісу, пікір алмасу, шығармашылыққа жетелеу әңгімеге сыни баға беру.

БІЛІМ. Әңгімені неліктен «Қылау» деп атаған?

ТҮСІНІК. Өмір мен өлім туралы Сатайдың ойлануына не түрткі болды, оны ненің белгісі деп түсінуге болады?

ҚОЛДАНУ. Сатайдың сезімталдығы мен

қайырымдылығын қандай әрекеттерінен байқауға болады?

АНАЛИЗ. Сатай Рабиғаға деген алғашқы балаң сезімін қалай білдіреді?

СИНТЕЗ. Сатайдың Рабиғаны қайта іздеп баруына не себеп болды деп ойлайсыңдар?

СЫНИ БАҒА. Әңгімені «Автор ізімен» стратегиясы бойынша жалғастыру, аяқтау.

VI Сабақты қорыту: «Дыбыстар сөйлейді» әдісі бойынша Сатайға мінездеме беру:

С- сыпайы, сезімтал.

А- ақылды, адамгершілігі мол, арам ойы жоқ.

Т- тәрбиелі, тәртіпті.

А- ақкөңіл, арлы.

Й- инабатты.

О- ойлы, оқымысты.

Қ- қабілетті, қайырымды.

У- уайымшыл.

Ш- шыншыл.

Ы- ынталы.

VIIIҮй тапсырмасын беру.

Бағалау. Сабақта белсенділік танытқан оқушылар бағаланады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұратбеков С. Шығармаларының екі томдығы. Т. 2: Повестер мен әңгімелер / С. Мұратбеков. - Алматы: Жазушы, 1986.- 406 б.
2. Мұратбеков С. Басында Үшқараның / С. Мұратбеков. - Алматы: Қазақстан, 2010. - 479 б. - (Замандастан мирас).
3. Мұратбеков С. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. 1: Повестер / С. Мұратбеков; С. Мұратбеков. - Алматы: Қазығұрт, 2003. - 399 б.
4. Дәдебаев Ж. Жусан иісті дара талант: (жазушы С.Мұратбековтың шығармашылығы жайлы) // Қазақ әдебиеті. - 2006. - 4 - 10 тамыз (№ 31). - 6 б.
5. Жұпарғалиева А. Сайын Мұратбековтың адам образын жасаудағы шеберлігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2006. - № 6. - 73 - 76 б.

МРНТИ 14.07.05

ЖАНАТ АҚМАДИДЫҢ «ЕСЕНГЕЛДІ БИ» РОМАНЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАСТАРҒА БЕРЕР ТӘРБИЕЛІК ТҰЖЫРЫМДАРЫ МЕН КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дүйсенәлі Әлімақын

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2 курс магистранты

Бұл мақалада «Есенгелді би» романында бұрын зерттелмеген мәселелер жаңаша зерделеніп, қазақ тарихындағы көрнекті тұлғалардың әдеби бейнеленуі талданды. Әрі тарихи кезеңдер деректерінің көркем шындықпен бейнеленуі қарастырылды. Аталмыш романның бүгінгі жастарға тарихи оқиғалардан хабар бере отырып, тәрбиелік мәні мен маңызы туралы ғылыми тұжырымдамалар жасалған.

Түйін сөз: Есенгелді би, хан кеңесі, тарихи роман, қазақ билері.

В данной статье анализируется литературное описание известных казахских исторических личностей в романе «Есенгелди бий», так же рассматривается слияние исторических данных с художественной реальностью. Предлагается научная концепция о значимости романа в воспитании современной молодежи, опираясь на исторические факты.

Ключевые слова: Есенгелди бий, Совет хана, исторический роман, казахские бии.

This paper analyzes the literary description of known Kazakh historical figures in the novel «Esengeldi bi», is regarded as a merger of historical data from an artistic reality. It proposed the scientific concept of the novel's importance in the education of today's youth, based on historical facts.

Keywords: Esengeldi biy, Council Khan, a historical novel, Kazakh bies.

Тарихи дәуіріміздегі ұлы тұлғаларымызбен қымбатты деректерімізді ұғындыруға ұлы әдебиетіміздегі өзекті жанрдың бірі болған тарихи роман жанрының қымбаты бөлек болғаны шындық. Тарихи роман арқылы қаламгерлер кешегі дәуір тынысы мен тарих керуенінен сыр шертіп, асыл деректерді алдымызға жайып салды. Тарихи романдар арқылы халық өзінің кешегі күнінің келбеті мен ата-бабасының сан қилы тағдырын, олар өмір кешкен қияметті заманның жарқын бейнесін аңғара алды. Әрі бұл тақырыпқа оқырмандарымыздың сұранысы да мол болды. Олар тарихи шығарманы оқып-білу арқылы баба тарихымыздың ғибратты кезеңдерін танып-біліп, сол ескі дәуірдің қайталанбас шақтары мен біртуар тұлғалар есімін жадына сақтай алды.

Біз бұл мақаламызда қазіргі дәуірдегі тарихи роман жанрының жүгін арқалаған тарихи туындының бірі, көрнекті жазушы Жанат Ақмадидың «Есенгелді би» романының бүгінгі

жастарға берер тәрбиелік тұжырымдары мен көркемдік ерекшеліктері туралы сөз етеміз.

Жанат Ақмади әдебиетке тұңғыш рет романмен келген жазушы. «Дүрбелең» атты романымен әдеби ортаны өзіне баураған жазушының өз айтқандарынан үзінді келтірейік. «Мені әдебиет әлемінде ешкім танымайтын, аты-жөнімді жан-пенде білмейтін кезде «Дүрбелең» атты романымның қолжазбасын оқып шығып, Қазақстан жазушылар одағының проза кеңесінде талқылатқан қазақтың ірі жазушысы Қабдеш Жұмаділов болатын. Қабдеш аға маңайына бұл романның мәнісін айтып, проза кеңесінің мүшелеріне оқытты. Қысқасы, алғашқы жолым осылай ашылды» [1, 4].

Халқаралық «Алаш» әдеби сыйлығын еңбегінің жемісімен иеленген автор ілгерінді-кейінді «Дүрбелең», «Шырғалаң», «Айтұмар», «Ақ қылыш» қатарлы көлемді романдармен қатар «Жүрек қартайса ажал анду салады» атты әңгімелер жинағын, «Зар-зарауқа»

аталатын хикаяттар мен әңгімелер топтамасын, «Жарылғап би», «Қарадан туған хан Нұрабай» қатарлы тарихи романдарды оқырманға ұсынып үлгерген қаламы жүйрік жазушы.

«Есенгелді би» романы 2004 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көргеннен кейін оқырман қауымның, әдебиетшілер мен сыншылардың назарына бірден ілінді. Алты алаштың басын қосқан хан Абылайдың сенімді батырларының бірі болған, өткір сөзді, орақ тілді шешен би Есенгелді Құдайназарұлы туралы алғаш қалам тербеп, көлемді шығарма жазған Жанат Ақмади осы шығармасында бас кейіпкер Есенгелді би образын сол дәуір үлгісімен суреттеп, ескі тарихымыздағы тұлғалар бейнесін жаңғырта білді.

Романға көзқаракты сыншылар оң бағасын беріп, төл тарихымыздағы орны бөлек шешендер мен билер, батырлар образын ел жүрегіне ұялатуға, жаңа ұрпақ жадына сақтауына тағы бір шығарма туғанына сүйініштерін айтты.

«Төле биден бата алған Қызай руының шешен биі Есенгелдінің қилы тағдырын қызықты баяндаған Жанат Ақмадидың «Есенгелді би» романы шұрайлы дүние екені даусыз. Әсіресе жазушының тіл кестесін айырықша атап өткен абзал. Көнеріп, жадымыздан көмескіленіп бара жатқан баба тіліміздің жауһары қайтадан жарқырап, көңілді сикырлағандай. Билердің сөз шарпысуы, бұрын-соңды төл әдебиетімізде хатқа түспеген табиғаты оқшау, озық үлгі» [2].

Бірден көзге оқшау көрініп, көкейге шуақ сыйлайтыны шығарманың 6-бетінен басталатын 1726 жылғы қой жылының көктеміндегі Ордабасы хан кеңесі шақырылар қарсаңында Қазақтың белгілі билері Ұлы жүз Төле би, қаз дауысты Қазыбек би және Кіші жүз Ақсуат пен Малайсары билердің елі үшін бас қатырған алқалы жиынындағы көкейден ақтарған сөз маржандары автордың тіл шұрайлылығын дәйектеп, шығарманы қызығып оқи түсуге жетелей жөнеледі.

«Уа, халайық, жарандар! мына заман не дейді? Мына күн қалай құбылар түрі бар?! Бұрынғылар «жоғарғы ауыл көшсе, ортаңғы ауыл шет болады» деп еді, алдыңғы батыр,

алдыңғы хандарымыз кетіп, бүгін, міне, ел шетінде, жаудың өтінде сен отырсың. Еліңді ебелек, ерінді көбелек орнында көрмей қағынған Қалмағың анау! Тақияда тамтығы қалмай, шылдай тозған жұртың анау! Ел екенің рас болса, жыланға аяқ, мысыққа қанат бітірмей тұрып, ойласып ақыл табайық. «Селебе себе-леп келмейді, селдетіп келеді; бәле келсе, балалап келер анасымен келеді» деген міне, осы. Бақ пен дәулет көшпелі болса, пәлекет пен қырсық та көшпелі. Үмітіңнен үрейінді басым ете жететін пәлекет атаулы бағынсаң басып алады. Ханы қазылы болса, қарашасы қайырымды болса, қара жерден кеме жүргізеді» деуші еді. Хандарымызға қараған түріміз мынау болды! Ханы бұлаң болса, елі ылаң болады. Көңілінде ерлігің болмай, басыңда билігің болмайды. Елің-жерің үшін жаны тәтті байлардың бағланы емес, жарлының жайсаңы болып бел бу. Сонда ғана өтейсің өз анаңның ақ сүтін!» [3, 6-7]. Міне, осылай деп аузынан маржан төккен Төле бидің образы шығармада тіптен биіктеген. Автор бұл арада қазақтың сөз ұстары Төле бидің әр айтар сөзін теңізден інжу сүзгендей даналықпен әдіптегені сезіліп тұр. Шынында, дала данышпаны Төле би ешқашан арзан сөз айтпаған да. Төле биден кем соқпайтын қаз дауысты Қазыбек би кезегін автор шығармада былай береді:

«Ей, халқым! Басына қара күн туып отырғаны рас. Ашыңда азығың, тоғыңда қазығың болған аға би осыдан артық не десін! Ер игісі ел жүгін көтереді. Қай-қашанда пәле жүрдек, бақ қырсау. Кесапат-қырсық жақсылықтан бір шақырым ілгері жүреді. Сондықтан, қиын іске сыналған ер керек. Осы отырған талайымыздың сақалымызға ақ түсіп, көңілімізге дақ түскен шағымызда көріп отырғанымыз мынау! Айналанды жау алды, аймағыңды дау алды. Бір жағыңда көзі шегір, өзі жебір, сақалын ыс басқан, санасын лас басқан кержағың отыр! «Күш есіктен кірсе, әділет түңліктен шығады» деген бар. Қағынғанға қанжар ұстатып, құшағына пышағын жасырып отырған қалмақ сенің жазығың бар-жоғына қарамайды. Әр таудың қуысында қойын құрттап, айранын ұрттап, шаруа баққан ағайын қалмақ қайта

шапқан күні қасқыр тиген қоралы қойдай тозатынын біле бер. Ат – мінгендікі, үй – кіргендікі, дүние-мүлкің – жаудыкі болатынын ойлай бер. Бейбіт күн болса ғой, кедей тамағым деп, бай қабағым деп, бір күнін өткізіп қартаяр еді. Ал мынадай ер төсектен, жар бесіктен безінген кер заманда, ел ағасы, қайтып бұғып жатасың?!» [4, 8-9].

Қазіргідей соты жоқ заманда ел ішіндегі алуан түрлі жер дауы, жесір дауы, құн дауы, екі ел арасындағы үлкенді-кішілі жаңжалдарды сол кездегі билер екі ауыз сөзбен шешім етіп, батыл кесім жасап отырғаны белгілі. Халқымыз тарихында елдің елдігін, теңдігін, береке-бірлігін арман етіп, жұртты адамгершілікке, бостандыққа, қуанышқа бірге жетуге шақырып, туған елінің тамырлы тарихында егей орын алған заманындағы үлкен қоғам қайраткерлері болған, қара қылды қақ жарған шешен де көсем билер образы шығарманың басында өте сәтті көрнектіленген.

Автордың тіл қолдану, тарихи деректерді орнына қолдану арқылы шығарма тудыру сынды көптеген ерекше тұстары осы арадан байқалады. Халқына жаны ашыған арда билердің аузынан берілген рухты сөздер оқып отырған адамды еріксіз сол дәуірге апарарды. Төле би айтты делінген қанатты сөздерді құдды Төле бидың өз аузынан естіп тұрғандай әсерде боласыз. Міне, жазушының дәуір мен дәуір арасын ой орамымен тіл шұрайлылығы арқылы тұтастыра алуы осыдан көрініп тұр.

Бұнымен қоса, шығарма барысында автордың ой-санасында пісіп-жетілген дәуір шындығы да өз орнында берілген. Бас кейіпкер Есенгелдімен бірге дәуір тұлғалары ретінде хан Абылай, Төле би, қаз дауысты Қазыбек, қара керей Қабанбай, Бөгенбай батыр, Ақсуат би, Малайсары, Наурызбай батыр, Хангелді, Керей Жәнібек, Шеру Әлет батыр қатарлы ұлт ардақтылары да жарқын образ ретінде шығармада өзіндік тиесілі орын алған.

Шығармада ханның образы, бидың образы, батырдың образы және қарапайым халықтың образы өз орнымен берілген. Тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар, тарихи кезеңдерде кісі сенерлік қалыпта, ешқандай дерексіз дүниелер

көзге шалынбайды. Автор материал сұрыптап, тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыру әдісін ұтымды пайдаланып, деректер мен аңыздарды ұштастырып, кейіпкерлерді типтендірудің озық үлгісін жарата білген. Тарихи кейіпкерлер мен қосымша кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты дұрыс икем-дестіріп, оқырманды шынайылыққа жетелеуге құлшыныс танытқан.

Шығарманың тағы бір сүйінерлік тұсы – Есенгелдінің батырлығынан өзге шешендігі досын да, дұшпанын да қызықтырған. Ерлікке пара-пар жағдайлардың шығармада айқын көрінісалуы – Жанат Ақмади шығармаларының ең басты ерекшеліктерінің бірі. Жүйрік қаламынан туындаған туындылардың барлығы дерліктей нақты деректерден тамыр тартып, нәр алғаны белгілі.

Шешендік нақылдар сайын дала төсінде ғибратты ғұмыр кешкен ата-бабаларымыздың өмір тәжірибесінің алтын арқауы. Инжумаржанды ғибратты сөз сөйлеу әуелгі бабаларымыздың ата дәстүріне айналған. Сол арқылы халқымыздың ой иірімін, теңіздей терең даналығын, ақыл-ой дариясының қаншалықты тереңде жатқанын аңғара аламыз. Нақыл сөздерді шығармасында көбірек пайдалану Жанат Ақмадидың жазу өнерінің даралығын сипаттап қана қоймай, ол кісінің халықтық тіл байлығынан терең сусындағанынан дерек береді. Шығармада автор дәуір, уақыт, тұлға негіздеріне қарай көптеген нақыл сөздерді орынды қолдана алған. Сөзімізге дәлел ретінде мысал келтіріп көрейік: «қойнына кірген киікті қарақшы да атпас болар», «қайық ұрлағанды қырдан іздеген», «қолмен істелген іс тілмен шешілмейді», «қатты тістен жұмсақ тіл ұзақ жасайды», «ұнамайтын келіннің ұлдары да сүйкімсіз», «ақырын сөйлегеннің амалы көп», «есуас елші екі елді араздастырады», «тәуір болған сырқат тәуібін ұмытады» деген секілді шынайы өмірден алынған сөз маржандары шығармаға көрік беріп, көркемдік ерекшелігін биіктете түседі. Бұл шығарманы оқыған оқырман қазақ тілінің терең мұхитына сүңгігендей күй кешеді.

Сонымен, Жанат Ақмади қаламынан


туындаған батырлық пен ерліктің алтын шежіресі «Есенгелді би» романына жасаған талдауымызды қорытар болсақ, бұл шығарма негізінен тарихи деректермен жасақталған. Ал сол деректер арқылы жазушы осындай сүбелі туындыны сәтті жазып шығып, ежелгі бабаларымыз кешкен тауқыметті тағдырмен алуан түрлі мәліметтерді алдымызға жайып салады. Жазушының мұндағы мақсаты – кейінгілер ежелгі ата-бабаларымыздың өмір сүрген дәуірін, жауға, дауға түскен ерен қайсарлықтарын жадында сақтаса екен деген шынайы тілек, риясыз арман. «Есенгелді би» романы қазақ прозасындағы қазіргі таңдағы тарихи романдар қатарынан ойып орын алған, осы жанрдың өркендеуіне өзіндік үлесін

қосқан шығарма. Шығарманың мазмұндық, көркемдік деңгейі бұрын жазылған тарихи романдардың ешқайсынан да кем түспейді.

Романның жетістігі – бас кейіпкер Есенгелді образын сомдай алғандығында. Есенгелдінің бір рудың ғана батыры, шешені емес, күллі Алаштың айбынды батыры екенін оқырман санасына жеткізу арқылы, «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» елін, жерін қорғаған ұлы бабалар рухын көңіл көкжиегімізде сақтап, қан мен тер арқылы қолға келген бабалар аманатын орындауға насихаттау болмақ. Қорыта айтқанда, аталмыш романның тарихи оқиғалардан хабар бере отырып, бүгінгі жастарға берерлік тәрбиелік мәні мен маңызы мол екендігін анықтадық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Уақыт ырғағы » Ж. Ақмади, Алматы, Тамыр баспасы, 2008жыл,191бет.
2. «Әдебиет айдыны » Т. Сәукетай, 14 маусым, 2007 жыл.
3. «Есенгелді би» Ж. Ақмади, Алматы, Ана тілі баспасы, 2004жыл, 379 бет.



*«Елдіктің өзегі – білік,
кілті – тіл,
қадір-қасиеті – кісілік»*

Жүсіп Баласағұн.

МРНТИ 14.01.07

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСЫНА ТӘН ЭТНОМЕНТАЛЬДЫ МӘТІНДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Э.А. Парманова

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамндығының 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Н. Ильясова

Бұл мақалада қазақтың ұлттық болмысындағы этноментальды мәтіндердің қолданылу аясы және қазақ халқына ғана тән сөйлеу мәдениеті, тарихы, дағдысы, ерекшеліктері талқыланады. Сонымен қатар, қазақ болмысына кірігіп кеткен этноментальды мәтіндерді оқытылу аясы мен тәрбиелік мәні де қарастырылған. Этноментальды мәтіндердің ең алдымен, қазақ халқына ғана тән сөйлеу мәдениеті, тарихы, дағдысы, ерекшеліктері зерттелген. Қазақтың ұлттық болмысына тән мәтіндердің этнотанымдық сипатын қарастырғанда сонау көне түркілерден бастау алатыны туралы ой қозғалады.

Тірек сөздер: ұлттық болмыс, этноментальді мәтіндер, тілтаным, ұлттық, этнолингвистика, психологиялық ерекшеліктер.

В этой статье изучается использование этноментального текста в национальной среде казахского бытия, кроме того рассматривается свойственная манера общения, история, обычаи казахского народа. Так же рассмотрено изучение этноментальных текстов, как основа казахского бытия. Изучение культуры и истории речи, которые берут свое начало у древних тюрков, определяет актуальность данной статьи.

Ключевые слова: национальное бытие, этноментальные тексты, языкознание, национальный, этнолингвистика, психологические особенности.

In this article, we study the use of ethnomental text in Kazakh national environment being further considered peculiar manner of communication, history, customs of the Kazakh people. The same study examined ethnomental texts as the basis of the Kazakh life. The study of the culture and history of speech, which has its origins in ancient Turks, determines the relevance of this article.

Keywords: national existence, ethnomental texts, language, national, ethnolinguistics, psychological characteristics.

Этноментальды мәтіндер өзінің этностық мәнмәтінінде ұлттың тұтас тарихи ғұмырын даралайтын, болмыстық мәнін айқындайтын үлкен фактор саналады. Сондықтан кез келген ұлттың әдебиетін, фольклорын, мәдениетін зерттеген кезде этнотанымдық аспектіге де кеңінен үңіле түскен жөн деп есептейміз. Этноментальды мәтіндерді зерттей, зерделей келе, біз, ең алдымен, қазақ халқына ғана тән сөйлеу мәдениеті, тарихы, дағдысы, ерекшеліктеріне аса мән бердік. Бұл тұста, осы тақырыптарды қазақ тіл білімінде де, әдебиет теориясында да зерттеп, жіліктеп

берген бірқатар ғалымдардың еңбектеріне сүйендік. Мәселен, сөз мәдениетінің пән ретінде қалыптасуына түрткі, басқаша айтсақ алғышарты болған қазақ тілі бойынша жазылған алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарында грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың бірізді ережелерінің жасалуы, жолға қойылуы әдеби тілдің кодификацияланған нормаларын қалыптастыруда үлкен маңызға ие болды. Алғашқы оқулықтар, қазақ тіл білімінің негізін қалаған қайраткерлер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аман-

жолов және т.б. тиесілі екенін жақсы білеміз. Сонымен, біз атап өткен халықтық, ұлттық қалыптасқан сөз мәдениеті қазақ әдеби тілінің, сондай-ақ жалпы қазақ тілінің тарихымен бітісіп, байланысып жатыр.

Қазақ болмысына кірігіп кеткен мәтіндерді зерттеу осы сөз мәдениетінің түп-тамырын қопарған ғалымдар М.Балақаев, Р.Сыздықова, М.Томанов, Е.Жанпейісов т.б. ғалымдардың еңбектерінде қолға алынған. Ол еңбектерде әдеби тілдің дәстүрлі нормалары, ұлттық әдеби тілдің стильдік салалары мен тармақтары, жанрлары толығымен зерттеліп, ұсынылған. Б.Әбілқасымов зерттеулерінде қазіргі әдеби тіл нормалары ескі қазақ жазба тілімен салыстырыла қарастырылса, Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев, Е.Жұбановтың әдеби тіл тарихын ауызша сөз өнерімен, әсіресе ақын, жыраулар поэзиясының сөз үлгілерімен байланысты қарайтын зерттеулері сөз мәдениетінің нормативті-функционалдық аспектісін эмпирикалық, теориялық материалдармен толықтыра түскен. Ә.Т.Қайдаров, М.М.Копыленко, А.Е.Карлинский, Е.Жанпейісов, Э.Д.Сүлейменова, К.Ш.Хұсайынов, Б.Хасанов, З.Қ.Ахметжанова, С.С.Құнанбаева сынды ғалымдардың да қазақ тілтанымы мен жалпы тілтаным туралы жасаған зерттеу-ізденістері дәл біз қарастырып отырған тақырып ауқымын кеңейте түсіп отыр. Ал белгілі тіл білімі саласындағы Ж.Манкеева, С.Сатенова, Г.Смағұловалар болса, лексика-фразеологиялық, этнолингвистикалық бағытта ауқымды әрі көлемді зерттеулер жүргізіп, онда тілдік тұлғаны дәстүрлі мәдениеттің өкілі, тұтынушысы, дамытушысы ретінде тануға, тілдік тұлғаның сөз қолданысындағы этномәдени компоненттерінің сипатын айқындауға жәрдемін тигізетін дүниелерге тоқтала кеткен. Осы тұста қазақтың ұлттық болмысына тән этноменталды деп аталатын мәтіндердің мәнін аша қарасақ.

Жалпы, этноментальдылық деген сөздің өзі түрлі түсіндірме сөздіктерде – этноұлттық сипаттағы дүниетаным, ол арқылы этникалық немесе ұлттық қоғамдастық мүшелері өзара жақындығын, ішкі туыстығын, ұрпақаралық

сабақтастығын сезіне отырып сақтауға ұмтылатын, өзге ұлттардан ерекшелендіріп тұратын, психологиялық ерекшеліктер мен рухани артықшылықтар, құнды бейімделулер мен жүріс-тұрыс модельдерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі [1]. Ол адамдар өміріне айрықша сипат пен талғам береді. Осы тұрғыдан алғанда, қатынас құралы ретіндегі тілдегі этноментальды мәтіндер тұтас этностың өмір сүру дағдысын нақтылап беретін көрсеткіштер. Ғалым Қ.Әбжанов өзінің «Ұлттық және ортақ түркі тарихын зерттеу методологиясы» атты еңбегінде қатынас құралы – тіл мен географиялық орналасу, яғни жердің ұлт болмысын зерделеудегі орнын былайша түсіндірген [2]: «Адамның жануарлар әлемінен айырмашылығы – сөйлей алатыны. Тіл шыққан сәт, біріншіден, адамдар қауымын ең биік әлеуметтік қауымдастық – адамзатқа айналдырды, екіншіден, тұңғыш интеллектуалдық серпіліс еді әрі бұдан кейінгі барша серпілістердің атасы, айталық, «неолиттік революциядан» бүгінгі нанотехнологияға дейінгі, үшіншіден, бастапқыда кімнің кімге алыс-жақын тұрғанын білуге шылбыр ұстататын өлшем құралы. Тілдік қоры адамдар қауымының, нақты халықтың даму сатысын, шыққан биігін, еңбек бөлісінің қай саласына бейім екенін көрсетеді. Қысқасы, адам пайда болумен басталған тарихымыздың сахнасы – жер. Адам – жер басып жүргенде ғана адам. Ғарышты игеру, теңіздің табанын ақтару, шахталарда кен қазу – бәрі жер бетіндегі тіршілік қамы. Ал адамның адамдық белгісі мен жасампаздық қарымының коды – тіл. Аумақтық бірлік пен тілдік біртектілік негізінде түркі этносы, мемлекеті, барша әлемі қалыптасты». Оның ойынша, мұның басты себебі «бүгінге жеткен-жетпеген түркі халықтарының сақталған я сақталмаған тілдерінде, сөздік қорында ортақ тарихының қалың қыртысты ақпараты, ішіне бүккен құпиясы, баршаны тамсандырған байлығы жатыр. Автордың пайымдауынша, тарихи география мен ономастика, тіпті ғылым атаулының бәрі халықтың, жердің, тілдің байланысын анықтауға үлес қоса алады.

«Ең бастысы – тілдік және аумақтық бірегейлік пен біртектілікті ғылыми тиянақтау, методологиялық басшылыққа алу түркі халықтарының этногенезін дұрыс ашуға, қоршаған ортаны игеруде, төл тарихымызды түзуде басқаның емес, өз қандастарымыздың сүбелі үлесін әділінен баяндауға асыл арна салады. Әлем таныған О.Сүлейменовтың сөзімен айтсақ, «егер біз сөзді оқуды үйренсек, жер, өзен, тау, арал аттарынан тілдердің материк және мұхит бойынша қозғалу бағдарын анықтауға болады. Сондықтан этимологияның рөлі артады», - дейді ол. Автордың осы айтылған ойларымен толықтай келісе келе, этнотанымдық бірліктердің шын мәнінде өз ішіне тарихи, әдеби, географиялық, этностық ерекшеліктерді қамтитын үлкен айрықша кешен екенін атап өткен жөн деп санап отырмыз. Автор мақаласында үзінді келтірген О.Сүлейменовтің: «Ауызекі сөз өзінің мазмұны және құрылымында жарықшақтар мен асыл бұйымдардың мұражайлық жинағына қарағанда, көбірек тарихи шындықты сақтайды» [3], - деген сөздері де бұл сөздердің шындыққа жанасатындығынан хабар береді.

Қазақтың ұлттық болмысына тән мәтіндердің этнотанымдық сипатын қарастырғанда сонау көне түркілерден бастау алатын, осы күнге дейін тастағы жазбалар арқылы жеткен тайпалық поэзиядан сыр шертпеске болмас. Күлтегін-Тоныкөк деп аталатын жырдастандар толығымен қазақ халқының тұтас ұлт ретіндегі айрықшалығын, қазақтың сонау түбін, тамырын қопсыта, қопаруға мүмкіндік беретін ерекше мәтіндер деуге болады. Бірнеше дастандардан тұратын бұл құндылықтың этноменталды мәтін ретіндегі рөлінің мәні оның терең халықтық философия, қазақ халқының болмысына сіңген, жаугершілік кездегі батырлық, ірілік, даналық секілді үлкен қасиеттердің негізін тереңінен көрсете, осы күнге дейін жеткізе білген. Бұл мәтіндердің құндылығы сонда: онда бүкіл түркілерге тән ортақ діни сенім-нанымдар, әдет-ғұрыптар, ортақ әрекеттік нюанстар жинақталып, тұтас сол кезеңге тән этностық болмысты бүтіндей қалап шығады. Күлтегін жырындағы басты

кейіпкер Күлтегін батырдың інісін жоқтап жылауы [4]:

«Көер көзім көрместей болды, білгір ақыл-ым білместей болды.

Жылай-жылай жұртымның қасы-көзі әз болар деп қайғырдым», - деген жазба ескерткіш мәтінінен қазаққа тән жоқтау ғұрпының бір ұшы ғана көрінеді. Тек бұл ғана емес, «Күлтегін-Тоныкөк» жырларында қайтыс болған кісінің жетісін өткізу, жерлеу ғұрпы, батырларды мадақтау, елге, жерге деген ғасырлардан қалыптасқан махаббат деген сияқты психологиялық, тұрмыстық, діни сенім-нанымдық детальдар молынан кезігеді. Қазақтың ұлттық болмысына тән этноменталды мәтіндер болмысын қарастырғанда елдің рухани дүниетанымын көрсететін, рухы мен күш-жігерін бағамдайтын тағы бір мәтін түрі – жырлар. Жырлардың кез келген түрінен ұлттық психо-физиологиялық ерекшелікті аңғаруға болады. Лиро-эпостық жырлар арқылы халықтың эстетикалық талғамына үңіліп, сұлулыққа жаны құштар, махаббатты ұлықтау сезімін, ұлттық табиғатын танысақ, батырлық жырлар арқылы қазақ ерлерінің өр мінезін, ірі тұлғасын, жер мен елге деген сүйіспеншілік деңгейін, оның халық тағдырындағы рөлін, әдет-ғұрып, халықтың айналысатын негізгі шаруашылығы туралы молынан ақпарат алуға болады. Жырлар тек қана қазаққа тән қандай да бір этнотанымдық дүниауи көзқарасты танытады. Этноментальдылық болса тұтас ақпараттық-мәдени ортада таныс мотивтер мен интонациялар, белгілер мен символдар, тіл мен бейнелерді табуға мүмкіндік береді. Міне, жырлардағы дәл осы белгілердің көрініс табуы оны жалпы ұлтқа ортақ, тағдырлас, үзеңгілес, ошақтас ұлт өкілдерінің басын біріктіруде үлкен рөл атқарады. Эпикалық жыр категориясына жататын «Ер Тарғын» дастанындағы ежелгі қазақтың жауға шыққандағы наным-сенімінен сыр шертетін мына үзіндіні келтіре кетсек [5]:

«Сыйынып жүрген Тарғынның
Бітуәже бабасы.

Желігіп келген Ер Тарғын,
«Алла!» деп сонда ақырды,

Аруағын айтып шақырды.

«Я, бабам!» дей берді,

Елінің қамын жей берді».

Бұл тұста қазақтың ежелден жауға шыққанда айтатын: «Я, Аруақ!» ұраны анық көрініп тұр. «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» және т.б. көптеген ауыз әдебиетінің үлгілерінде, тіпті қала бере тарихтан белгілі Абылай мен жоңғар батыры Қалдан Серенмен шыққан жекпе-жегіндегі «Я, Абылайлап» шыққан Сабалақ (Әбілмансұр) бейнесі қазақтың танымында, санасында ұялаған діни көзқарасты айқындап тұр. Қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілері қатарында мұндай этноменталды мәтін түрлері өте көп. Солардың бірі халық арасында ең көп тараған мақал-мәтелдер. Олар этнолингвистикалық саланың ең құнарлы әрі ең бай қайнар көзінен саналады. Әр мақал-мәтелдің бойында этнос дүниетанымына, салт-дәстүріне, ғұрып пен наным-сеніміне қатысты ұлттық код іспеттес ақпарат кешені жинақталғанын бір емес әлемнің бірнеше ғалымы айтқан болатын. Сондықтан олардың белгілі бір этностың жан-дүниесін ашып, болмыс-бітімін танып-білуге қосатын үлесі де зор болып отыр. Ұлт тіліндегі мақал-мәтелдер алуандығы мен олардың санына қарай сол ұлттың танымдық санасының деңгейін анықтайды. Бұл тұста мақал-мәтелдер халық танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттық менталитетті танытатын тілдік көрсеткіші болып табылады [6].

Өз мәні тұрғысынан алғанда мақал-мәтелдер ауыз әдебиетінің кіші жанры деп саналса да, академик Ә.Қайдар бастаған бір топ ғалымдар оны көркем сөз арсеналының аса бір қуатты да құнарлы, бейнелі де әсерлі тіл құралы, тұрақтанған күрделі мағыналық бірлік» [7] тұрғысынан зерттеуге алып отыр. Себебі, белгілі бір социумның мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерінің жиынтығы сөздердің семантикасында көрініс беретіндіктен, сол тілде сөйлейтін адамға мұндай ерекшеліктердің мағынасы айқын болып көрінсе де, басқа тілде сөйлейтін, өзге мәдениеттің өкілі мақал-мәтелдердегі

берілетін мағынаға басқаша қарауы, өзгеше түсінуі мүмкін. Демек, белгілі бір халыққа ғана тән ұлттық реалийлердің болмыс-бітімін түсіну, ұғыну үшін де мақал-мәтел түріндегі ұлттық мәтіндердің этнолингвистикалық сипатын зерттеу маңызды деуге болады. Қазақтың қай мақалын алсаң да оның болмысы ұлттық мінезге тұнып тұрады. Ұлттық тәрбие, әдептілік, үлкенге құрмет, кішіге ізет, этномәдени аспектілер, ел бірлігі және т.б. көптеген тақырыптар осы этноменталды мәтін түрі – мақал-мәтелдер бойына жинақталған.

Мұндай мәтіндердің тағы бір түріне қазақ ауыз әдебиетінің аса бір құнарлы, ауқымды саласы айтысты айтуға болады. Бұл сала Кеңес үкіметі кезеңінде ауқымдырақ зерттеле бастады. Қазақтың айтысын зерттеу В.В.Радлов, А.В.Васильев, Г.Н.Потанин, Н.Рычков, А.Янушкевич, П.Н.Распопов секілді орыс оқымыстыларымен қолға алынған болса, қазақтың төл ғалымдары А.Байтұрсынұлы, Х.Досмағамбедұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, С.Бегалин, З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, М.Жармұхамедұлы секілді тұлғалар оның жанрлық сипатын, синкреттік табиғатын, көркемдік ерекшеліктерін толыққанды ашуға тырысқан. Бұл тұста профессор М.Жармұхамедұлы осы салаға қатысты жасаған ұзақ жылғы зерттеу нәтижелерін айта кету керек. Ол өз еңбегінде айтыс өнерін бірнеше түрге жіктеп, оның этнолингвистикалық мәнін ашуға тырысқан. Ол айтысты бірнеше түрге бөліп, жіктеген [8]:

Салт-әдет және мысал айтыстар:

а) «Бәдік» айтысы, ә) «Жар-жар» үлгісіндегі айтыстар, б) Қыз бен жігіт айтыстары, в) Қайымдасу және қағысулар, г) Мысал айтыс;

Ақындар айтысы:

а) Дін айтысы, б) Жұмбақ айтыс, в) Жазба айтыс.

Айтыс өнерінің бұл түрлерінің қай-қайсысын алсаң да, өн бойынан қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, ой-санасын, мәдениеті мен өмір сүру дағдысына қанығуға болады. Себебі бұл сала халықтың тұрмыс салтымен, этнографиялық болмысымен тығыз

байланысты өрбіп отырған.

Қазақ халқына тән этноменталды мәтіндер түрлеріне, сонымен бірге, ертегілер мен кара өлеңдер, мысал өлеңдер, өтірік өлеңдер, даналық сөздер және т.б. ұлттық сөз мәдениетін айқындайтын бірліктерді жатқызуға болады. Олардың әрқайсысы этноментальдылық тұрғысынан, ұлттық болмыс мәні жағынан жеке-жеке қарастырылуға тиіс және қарастырылып

жүр де. Мақаланың өзегі болған этномәтіндерді қысқаша топтай отырып, олардың ұлттық мәдениетті ұлықтаудағы, насихаттаудағы ролін, маңызын тани түскендей болдық. Осылайша, бұл тақырыптың өзектілігі мен өміршеңдігі әлі де көптеген жас ғалымдардың назарын аударуға тұрарлық дәрежеде екенін айтқымыз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ә. Қайдар, Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. - Алматы: Сардар, 2013 - Т.2: Қоғам. - 728 б. - ISBN 978-601-7174-34-7
2. Әбжанов Қ. Ұлттық және ортақ түркі тарихын зерттеу методологиясы. // Ақиқат. 2016. №2.
3. Олжас Сүлейменов, аударған М.Қазыбек. Атамзаманғы түркілер (Тарихқа дейінгі түркілер). — Алматы: «Олжас Баспа үйі», 352-б.
4. Ғ.Айдаров. «Күлтегін ескерткіші». — Алматы. 1996, 13-б., 177-б.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: Фолиант, 2007. Т. 44: Батырлар жыры. — 496 бет. ISBN 9965-35-436-7
6. Б. Абдульдина. Қазақ мақал-мәтелдерін құрылымдық тұрғыдан зерттеу мәселелері. // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2004. №4. 59-б.
7. Ә.Қайдар. Халық даналығы: қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу. — Алматы: Тоғанай Т., 2004. — 560-б. ISBN 9965432678
8. Жармұхамедұлы М. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. Алматы: Мұраттас, 2001.

МРНТИ 14.07.05

ЖАН-ЖАНУАР КОМПОНЕНТТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР СЕМАНТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ КӨРІНІСІ

А.З. Мұхамбетова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты

Этностың дүниетанымын, өмірінің көрінісін айшықтауда фразеологизмдердің орны айрықша. Фразеологизмдер – бүкіл этностың рухани мәдениетінен дерек беретін тілдік құрал. Этнос әлемінің тілдік бейнесі оның бүкіл бояуы фразеологизмдерінің семантикасында, оның астарында, сөздің құбылып қиюласуында деуге болады. Фразеологизмдердің жасалуы – ұзақ уақыт, дәуірдің жемісі, фразеологизмдер құрамындағы сөздердің бастапқы мағыналарының көмескіленуінен, тіпті, жоғалуынан, біртұтас мағынаның оларды құрастырушы сыңарлардың лексикалық мағынасынан алыстауынан сезілетіні белгілі

Мақалада халық тілінің ерекше байлығы тұрақты тіркестері қабатындағы жан-жануар компонентті фразеологизмдер семантикасы жайында сөз болады.

Тірек сөздер: фразема, лексика, этномәдени бірлік, жан-жануар әлемі, этнос, этносемантика, лингвомәдениеттану, этнолингвистикалық арна, рухани мәдениет.

Фразеологизмы играют исключительную роль в раскрытии мировоззрения, образа жизни этноса. Фразеологизмы – языковой инструмент, показывающий всю сущность духовной культуры этноса. Вся красота языкового образа мира этноса кроется в семантике фразеологизмов, можно сказать в их переносном значении. Потеря первоначальных смыслов слов и лексического значения составляющих компонентов показывает, что создание фразеологизмов – это длительный период, плод эпохи.

В данной статье речь будет идти об устойчивых словосочетаниях семантики фразеологизмов животного компонента, являющиеся одним из достоинств народного языка.

Ключевые слова: фразема, лексика, этнокультурная единица, мир животных, этнос, этносемантика, лингвокультура, лингвокультуроведческий канал, духовная культура.

Idiom play a crucial role in solving world view, way of life of the ethnic group. Idiom – language tool, showing the essence of the spiritual culture of the ethnic group. All the beauty of the language of the image ethnic group of the world lies in the semantics of phraseological units, it can be said in their figurative sense. The loss of the original meaning of words and lexical meaning of the components shows that the creation of phraseology – is a long period, the fruit of the era.

In this article we will go about the semantics of set phrases phraseologisms animal components, which are one of the strengths of the national language.

Keywords: frazema, vocabulary, ethnocultural unit, the world of animals, ethnicity, ethnosemantics, lingvoculture, lingvocultural studies channel, spiritual culture.

Фразеологизмдер – тілдің мазмұндық жағынан көпғасырлық дамуының нәтижесі. Олар бізді қоршаған шындық туралы анағұрлым күрделі ұғымдар мен түсініктерді қысқа әрі ықшамды, бейнелі және эмоционалды түрде беруге өте қабілетті. Алайда әр нақты жағдайдағы фразеологизмдердің мұндай

жалпы сипаттамасы бейнелі аялық негізіне қарай өзара жіктеледі. Мал шаруашылығына қатысты фразеологизмдер туралы сөз болғанда, жануарлар әлемі жөніндегі түсініктерді адамзат қоғамына ауыстырудың өзіндік тәсілі алдыңғы қатарға шығады. Фразеологизмдердің көпшілігі адамға сәйкес ерекшеліктері бар

жақсы үйретілген үй жануарларының сыртқы кескінін, мінез-құлқын, қылықтарын сырт көзбен қарап, бейнелі түрде салыстыру негізінде жасалған. Бір жағынан, жануарлар әлеміне, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және олардың әр түрлі тіршілік жағдайларындағы мінез-құлықтарына бақылау жасау негізінде алынған бұл ассоциативтік параллельдерден фразеологизмдер қалыптастырудың бейнелі аялық негізі және олардың мағынасын өзгерту және ауыстыру уәждері ретінде қызмет атқаратын біраз ортақтықты және ұқсастықты таба аламыз [1, 55]. Мәселен, қазақ тілінде ғана кездесетін «адам жылқы мінезді» тіркесі адамды жағымды жағынан сипаттайды. *Жылқы мінездес адамдар қойға, қасқыр текті жігіттер қоянға айналып барады («Соңғы көш», 399)*. Бұл жерде көнбістігімен ерекшеленетін адам сөз болып тұр. Жылқыға тән бұл қасиетті көшпелілер жақсы зерделеп, ұғына отырып, оны ең абзал қасиет ретінде адамның бойына ауыстырады.

Жылқыадамдардыңтұрмысынжеңілдететін көлік әрі жұмыс күшіне лайық, дүниежүзінің ешбір тағамына айырбастамайтын еті мен қазы-қартасы, қымызы қазақ өмірінің мәдени бөлшегіне айналған. Жалпы қазақ ұлты жылқыны қастерлеген. Себебі, аңшылық, саятшылық, салт-дәстүрмен астарланған спорттық ойын түрлері (қыз куу, теңге алу, ат жарыс оның түрлері т.б.) және жігіттің жеті қазынасының бірі болуы, ат сынына қатысты сөздер мен жасалған тіркестер, камшыға қатысты айтылатын танымдық ойлар мен фразеологизмдер, тіпті адам – *жылқы мінезді* деген тұжырым, халықтық өлшемге байланысты тіркестер т.с.с. ерекшеліктер жылқы малының төңірегіне топтасқан [2, 239].

Ежелгі қазақ тұрмысында жан-жануардың маңызы жайында Г.Смағұлова: «Қазақтардың ертедегі көшпелі өмірі мал шаруашылығымен тығыз байланыста болуы, негізгі кәсібі – төрт түлік мал өсіруі – олардың әрқашан өз өнерін жетілдіріп, жаңа әдістерді ойлап, оны дамытып, өзінің рухани және интеллектуалдық жақтарын дамытудың кепілі болды. Сондықтан көшпелі

әлемді біртұтас бірлік ретінде қабылдап, өздерін әлемнің қожайыны емес, құрамдас бөлігі ретінде сезінді. Малшы қауымының мақсаты: табиғатқа қарсылық емес, онымен өз мүддесін үндестіре білу, табиғаттың негізгі заңдылықтарын түсініп, оған қайшылық жасамау» [2, 183], - деп, тұжырымдайды.

Ішсе тамақ, кесе киім болған төрт түліктің кез келген ұлттың күн көрісінде алатын орны ерекше. Ал оның тұрақты тіркестерді жасаудағы белсенділігі, әсіресе, қазақ тіліндегі фразеологизмдерден анық көрінеді. Мысалы, *Сырттай қараған кісіге, Атаханов кем-кетігі жоқ, төрт түлігі сай, армансыз жан болып көрінуі де мүмкін ғой («Атамекен», 29 б)*. Қазақ ұлтында *түйе, жылқы, сиыр, қой* түліктері төрт түлік деп аталады. Мұндағы «төрт» деген сан есімнің мағынасы түсінікті. Ал «түлік» сөзінің мағынасын М.Кемелханұлы: «Түлік атауы хайуандарға, анығырақ айтқанда, қолда үйретілген үй хайуандарына қатысты. Мұның өзінің мәндік өлшемі, мазмұндық шегі, ғылыми негізі бар. Бет алды қойыла салған ат емес», - дей келе, Махмұт Қашқаридің: («Түркі тілдер сөздігінде» түлік сөзін: *Язым* (yazim) – көрпе, төсек; түлүк (түлік) язым (tulig yazim) – жүнді көрпе. Мұнан «түлік» (түлүк) сөзінің түркі тілінде жүнді, жүндес деген мағынаны білдіретіндігін көруге болады. Сонда «төрт түлік» дегендегі тіркес жүндес, (жүнді, жүні тығыз) төрт түрлі хайуан деген мағынаны білдіреді. «Түлік» сөзі хайуандардың жүнінің тығыздығына, қалыңдығына, суыққа шыдамдылығына қарай қойылған атау» [3, 35], - деп түсіндіреді. Сонымен «түлік» сөзі халықтың үй хайуандарының тіршілік жолының ерекшелігіне, табиғат дүниесінің үйлесімділігіне қарай табылған даналық ойының көрінісі.

Малдың сүті, жүні, еті, терісі – халықтың тағамы мен киімі, баспанасы, үй жиһазы, өмірінің, тіршілігінің негізі. Төрт түлік малдың болмысын табиғаттан бөлмей, жаратылыс заңдылықтарымен сабақтастыра бақылап, терең таныған бабаларымыз өз санасында соларға қатысымды мифті, фәлсафалық, мәдени танымдар мен ұғымдар қалыптастырған [4,

183]. Көшпенділердің бүкіл тұрмыс-тіршілігі төрт түлік малмен тығыз байланысты болғандықтан, қазақ фразеологизмдерінің ішінде тілге жиі оралатыны, күнделікті өмірде жиі қолданылатыны және ең көп кездесетіні де осы төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестер. Қазақ төрт түлік малдың ішіндегі жылқы малын ерекше құрмет тұтқан. Жылқының жалын жастанып (жаугершілік замандарда), ат құлағында ойнаған қазақ халқы үшін мінсе – көлік, сауса – сүт, кесе – киім, жесе – ет болған жылқы малының күнделікті тұрмыста алатын орны ерекше болған. Оны «малдың патшасы» деп қастерлеген.

Г.Смағұлова: «Жылқы, әсіресе, жаугершілік көне заманның талабына сай өте құнды мал ретінде саналады. Себебі ол кезде жауды қуып жетуге немесе одан қашып құтылуға жылқыдан қолайлы мал болмаған. Бұл жерде ескере кететін бір жай, отырықшылар атқа оң жағынан, көшпелілер сол жағынан мінеді. Бұл – жаугершіліктен қалған салт. Ол кезде адамның қолы бос болу керек болған. Себебі, ол барлық қаруды осы қолымен ұстайтын болған» [2, 184], - дейді. Сонымен қатар ғалым қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде *ат/жылқы* сөзінің жүзден астам тұрақты тіркес жасауға негіз болғандығын айтады Оған мысал ретінде мына тұрақты тіркестерді ұсынады: *ат жалын тартып міну, ат кекілін кесісу, ат бауырына алу, ат төбеліндей, ат үсті, ат шаптырым, ат құлағында ойнау, ат сабылту, ат ізін салмау т.б.* [2, 185].

Халық аузында қалыптасқан жылқы малына байланысты тұрақты тіркестер де оған ерекше ықыластың айқын көрінісі. Мыңдаған жылдар бойы мал баққан көшпелі халықтарда оны өсіру, баптау, сұрыптаудың өзіндік дәстүрі, мол тәжірибесі ерекше сөз айшықтарының қалыптасуына негіз болған.

«Кең байтақ жерді алып жатқан еліміздің табиғаты жылдың әр мезгілінде жергілікті тұрғындарын көшіп қонуға мәжбүр еткен. Сондықтан да олардың басты шаруашылығы – мал шаруашылығы болған. Суы мол өзендерден қолға суаруға болатын жерлерде ғана егіншілікпен айналысатын елді мекендер бол-

ған. Мал – көшпелі халықтың басты күнкөрісі болғандықтан, қазақтар үнемі өздерінің малға тәуелділігін сезініп отырған. Соның ішінде жылқы малының көшпелілер тұрмысында алар орны ерекше. Сол себепті де сөздік қорымызда жылқыға қатысты ФТ-тер мол кездеседі» [5, 42], - дейді Ж.Байтелиева. Ал Т.Өмірзақов «Ана тіліміздің ғасырлар бойы толассыз толығып, ұрпағына асыл мұра болып ауысып келе жатқан ұшан-теңіз сөз байлығының бір ұшығы біздің халқымыздың ата кәсібімен сабақтасып жатады. Ғасырлар талқысына өтіп, илеуі қанған бояуы қанық ең көне сөздер негізінен малға қатысты туындап, тіліміздің ең сүбелі, құнарлы қабаты ретінде қалыптасты. Ол дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Қай халықтың да сөздік қоры өз шарушылығына біршама тәуелді болатыны айқын. Кез келген этностың тілдік бірлік арқылы өзіне тән танымдық ой-пікірі қалыптасқан. Мысалы, Сібір халықтарында бір ғана қардың 80-нен астам, бұғыға қатысты 1000-нан астам сөз болса, араб елінде түйеге байланысты 1000-нан астам атау қалыптасқан» [6, 155], - деп, тұжырым жасайды.

Қазақ халқы жылқыларды таңбалайды, малды таңбалаудың тарихы тым ертеде. Қазақтың ата-бабалары Ғұн, Түркілер дәуірінен таңба салу тарихы дамыған. Олар ең әуелі тау-тасқа тайпалар таңбасын қашап салса, кейін келе оны малдарына салған. Әр ру өз таңбасын салады. Ертеде басқа рудың малына араласып кетсе – ажыратуға, жоғалса – табуға жеңіл болу үшін әр ру өз руының белгісін жылқы малына күйдіріп таңбалайтын болған. Осыған орай, Б.Кәмалашұлы: «Қазақ халқының малға салатын таңбалары әр руда әр түрлі. Олар: *нәлі, аша, тұмар, балдақ, қос көсеу, ашамай, арқар мүйіз, тұтқа, қайсы, көсеу, ай, күл, шаңырақ, қамшы, тұяқ, құрман таңба, арқар мүйіз, молқы таңба, үзеңгі, тұтқыш, дегіре, садақ, айсадақ, күнсадақ, от, таға, арғын таңба* т.б. таңбалар жататынын, малдың таңбасын арнайы таңба басатын темірлерді шоққа қыздырып, малдың беті, саны, қолы сияқты т.б. жерлеріне басады» [7, 614], - дейді.

Қазақтар жылқының санына, жағына, қо-

лына, сауырына таңба басатын болған. Қазақтар жылқы малын қастерлейтіндіктен жүйрік аттарына көп таңба баспайды. Кейде жылқыны тай кезінен таңбалайды. Тайдың жүні, түгі қысқа таңба айқын түседі. Содан қазақта «тайға таңба басқандай» деген тұрақты тіркес қалған [8, 640]. *Екінші бір тақтада жыл сайын мемлекетке өткізілетін ет, сүт, жүн, жұмыртқа, астық мөлшері көрсетіліпті. Бәрі де тайға таңба басқандай, сайрап тұр («Сәйгүліктер», 230 б). Тайға таңба басқандай өте анық, белгілі деген мағынаны білдіреді.*

Қазақтың әр шаңырағынан табылатын, батырдың қаруы, әрі атты басқару құралының бірі – *қамшы*. Бұл бүкіл түркі халықтарына ортақ сөз. Ә.Нұрмағамбетов қамшы сөзі атау болудан бұрын етістік қызметін атқарғандығын айтады. Мұны чуваш, тува сияқты тілдердің дерегімен дәлелдейді. Чуваш тілінде «хамсар» біздегі «сермеу», «кезену» мағыналарын берсе, тува тілінде «ұру, соғу» – «кымчылар» делінеді екен. Яғни қамшы сөзі бірте-бірте өзінің алғашқы «сермеу», «кезену» мағыналарынан айырылып, біздің тілімізде атау болып қалыптасқанын айтады [8, 58]. Ал Н.Уәлиевтің зерттеу мақаласында *қамшы* сөзіне мынадай жан-жақты түсінік беріледі: «Сырт қарағанда, қамшы сөзі түбір мен қосымшадан тұратындығы байқала бермейді. Шындығында, бұл сөздің түбірі қам, ал -шы малшы, егінші тәрізді сөздерде кездесетін қосымша. Әрине қазіргі қазақ тілінде қам түбірі жеке қолданылмайды. Ал орта ғасыр түркі тілдерінде, сондай-ақ, қазіргі туыстас тілдердің кейбірінде (тува, тофалар, алтай, сары ұйғыр, хакас т.б.) қам «бақсы» дегенді білдіреді. Қарайым тілінде де қамшы сөзі «шаман» мағынасында жұмсалады. Бұл салыстырудан басқа мағынасын білдіретін сөздің бірде қам, бірде қамшы түрінде айтылатындығын байқаймыз. Қазақтарда қамшы сөзі әуел баста «бақсы, шаман» мағынасында жұмсала келе, екінші бір заттың атауына көшкен. Бұл, әрине кездейсоқ емес. Оған себеп байырғы кезде қамдар немесе қамшылар (қазіргіше, бақсылар) қолдарына көбіне шыбыртқы алып ойнайтын болған. Оны қамның немесе

қамшының шыбыртқысы деп атаған. Бірте-бірте қамшы сөзі әрі «бақсы», әрі «шыбыртқы» мағынасында қолданыла басталып, уақыт өте келе кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде, қамшының бастапқы мағынасының ұмыт бола бастауын парсы тілінен енген бақсы сөзі жеделдете түскендігін» айтады [9, 23]. Ал Г.Смағұлова: «Қамшы – ұлттық мәдени лексика, құралдың атауы. Ұлттық мәдени сөздерге жататын себебі қазақтардың бұрынғы тұрмыс-тіршілігінде қамшының орны мен рөлі ерекше. Оның қайыс таспадан өрілген түрлері, жасалу жолдары, сабының сапасы сияқты өзгешеліктері тек қазақ мәдениетіне ғана қатысты. Құрал ретінде атты қамшылау үшін пайдаланады. Демек, малды әрдайым қозғалуға, тез жүруге итермелейтін, түртетін нәрсе, зат атауы – қамшы. Ал қимылдың аты – *қамшы салу, қамшы болу*. Келе-келе затты немесе құбылысты танудың қорытындысы салыстырмалы түрде ұқсас құбылыстың атауына көшкен. Қазақ тілінде *қамшы салдырмау*: қамшы тигізбей жүріп отыру дегенді білдіреді» [2, 33] - дейді. *Бұл кезде Ақжан сөз тәркінін әдейі өзгертіп, Көмековтен совхоздың бүгінгі жай-күйін сұрастыра бастаған. Обалы кәнеки, директор шаруашылық жөніне келгенде қамшы салдырар емес («Атамекен», 200 б). Әлде Құмардың сөзі қамшы болды ма, ол ойымның қате екендігіне көзім енді ғана жете бастағандай («Атамекен», 231 б).*

Төрт түлік атаулары – қой, жылқы, сиыр, түйенің ішінде ең жиі қолданылатыны – қой малы. Қой малы ірі қарадай емес, көптігімен, жұмсайтын қажеттілігіне байланысты бағаланған. Қайда айдаса жүре беретін жуастығы мен момындығы адамның іс-әрекеті мен мінез құлқын сипаттауға негіз болған. Мысалы, *жуастығы қойдай, қойдан қоңыр, қой мінез, қой аузынан шөп алмас, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кез* сияқты бейнеліліктің иесі. – *Енді қайтесің, қой аузынан шөп алмас кешегі көшпенділер зой, - деді Ақжан сәл ойланып. («Атамекен», 168 б). Жаңа өкіметтің қойдан қоңыр мінезі осы бітімшіл көңілге сай келе кетті... («Соңғы көш»).*

Қойдан жуас мал болмайды. *Қой аузынан шөп алмас, қойдан қоңыр тіркесі* адам мінезіндегі жайлылықты, төзімділікті «қой» жануарына ұқсату нәтижесінде туған.

Міне, ауыл дегеніңді қазір танымайсың, Естайжан. Коммуна құрылып, ақ түйенің қарны жарылып жатқан кезде жақсы келдің... («Соңғы көш»). Тілдегі молшылыққа кенелу мағынасын білдіретін *«ақ түйенің қарны жарылу»* деген тұрақты тіркесінің қалыптасуы халықтың мал шаруашылығымен байланысты туындағанын мәлім. Бұл тіркестен ерте кездегі дәстүр байқалады: қанды жорықтан ең жақын туысы аман оралса, не әйелі көптен күткен ұл тапса, өрісте жүрген ақ түйенің қарнына пышақ тығып алып оны құрбандыққа шалатын дәстүр болыпты. Сонда даланы басына көтеріп боздаған түйенің дауысын ел естігенде, қуанышты жаңалықтың болғанын біліп, бір жерге жиналады екен. Жалпы ақ боз түйенің қазақ танымында алатын орны туралы тарихшы Б.Кәмалашұлы былай деп жазады: «Түйені қазақ халқы киелі, қасиетті мал деп қастерлеп, «ұлық мал» деп көреді.

Оны қазақтар пайғамбар, әулиелер, әмбиелер мінген, әр түрлі қызметтерді атқарған, «тарихтың жүгін арқалаған» деп біледі. Соның ішінде қазақ халқы ақ түйені ерекше қастерлейді. Ақ түсін пәктіктің, адалдықтың, қасиеттіліктің, киеліліктің белгісі деп көретін қазақтар ақ түйені ерекше құрметтейді. Қазақ халқында *ақ боз түйе, ақ түйені құрбандыққа шалатын* дәстүр бүгінге жеткен. Түйені ерекше қуанышқа шалған. Ол алдымен ақ түйенің қарнын жарып жібереді» [7, 626-627]. Содан қазақта: «ақ түйенің қарны жарылған күн» деген тіркестің бүгінгі күнге жеткенін айтады.

Бұдан шығатын қорытынды халықтың өткен өмірін, тіршілігін сипаттайтын тұрақты тіркестер оның мәдени өмірінен де хабар беріп, әр ұлттың өзіне ғана тән ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Өзін қоршаған ортаны әр ұлт өзінше қабылдайды және ол оның тілінде және мәдениетінде көрініс табады. Мәдениет дүниетанымға негізделеді, ал тіл – ең басты көрсеткіш. Демек, тіл – ұлттық дүниетанымның айнасы.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
2. Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Арыс, 2010. – 280 б.
3. Кемелханұлы М. Түлік атаулары – тарихтың айғақтары. (Ойсыл қара, Қамбар ата, Зеңгі баба, Шопан ата) // Білім. №4 (22). 2005. 34-40-бб.
4. Авакова Р.А. Фразеологиялық семантика.–Алматы: Қазақ университеті. 2002. – 152 б.
5. Байтелиева Ж. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі.Филол. ғылым. канд. дисс. -Алматы, 2007. - 120 б.
6. Өмірзақов Т. Мал түгіне байланысты қалыптасқан этнографизмдер // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.
7. Кәмалашұлы Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Ұлаанбатыр, 2013.-988 б.
8. Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат.– Алматы: Жалын, 1990. – 128 б.
9. Уәли Н. Қамшы сөзі қайдан шыққан? // Қазақстан әйелдері. 1985, №7.–23-б.

МРНТИ 14.07.09

ШЕШЕНДІК СӨЗ ТҮРЛЕРІН МОТИВАЦИЯ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

А.Б. Төлепбергенова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2 курс магистранты

Бұл мақалада шешендік сөз түрлерінің тарихы, шешендік сөз түрлерін оқушыларға мотивация арқылы қалай оқыту керектігі көрсетілді. Еліміздің жарқын болашағы жастарға шешендік өнердің тәрбиелік маңыздылығын түсіндіру. Шешендік сөздер мән-мағынасының тереңдігімен ғана емес, тақырыбының кеңдігімен де ерекшеленетіндігінде. Шешендік сөз түрлерін оқыту арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Тірек сөздер: шешендік сөздер, мотивация, ынталандыру, мақсат, пікір-талас.

В этой статье рассматривается история ораторской речи и способы обучения ораторской речи через мотивацию. Объяснение воспитательной важности ораторской речи будущему поколению нашей страны. Ораторская речь отличается не только глубиной смысла, но и широким спектром тем. Формирование речевой культуры учеников путем обучения видов ораторской речи.

Ключевые слова: ораторские речи, мотивация, стимул, цель, диспут.

The article considers the history of oratory speech, and ways of teaching the oratory speech through motivation. Explanation of educational importance of the oratory speech to the future generation of the country. Not only the depth of meaning, but also the width of thematic range are characteristic to the oratory speech. Formation of students' speech culture by teaching types of oratory speech.

Keywords: oratory speech, motivation, incentive, purpose, dispute.

Шешендік сөздер – халық даналығынан туған мұра, халықтың асыл қазынасы. Мазмұны халықтың бастан кешірген өмірін, арманы мен қиялын көрсетеді, өмірге дүниеге көзқарасын, ой-өрісін бейнелейді.

Халықөзінің қиялдаған арманына қашанда болса жетемін деген сенімнен айырылмаған. Өмірдің сан-алуан құбылыстарын бір-бірімен теңеп, салыстырып, болашағын болжап, қиялдап айтылған даналық сөздер халықты үнемі жеңіске, табысқа жетектеп, құлшындырып, рухтандырып отырған. Қуаныш үстінде дем берушілік, реніш тұсында жұбатушылық қызмет атқарған.

Сонымен бірге, шешендік сөздер қазақтың сан ғасырлық тарихының, бостандығы мен бақытты болашағы үшін жүргізген күресінің айнасы, айғағы есепті.

Жалпы қауым, кейде жеке адамдар атынан

айтылатын ақылды, аталы сөздердің мол тараулары – шешендік арнау, толғау түрінде болса, екінші бір күрделі саласы – шешендік даулар.

Мұндай дау сөзге түсушілер билер мен өнер қуған халық шешендері болған. Бізге жеткен шешендік сөздерден Аяз би, Жиренше, Бөлтірік, Қозыбай, Етекбай секілді халық даналығын бойларына сіңірген, сөз өнерін еркін меңгерген ондаған халық шешендерінің есімдері мәлім. Белгілі халық шешендері мен аты белгісіз дана қарт, шешен әйел, тапқыр бала, кедей жігіт атынан айтылатын шешендік сөздерге тән бір қасиет – шешендік, тапқырлығымен қатар әділдігі, ойының айқындығы.

Шешендік сөздер – халық даналығы. Ғасырлар бойы жинақталған, сығымдалған, сұрыпталған шешендік сөз нұсқаларынан

халықтың тіл байлығын, ақыл-ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін үйреніп үлгі алуға болады.[1, 53]

Шешендік сөздер, көбінесе, түсінік сөзбен басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің нендей мәселемен байланысты, қандай жағдайда туғандығы және кім айтқандығы баяндалады. Түсінік сөздің көркем болуы шарт емес, тек ықшамды, әрі түсінікті болуы шарт. Шешендік сөз құрамының бұл бөлімін айтушы өзінің мүддесі мен мақсатына қарай қалауынша өзгертіп, уақиғасын алмастырып, кейіпкерлерін ауыстырып жіберуге мүмкіндігі бар. Бір нұсқаның бірнеше «авторлы» болуы осыдан.

Қазақ мақалында шешендікті, осылай, шеберлікпен салғастырып бағалайды. Мұнда шешеннің сөзі нысанаға дәл тиетіні жағынан анықтауда терең мағына бар. Халық түсінігінде шешеннің сөзі қынаптан суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұстатқандай анық, бойға қуат, көңілге медет болатындай терең мағыналы әрі көркем болуға тиіс. Тіл өнерінің салтанатты думаны сондай шешендік алаңында қызады да, оның от ауызды, орақ тілді шеберлері сол думанда көзге түседі. Соларды қазақ халқы «шешен» деген атаққа ие еткенде, өз өміріндегі ең қымбатты әрі өткір құралы – тілдің терең сырына, мол байлығына қанық, оны сілкілескенде сілтей білетін, аса дарынды кісілер деп құрметтейді.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге бейім халық. Оның қиыннан қиыстыра, тапқыр да ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, нақыл, қомақты ойлары жөнінде өзіміз де, өзгелер де таңдай қағып айтудамыз. Теңіз тербеп тереңінде шайқалған інжу-маржандай ғасырлар бойы халық жадында сақталып, жұпталып көптің көкейіне орнаған шешендік сөздер шешендердің даналық сөздерінде ашылады, айқындалады, ал шешендер әлденеше ұрпақтың сана сезімін аралап, көптің көкейіне қонақтаған ойлы, сырлы сөздерді жаттап, жадында сақтайды, керекті жерінде жаңартып кәдеге жаратады.

Қазақтың шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Халық заманы озған сайын әлгіндей сөз үлгілерін талқыға салып, қырлап, өңдеп, құлпыртып әкеліп, кейде тіпті сан-саққа жүгіртіп әркімдердің (шешен-билердің) атынан айтады. Осындай әдеби-халықтық, фольклорлық сұрыптаулардан кейінгі біздің заманымызға келіп жеткен шешендік сөздер шымырқанған қымыздай жұтылған, таңдай татарлық дүниелер болып келеді.

Би-шешендер – шешендік өнердің негізгі доминанты (қозғаушы күші). Аталмыш өнер атауының өзі осы қалыптан шығып отыр.

Шешендік сөздерді ауыз әдебиетінің жеке саласы ретінде қарастырған бұл тұстағы зерттеулер А.Байтұрсынов, М.Әуезов, С.Сейфуллин есімдерімен тығыз байланысты. Бұдан кейінгі кезеңдегі шешендік өнер тарихының зерттелуі Ә.Маметова, Б.Адамбаев еңбектерімен толықты. Сондай-ақ фольклортанушы ғалым С.Садырбаев шешендік сөздерді ішкі үлгілерге жіктеуде өзіндік ой-өрісін көрсете білді.

Шешендік сөз түрлері де қолданыстың белгілі бір аясына бағытталған. Шешендік сөз түрлері өзіндік мазмұны мен түрлері тұрғысынан әр алуан. Тарихтың белгілі парақтарында түрлі ғалымдар шешендік сөздердің түрліше жіктемесін ұсынған болатын. Мысалы, қазақтың белгілі ғалым филологы А.Байтұрсынов 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің «Шешен сөздің түрлері» деген тарауында шешендік сөздерді бес түрлі ішкі жанрлық үлгілерге жіктеді [3, 101]:

а) *саясат шешен сөзі*;

ә) *билік (соттағы) шешен сөз*;

б) *қошамет шешен сөз*;

в) *білім шешен сөз*;

г) *уағыз*.

Ә.Маметова екіге бөледі [4, 267]:

1. *Шешендік дау*

2. *Шешендік толғау*.

Б.Адамбаев та шешендік сөздерді тармағына қарай бөліп қарастырады [5, 30]:

1. *Шешендік арнау*

2.Шешендік толғау

3.Шешендік дау.

Р.Сыздық бұрынғы шешендік сөздерді мазмұнына қарай былайша топтайды [6, 112]:

- Әлеуметтік-саяси мазмұнды сөздер
- Әлеуметтік-тұрмыстық мазмұнды сөздер
- Билік мазмұнды сөздер.

1998 жылы шыққан «Қазақ тілі» энциклопедиясында қазіргі заманғы шешендік сөздерді мазмұнына қарай беске бөледі де, бесінші қылып діни қызметтегі шешендікті көрсетеді. Олар:

- Әлеуметтік саяси тақырыптағы;
- Академиялық шешендік;
- Сот ісіндегі шешендік;
- Әлеуметтік- тұрмыстағы;
- Діни қызметтегі шешендік;

Р.Сыздық «Сөз құдіретінде» (1997) шешендік сөзге қойылатын шарттардың төртеуін былайша таратып көрсетеді. Ол шарттар: біріншіден, әлеуметтік мәні бар әңгіме болуы керек, ол белгілі бір жиын, топ көбінесе шаршы топ (көпшілік алдында) айтылатын сөз болуы қажет, екіншіден айтылатын сөздің дәлелі (кімге, неге, не мақсат көздей айтылғандығын түсіндіру, ойланту) болуы шарт, үшіншіден және қиыны – тыңдаушыға әсер ететін эстетикалық қасиеті, тілінің айшықты, астарлы, әуезді дегендей көрікті болуы қажет, төртіншіден басты шарттарының бірі – көпшілікке қаратыла айтылған сөз баршаға түсінікті, ойы (идеясы айқын болып келуі). Осы шарттар орындалған күнде ғана шешендік сөз, яғни шаршы топ алдында айтылған сөз тыңдаушылардың ақыл-ойы мен еркіне әсер етіп, оларды белгілі бір іс-әрекетке ұмтылдыратын сөз болып шығады. Соңғысын шешендік сөздің түпкі мұраты деп баса көрсетеді [6, 105].

Шешендік сөз түрлерін оқытуда баланың қызығушылығын арттыру мақсатында мотивацияны қолданамыз.

Оқушылардың оқуға мотивациясын қалыптастыру дегеніміз бұл мектепте оқу-

ға деген ішкі ұмтылысты (мотив, мақсат, эмоция) қалыптастыру, оларды оқушылардың саналы сезінуі, өздерінің мотивациялық сферасын одан әрі дамытуы [7, 28]. Мұғалім бұл жағдайда оқушылардың мотивациялық сферасы стихиялы түрде қалай дамитынын және қалыптасатынын салқынқанды бақылаушы позициясын ұстанбай, керісінше психологиялық тәсілдер жүйесінің көмегімен оқу мотивациясының артуына дем беріп отыруы қажет.

Мотивацияның /стимулдаудың/ шарттары: білім мазмұнын жекелік бағытталған қызықты материалдармен байыту; барлық оқушыларға ізгілікті қатынас; танымдық сұраныстарын қанағаттандыру; қызықты қарым-қатынас; ойлауды сезіммен байыту; білуге деген құштарлықты дамыту; белсенді өзін-өзі бағалау; өзін-өзі дамытуға ұмтылыс; балалардың бастамашылығын қолдау; оқу еңбегіне жауапкершілікті қатынас.

Мотивацияның тәсілдері:

- салыстыру, мысалдар;
- оқушыны түсіну;
- баланы қызықтыратын дүниелер туралы сөйлеу;
- істелінген қылықтардың неге соқтыратынын көрсету;
- баланың жақсы жақтарын мойындау;
- талап қою арқылы стимулдау;
- жетістіктерді көрсету;
- мақтау;
- баламен сезімдес болып сынау.

Балалар туралы жақсы сипаттама беріп, мүмкін болған жағдайда мадақтауды жиі қолдану керек, оларды өз күштеріне сенетін жағдайларды туғызған абзал.

Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер оқytудың тәрбиелеу жағынан тиімділігін арттырады, тұлғааралық қатынастарды қалыптастыруға оң әсер етеді, сыныпта қолайлы жағдай орнатуға және ұжымдық психологияның қалыптасуына көмектеседі. Оқушыларда ұжымдық жұмыстар барысында жолдастық, достық және ұжымдық сезімдер қалыптасады. Сабақтарда ұжыммен орындалатын жұмыстарды

жүргізу адамгершілікті оңды қатынастар бойынша тәжірибе жинақтауға мүмкіндік жасап, қоғамдық бағыттылық пен шығармашылық даралаудың бірлігінде оларды қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Оқу танымдық іс-әрекеттердің ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей ұжымдық танымдық іс-әрекеттің, өзіндік және біріккен іс-әрекеттердің төмендегідей белгілерін көрсетуге болады:

- бірыңғай мақсаттың, жалпы мотивтің болуы, оқушының қоғамдық маңызды мақсатқа жету үшін ұжым мүшелерінің барлығының күшінің біріктірілуінің қажеттігін түсінуі;

- ұжымның әрбір мүшесінің білімді, білікті және дағдыларды меңгерулерін қамтамасыз ететін жұмыстар мен қызметтерді оқушыларға тиімді бөлініп берілуі;

- іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелділіктің пайда болуы;

- бірігіп жұмыс істеу барысында оқушылардың іс-әрекеттерін басқарудың, оқушылардың, ұжым мүшелерінің өздерінің де кей жағдайда бақылау жасауларының қажеттігі;

- бірыңғай кеңістік болуы және ұжымның барлық мүшелерінің жеке іс-әрекеттерінің бір уақытта жүзеге асырылуы;

- жалпы нәтижелердің болуы.

Ұжымдық танымдық іс-әрекеттер сабақта және сабақтан тыс уақытта қолданылатын жұмыс түрлерінің жүйесі болуы мүмкін. Ұжымдық оқу әрекетінің тұлғаға сол тұлғаның өзінің белсенділігіне қарай әсер етуі мүмкін, яғни ұжымдық танымдық іс-әрекет оқушының белсенділігін талап етеді. Оқушылардың басым көпшілігі белсенділік танытуы үшін танымдық іс-әрекет барысында қалыптасатын белсенді оқу әрекеттеріне сүйену қажет.

Белсенді топтар жұмысын ассистенттердің, кеңесшілердің, еңбекті ғылыми ұйымдастырудың мектебін құрудан бастау керек, ал мүшелерін таңдау белсенділердің,

оқу ұжымының, мұғалімнің қалауы бойынша жүргізіледі. Сонымен бірге оқу белсенді тобының қызметін оқу ісінің меңгерушісі басқарады және ол беделді, өзіндік маңызы бар топ болуы керек, оның жүргізген жұмыстарының барысы семинарларда, мектептік қорытынды конференцияларда тыңдалып отыруы қажет.

Мектеп бағдарламасында тілдің мәнерлеу құралдарын тереңірек оқып-үйренуге баса назар аударған дұрыс. Әйтпесе, сөз өнерін игерудің ғылымилығы төмендейді. Бұл қазіргі жастардың, жалпы көпшіліктің сөзінің көбіне-көп жұтаңданып, бір жақтыланып, қасаңдаған тұсында керек.

Орта мектепте шешендік өнерге баулуда бірізділік керек-ақ. Яғни, шешендік өнерге баулу қарапайымнан күрделіге, әліппеден бастап ғылым биігіне қарай жетелеу негізінде жүргізілуге тиіс.

Ендігі бір ескертетін үлкен жұмыс – оқушыларды шешендік сөйлеу мәдениетіне практикалық жұмыстар арқылы машықтандыру. Бір тақырып алып, пікірталас тудыру. Оның қарапайым, күрделірек, күрделі түрлерін жасаттыру. Шешендік өнерге баулуда белгілі бір мәтінді талдаудың маңызы зор.

Өз пікірін батыл айту, оның дұрыстығын дәлелдеу. Көпшілік алдында бір мәселе туралы бірнеше вариантты (мазмұны, маңыздылығы, көлемі жағынан) ой түйіндеп үйрену – оқушылардың үлкен өмірдегі басты қажеттілігі. Пікірталас ұйымдастыру, пікірталас үстінде жиі қолданылатын әдістерді меңгеру пікірдің қонымдылығын, ойдың өтімділігін күшейтеді. Сондықтан оқушыларға ол жөнінде түсінік беріп отыру абзал.

Қорыта келгенде, жалпы орта білім беретін мектепте шешендік өнерді пән ретінде оқыту аса қажет және оны оқытуды жолға қою үшін педагог-мамандардан, әдіскер-ғалымдардан оның жалпы дидактикалық және арнайы ұстанымдары осы аталмыш пәнді оқытудың нақты әдістері мен түрлерін іріктеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту.-Алматы,1989.-96б.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы.-Алматы:Ана тілі,1991-240б.
3. Байтұрсынов А. Зерттеу мен өлеңдер,-Алматы:Атамұра,2003.-208б.
4. Маметова А. Ораторские речи казахских биев и место в истории литературы: автореферат канд.филол.наук.-Алма-Ата,1945.-267 с
5. Адамбаев Б. Шешендік сөздер,-Алматы:Жалын,1969.-140 б.
6. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі,- Алматы,1991.-111б.
7. Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы:1997 . -78б.



*«Адамның адамдық,
ұлттың ұлттық
ең жоғарғы қасиеті –
тіл өткірлігі мойымасын,
тіл сұлулығы кемімесін!»*

Ғабиден Мұстафин.

МРНТИ 14.07.09

**«СЫН ТҮРҒЫСЫНАН ОЙЛАНУҒА ҮЙРЕТУ» МОДУЛІНІҢ БІЛІМДІ ҰРПАҚ
ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ПАЙДАСЫ**

С. Сұлтанова

«Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп – мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі
Ащысай ауылы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысы

Бұл мақалада еліміздегі білім беру жүйесінің жаңа реформаға негізделген түрін өз тәжірибемізде қалай қолдану керектігі айтылады. Оқушылардың сабаққа деген ынтасын жоғарылату үшін әр түрлі әдістер мен тәсілдерді меңгеруіміз керек, оқу әдістемесін жаңғыртуымыз тиіс. Баланы дұрыс сөйлей білуге, дұрыс ойлай білуге дағдыландыруымыз қажет. Өз жұмысымыздың нәтижесіне қол жеткізу үшін қолданылатын тәсіл таңдалуы керек. Ол тәсіл оқу ережесіне сай түсінікті болуы шарт. Олар өзара сабақтастық тапқанда педагогикалық норманың көрсеткішіне айналып, әдіс дидактикалық сипатқа ие болады. Әрбір оқушыға берілетін білім олардың танымдық белсенділігін туғызуға бағытталуы тиіс. Білім алуға деген талпынысты, қызығушылықты, ынта-ықыласты оята білген мұғалім ғана нағыз шәкірттерді тәрбиелей алады. Осындай мамандар көбейсе, кез келген тақырыпты тек қана қатып қалған ережемен ғана емес, түрлі әдіс-тәсілдермен көңілге бекітер еді. Ал, көңілге бекітілген нәрсе әруақытта санада жаңғырып тұрады.

Тірек сөздер: реформа, әлемдік білім, әдіс, модуль, ұйымдастыру, ақпарат, сыни ойлау.

Данная статья описывает способы применения основного вида реформы государственной системы образования на своем опыте. Мы должны применить и модернизировать способы увеличения рвенения к учебе у учеников. Чтобы дети правильно мыслили и говорили, нужно правильно их направлять. Для достижения результата в нашей работе, нужно выбрать эффективный способ. Этот способ должен соответствовать правилам обучения. При обретении взаимосвязи они становятся нормативными педагогическими показателями, при котором данный способ обретает дидактический характер. Знание, дающееся каждому ученику должно быть направлено на повышение их познавательной деятельности. Только тот учитель, который сможет разбудить в детях стремление, заинтересованность, энтузиазм к познанию может воспитать настоящих учеников. Если таких кадров будет больше, появится возможность закрепления любых тем с использованием различных методов, помимо использования установленных правил. Таким образом, знание укрепленное с интересом всегда сохранится в памяти.

Ключевые слова: реформа, мировые знания, метод, модуль, организация, информация, критическое мышление.

This article describes methods of using the main type of reform the public education system on their experiences. We have to apply and update methods for increasing zeal for learning in students. To correct the children think and speak, you need to properly guide them. In order to achieve the result of our work, it is necessary to choose an effective way. This method must comply with the rules of training. In finding the relationship they become normative teaching performance, in which this process takes a didactic character. Knowing that gives each student should be directed to the improvement of their cognitive activity. Only one teacher who will be able to wake up in the desire to children's interest and enthusiasm for knowledge can educate these students. If such staff will be more will be able to consolidate all those using different methods, in addition to the use of the established rules. Thus, knowledge of the fortified with interest always remain in the memory.

Keywords: reform, global knowledge, method, unit, organization, information, critical thinking.

Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері жасалынып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Педагогикалық теориямен жеткілікті түрде қаруланған мұғалімнің іс-әрекеті тиімді, еңбегі жемісті болады. Бұл педагогика теориясымен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге де тікелей байланысты. Қазіргі таңда білім беру үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері енгізілуде. Білім берудегі ескі мазмұнның орнына жаңасы келуде. Жаңаша білім беру үшін, бірінші орынға баланың білім, білік дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Қазіргі уақыт талабының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңаша оқыту технологиясын ұсынуда [1].

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында оқыту формасы, әдістері, қағидасы бекітілген. Білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануға мүмкіндік берілуде. Жаңаша білім берудің мақсаты, бірінші орынға жекетұлғаның сыни тұрғыдан ойлауы арқылы ой-өрісінің дамуын қойып отыр. «Сын тұрғысынан ойлау» – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Қазіргі замандағы мұғалімнің міндеті – әр баланы өзінің жеке тұлға екенін сезіндіре білуге жол ашу болып табылады [2].

Сыни ойлау тұрғысынан жасалынған сабақ – әрқашан диалогке негізделген нағыз сабақ болмақ. Мұндай сабақ – ізденіске, дайындыққа, үйренуге бағытталған, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі [3].

Мен мектептегі іс-тәжірибемде қолданған әдіс-тәсілімнің бірі ретінде «Сын тұрғысынан ойлануға үйрету» модулін қарастырдым. «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулі оқушының ой-өрісінің дамуына жол ашатынын білдім. Бұл тәсілде мұғалім бағыт беруші болса, ал оқушы өз бетімен білім алады, ізденеді, ой-өрісін дамытады. Мен осы модульді өз тәжірибемде қалай қолдана аламын, оның

оқушыларға берер қаншалықты пайдасы бар? Міне, осы сұрақтар төңірегінде ой қозғасақ, артық болмайды.

«Сын тұрғысынан ойлануға үйрету» модулін өз тәжірибемде бірнеше рет қолдандым, нәтижесін берді деп сенімді түрде айта аламын. Сынып оқушыларына жаңаша оқыту үлгілерін, сонын ішінде топтық жұмыстар, ынтымақтастық атмосферасы туралы айтып түсіндірдім. Тәжірибе ретінде 4-сыныптың әдебиеттік оқу пәнін таңдадым. Әр сабақтағы бағалау түрлерінің бар екендігін, бағаны күлегештермен, бас бармақ тәсілдері арқылы білетіндігімізді айтып, көрсеттім. Нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты.

Әдебиеттік оқу пәні бойынша Н.Жанавтың «Мұғалім», М.Мәжікеевтің «Болар бала жасынан», М.Қуанышбековтың «Көптен безген көгермес», С.Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам, адам болып» сынды еңбектерін өткенде «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулі үлкен көмек болды. Сабағыма өзгеріс енгізу арқылы, оқушыларды шығармашылыққа баули отырып, топта бірігіп жұмыс істеуге, білімдерін жүйелеп қолдануға, жауаптарын дұрыс және нақты тауып жеткізе білуге, бір сөзбен айтқанда, өз ойын анық ұғындыра алатын шәкірттерді тәрбиеледім.

Сыни ойлау өзіндік және жеке ойлау – берілген ақпаратты өз бетімен жан-жақты іздеп таба білуге дағдыландыру, ой қорыта отырып, сыни тұрғыдан ойлануға баулу болып табылады. Сондықтан, мен сабағымда ынтымақтастық атмосферасын ұйымдастырудан бастағанды жөн көрдім. Тізбектелген төрт сабақтың бірінші сабағында «Қос шеңбер» деп аталатын шаттық шеңберін пайдаландым. Екі оқушы бір біріне бетпе-бет тұрып амандасу түрлерін көрсетті. Басында сыныпта шу көп болды. Бірін бірі тыңдамай, әркім өз бетінше әрекет жасауға тырысты. Ал, топқа бөліну барысында әр оқушы өз досымен бірге отырғысы келді және топ басшысын сайлау, берілген тапсырмаларды бағалау кезінде қиыншылықтар кездесті. Сабақ барысында осындай жағдайлар кедергісін тигізіп жатты.

Дәстүрлі сабақ барысында оқушылар дайын білімді ғана алып отырса, ал қазіргі жаңа бағдарламада оларға өз бетімен іздену арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыруға болатынын байқадым. Алғашқы сабақтан бастап оқушыларды топқа бөлдім. Бұлар бастауыш сынып оқушылары болғандықтан, топқа бөлген кезде әр түрлі геометриялық фигуралар арқылы, реттік санау бойынша, түсті қағаз түрлерімен топқа бөлінді. Оқушылармен ақылдаса отырып топ ережесін құрып алу керектігін ұйымдастырдым. Сабақ барысында топ ережесін қатаң сақтау керектігін ескерттім. Топ ережесін құру кезінде оқушыларға қай жағы тиімді немесе қалай істесек тиімсіз болады деп ойлауына мүмкіндік берілді. Әйтсе де, топ ережесін сақтау жағынан да қиындықтар болып жатты. Себебі, бұлар толықтай жаңаша оқыту әдіс-тәсілдерін білмейтін еді. Бастапқы кезде тыныштық сақтамай, бірін-бірі тыңдамай жатты. Бірақ уақыт өте келе, бірін-бірі тыңдауға үйренді. Бұл жолдағы ең оңтайлы тәсіл – балаларды өз тәжірибемдегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру болып табылды. Бізде балалардың қызығушылығын оятып, олардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін қолдануға болатын, әлемнің түрлі бөліктеріндегі және тарихтың түрлі кезеңдеріндегі тұрмыс салты туралы мысалдар жеткілікті. Сондай мысалдар арқылы біз оқушылардың оқуға деген ынтасын оятуға түрткі боламыз.

Оқулықтағы Н.Жанаевтың «Мұғалім» өлеңіндегі күтілетін нәтиже: өлеңді өз бетімен талдау арқылы кейіпкер бейнесін ашуға үйрету, ашық әңгімелесу арқылы өз ойларын ашық жеткізуге мүмкіндік беру, осы арқылы оқушылардың барлығын белсенді әрекетке ұмтылдыру болды. Оқушылар тақтадағы жазылған сабақ, мұғалім, қоңырау, оқушы деген топтарға бөлінді. Диалогтік педагогика үрдісін қолдану арқылы, осы өлеңдегі негізгі кейіпкер кім болуы мүмкін деген сұраққа жауап іздеуге уақыт берілді. Оқушылар «Мұғалім» деп шу ете қалды. «Неліктен мұғалім деп ойлайсыздар?», «Басты кейіпкер ол болмаса ше?» деген сияқты түрткі сұрақтар қойылып отырды. Әр

топтан оқушылар белсенді түрде жауап берді. Мұғалімсіз мектептің болмайтынын, білімнің тарамайтынын айтты. Мектепті мұғалімсіз елестету мүмкін еместігін жарыса жеткізді. Осылай жалғасын табатын ойлар оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетінің артатынын көрсетті. Топ басшылары бағалау критерийлері мен дескрипторларды пайдалана отырып, топ мүшелеріне әділ бағаларын берді. Ал сабақтың соңында топ басшыларының бағалау парағы жиналып, формативті баға сынып журналына қойылды. Бағалау парағына жазылған тапсырмаларға сәйкес ұпай саны қойылып отырды. Ең жоғарғы ұпай – 3 ұпай болып, бағдаршамның түстеріне байланысты бағаланды. Жасыл түс – 3 ұпай, ал сары түс – 2 ұпай, қызыл түс – 1 ұпай болып есептелінді. Топ мүшелерінің бірін-бірі бағалауы, топтық бағалауы, өзін-өзі бағалауы – оқытуды бағалау болғандықтан, оқушылар әр тапсырмаға қандай ұпай қойылып, оны не үшін алып отырғанын біліп отырды. Осы сабақ барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артты. Өз ойын еркін жеткізе білді. Оқушылар сабақтың соңындағы кері байланысқа «Мен не білдім?», «Мен не білгім келеді?» деген сұраққа жауап жазуды үйренді. Мектептегі тәжірибемде мен оқушылардың топтық жұмыс жасау барысында сын тұрғысынан ойлау әдісін тиімді пайдаландым деп айта аламын. Себебі, осы әдіс-тәсілді қолдану барысында менің оқушыларымда мынадай деңгейлер қалыптаса бастады:

1. Дайын білімді емес, өз бетімен білімді қабылдауды үйренді;
2. Туындаған проблеманы шеше бастады;
3. Топ шешімінің ішіндегі ең тиімдісін таңдай білді;
4. Өз бетімен қорытынды ой қабылдай білді;
5. Ой түйіндеу арқылы дәйектемені қолдана білуге дағдыланды;
6. Әр оқушының өз көзқарасы қалыптасты, өз пікірін білдірді;
7. Пікірталас жүргізуге, ортақ шешім қабылдауды үйренді;
8. Бір-бірінің шешімін сыйлауға үйренді;
9. Әр оқушыда «Мен» тұжырымдамасы

қалыптасты;

10. Әркім өз ойларын нақты дәлелмен қорытындылауды үйренді;

Осыған орай, оқушылардың бойында сын тұрғысынан ойлауға жетелейтін әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, сабақ барысында жақсы нәтижеге қол жеткізе бастағанымды байқадым.

Келесі сабағым М. Мәжікеевтің «Болар бала басынан» тақырыбы болды. Бұл сабақта да оқушылардың сын тұрғысынан ойлануына жағдай жасалды. Білім алушылар төрт топқа бөлінді. Сыныпта ынтымақтастық атмосфера-сын қалыптастыру үшін «Уәде беремін» атты шаттық шеңберін пайдаландым. Әр оқушы өздерін жеке тұлға ретінде түсініп, бір-біріне уәде берумен сабақ та басталып кетті. Әр топқа өз есімдері берілді. 1 топ – Ақыл, 2 топ – Қайрат, 3 топ – Білім, 4 топ – Бұлақ деп бөлінді. Сабақта оқушылардың қызығушылықтарын ояту үшін, әр топ постер қорғаудан бастады. «Батыр кім?» тақырыбын әр топ өз түсініктері бойынша бес минут ішінде өз ойларын ортаға салып, постерді қорғады. Әр топтың бірігіп жұмыс істеу кезінде мына ерекшеліктерді байқадым: ұтымдылық, ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақ қою; дәлелдерді талап етіп, кез кеген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес себепке негізделу (бірақ төменде айтылған өзіндік сана-сезімге қатысты эмоция да болуы мүмкін); сыңаржақтылықтың болмауы; барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу; дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау; өзіндік эмоция мен көзқарастардың, сенімдер мен болжамдардың субъективті екенін сезіну.

Міне, сын тұрғысынан ойлауға үйрету тәсілінің іске асуы бізге осындай артықшылықтар алып келеді.


Оқушыларды топқа бөлудің тағы да бір тәсілі бар. Ол тәсілді де айта кеткен жөн. Стол үстіне түрлі жапырақ стикерлерді қойдым. Оқушылар таласа-тармаса алып жатты. Олар

таңдаған стикерлеріне байланысты топқа бөлінді. Осылайша, сынып оқушылары өзін-өзі реттеуге үйреніп қалғандарын көрсете бастады, ынтымақтаса жұмыс істеуге дағдыланды. Менің өзіме түйген ойым, бұдан былай да ынтымақтастық атмосферасын орнатуда басқа да қызықты әдістерді қолданып отыру қажет екен. Мәселен, допты лақтыру арқылы үйге берілген тапсырманы сұраудан бастауды жөн көрдім. Бұл жерде оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді басшылыққа ала отырып, сабақты бастау керектігін білдім. Сабақ барысында оқушылардың өзара білім алмасу мен мұғалім мен оқушы арасындағы байланыстың негізгі құралы диалог көрініс тапты. Бұл әдіс сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатын бірден бір мүмкіндік болды. Осы сабағымда оқушылардың өзара қарым-қатынасы оқуда маңызды рөл атқаратынын білдім. Сыныптағы жиырма үш оқушының барлығы дерлік жұмысқа қызу кірісті. Осындай белсенділікті жоғалтып алмас үшін болашақта дарындылықты дамытуға арналған тапсырмалар түрін көбейту керектігін ескеру керек деп ойлаймын. Мағананы тану кезеңінде «Оқыту мен оқудағы АКТ-ны пайдалану» модулін ықпалдастыра отырып, бейнетаспа мен электронды оқулық материалдарын да пайдаланған қолайлы.

Жалпы айтқанда, сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейімділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді. Мен болашақта сыни тұрғыда ойлана білетін, жан-жақты білімді, ынталы оқушылардың көбейетініне сенемін. Болашақта менің оқушыларым сыни тұрғыдан ойлай алатын, өз ойын толық жеткізе білетін, сөйлеу тілі дамыған, топпен және жұптасып жұмыс істеуді білетін талантты және дарынды жеке тұлға болып қалыптасатынына кәміл сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі ДББҰ, 2015ж.
2. Аманова Ғ. Халықтық педагогика – даналық мектебі, 2012 ж.
3. Жарқымбекова М.Б. Оқу мен жазу арқылы бастауыш сынып оқушыларының сыни тұрғыдан ойлауын дамытудың тиімділігі // «Ұлттық тәрбие» журналы № 4 (36) 2016.



*Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойына жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.*

Абай.

МРНТИ 14.07.09

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
БІЛІМ ДЕНГЕЙІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Г.С. Адасбаева

«А.Нүсіпбеков атындағы орта мектеп – мектепке дейінгі шағын орталығымен»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі
А.Нүсіпбеков ауылы, Райымбек ауданы, Алматы облысы

Бұл жұмыста 1-ші сынып оқушыларының білім деңгейін, сабаққа деген қызығушылығын көтеру үшін қандай тәсілдерді қолдана отырып сабақ жүргізу керектігі айтылады. Сабақ жоспары түрінде көрсетіледі. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған балаға сапалы білім беру үшін мұғалім кез келген тақырыпты қызықты етіп жүргізе білуі керек. Сонда ғана нағыз ұстаз нағыз шәкіртті тәрбиелейді. Мәселен, дүниетану пәніндегі қай тақырыпты алсақ та, ондағы берілген тапсырмалар оқушының жасына, қабылдауына сай жазылған. Сол тапсырмаларды қандай жолдармен, қандай әдістермен меңгерте аламыз? Міне, білім берушінің алдында тұрған бірінші міндет осы. Оқушы «Менің отбасым. Отбасылық дәстүр» тақырыбын өткенде өз отбасы жайлы айтып, сол кішкентай мемлекетке деген сүйіспеншілігін арттыра білуі керек. Тек ол ғана емес, сол отбасындағы дәстүрлерге де қанық болуы қажет. Ендеше, өз ата дәстүрін сыйлайтын, отбасын құрметтейтін, сүйетін азаматтарды тәрбиелеу – біздің, ұстаздардың міндеті. Сол міндетті абыроймен атқарсақ қана, нағыз ұстаз дәрежесіне көтеріле аламыз.

Тірек сөздер: ұрпақ тәрбиесі, білім, қабілеттілік, тұлға, мінез-құлық, отбасы, дәстүр.

Данная работа рассматривает способы, которые необходимо применить для поднятия заинтересованности в учебном процессе, и улучшения уровня знаний учащихся 1-го класса. Приведена в виде учебного плана. Учитель должен уметь только что переступившему порог ученику, дать хорошие знания, путем предоставления любой темы в интересной форме. Только тогда настоящий учитель воспитает настоящего ученика. Например, какую бы тему не взять, все задания которые даются на уроке естествознания, даны на уровне восприятия ученика данного возраста. Какими способами и путями мы можем внедрить данные задания? Вот, что для преподавателя является первостепенной обязанностью. Ученик при прохождении темы «Моя семья. Семейные традиции» должен уметь рассказать про свою семью, и выразить свою любовь к этому маленькому государству. Помимо этого, он должен быть приверженцем традиций своей семьи. Таким образом, обязанностью наших учителей является воспитание в учениках уважение к традициям своих предков, уважение и любовь к своей семье. Только при добросовестном выполнении данной обязанности, мы можем достигнуть звания настоящего учителя.

Ключевые слова: воспитание потомства, знание, навыки, личность, поведение, семья, традиции.

This paper examines the ways that you want to apply to raise interest in the learning process and improve the level of knowledge of students of the 1st class. Given in the form of a curriculum. The teacher should be able to have just crossed the threshold of the student, give good knowledge, through the provision of any topic in an interesting way. Only then will bring up a real teacher of the student. For example, no matter what the subject does not take all the jobs that are in the lesson of natural science, it is at the level of perception of student age. What are the ways and the ways we can implement these jobs? That is, that the teacher is the primary responsibility. The student in passing the theme «My family. Family tradition «should be able to tell us about your family, and express your love to this small state. In addition, it should be a supporter of the traditions of his family. Thus, the responsibility of our teachers is to educate students to respect the traditions of their ancestors, respect and love for his family. Only when the conscientious fulfillment of this obligation, we can achieve the title of a real teacher.

Keywords: education of offspring, effective way, knowledge, skills, personality, behavior, family, tradition.

Біздің халықтың ұрпақ тәрбиелеуде сан ғасырлар бойы жинақтаған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылары ұшан-теңіз. Олар бүкіл ұлттық болмысымызды жан-жақты бейнелейтін, басқа ұлттардан ерекшелігімізді даралап тұратын халқымыздың даналық тұжырымдары, әдеп әлемінің айнасы. Уақыт сүзгісінен сүрінбей өткен, сан ғасырлар бойы санамызға ұялаған жазылмаған заңдар жазылған заңдардан да өміршең екенін дәлелдейді. Бірақ тарих сахнасынан өткен кешегі Кеңес дәуірінде сол асыл мұра, алтын қазынамызды жабық күйінде қалдырып, санамыздан сызып тастауға күш салынғаны жасырын емес. Ендеше, оны заманауи тұрғыдан терең талдап, саралап, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді қайта жаңғыртып, ұрпақ тәрбиесінде кәдеге жаратуға тиіспіз. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Ал, қазақ халқының ұлттық тәжірибелері мен тағылымдарының мол қазынасы халықтық педагогикада жинақталған. Осыдан келіп ұрпақ тәрбиесінің түзу жолы қалыптасады. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазір де солай.

Мұғалімнің кәсіптік білімінің үздіксіздігі оның шығармашылық қабілеттерін дамытудың қажетті алғышарты, оның өмір тіршілігінің біріктірілген элементі және жеке педагогикалық тәжірибесін ұдайы дамытып отырудың шарты болып табылады. Менің осы сабақ жоспарын ұсынуда ең алдымен «оқушыны қалай қызықтыра аламын», «қандай әдіс-тәсілдерді қолданған қолайлы», «берген білімім сапалы болуы үшін мен олардың қызығушылығын арттыра аламын ба» сынды сан мың сұрақтар болады. Осы сұрақтарға жауап тапқанда ғана мен білімнің мотивациялық сипатын арттыра аламын. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған 1-сынып оқушылары дүниетану пәнін алғаш оқи бастағанда бұл пәннің өздері үшін қаншалықты маңызды екенін түсінді. Пәнге деген қызығушылықтары біртіндеп қалыптасты. Себебі, бұл пән күнде-

лікті өмірмен байланыстырылып оқытылды. Ұсынылып отырған «Менің отбасым. Отбасылық дәстүр» тақырыбының жоспарында да осы мәселеге көп көңіл бөлінді. Яғни, оқушы отбасы жайлы, отбасындағы дәстүрлер мен тәрбие жайлы сабақ алмас бұрын өз отбасы туралы әңгімелейді, отбасы мүшелерін қалай жақсы көретіндерін айтады. Үйде аталып өтілетін мерекелер жайлы сөз қозғайды. Жоспар бойынша тақырыпты ашатын әр түрлі ойындар ойнатылады. Отбасылық дәстүрлерге байланысты көптеген мәліметтер келтіріледі. Мәселен, «тұсаукесер», «шілдехана» сынды мерекелеріміздің түп негізінің қайдан шыққаны туралы сөз болады. «Сен білесің бе?», «Анықта», «Орындап көр» сияқты тапсырмалар арқылы тақырып жан-жақты ашылады, оқушылардың ойлау, өз ойын анық жеткізе алу қабілеттері артады. Оқушы дұрыс сөйлей білуге, дұрыс ойлай білуге дағдыланады.

Жалпы, білім беруші өз шәкірттерін тек қана тыңдаушы ретінде емес, әрқайсысын өз ойын емін-еркін жеткізе алатын жеке тұлға ретінде көре білуі керек. Ең бастысы, ұлттық дәстүр мен ұлттық мүддемізге қайшы келмеуіміз қажет. Қандай тақырып болмасын оны қызықты етіп өткізу үшін түрлі әдіс-тәсілдерге сүйеніп, сонымен қоса дүниетаным қалыптастыра оқыту – басты міндетіміз болып табылады. Кез келген адам дұрыс ойлай алса, дұрыс сөйлей біледі. Сол себептен де, оқушы бойына дұрыс ойлау мен дұрыс сөйлей білу қабілетін қатар дамытуымыз тиіс. Ж.Аймауытов айтқандай: «Оқыту – оқулықтан өмірге қарай емес, өмірден оқулыққа қарай жүруі тиіс». Бұл 1-сыныпқа өткізілетін барлық сабақта, соның ішінде ең бастысы дүниетану сабағында көп назарға алынады. Оқушы дүниені тану үшін өзін қоршаған ортамен тығыз байланыста болуы керек. Өйткені, дүниені тану – ең алдымен өзін танудан, қоршаған ортасын танудан басталады.

Көрнекті ғалым А.Байтұрсынов мектеп мұғалімінің баланың табиғатын біліп, көңіл

сарайын танитын адам бола білу керектігін айтады. Яғни ол мектепке алғаш келген баланың жан-дүниесін, мінез-құлқын жан-жақты зерттей алатын психолог бола білген жөн. Баланың қуануы, шаттануы, қиялдануы, ренжуі, ашулануы, жылауы, сөйлеуі – осылардың бәрі оның әлеуметтік өмір тіршілігіне байланысты ішкі жан-дүниесі мен мінез-құлқын сипаттайды. Баланың нәзік, өскелең табиғатына жарасымды әдептілік, адамгершілік қасиеттер, оның өскен ортасындағы тәлім-тәрбиенің арқасында қалыптасады. Сондықтан, балаға қойылатын талап пен сол талапты орындай алу мүмкіншілігі арасында да көптеген қиындықтар, кедергілер мен қайшылықтар кездесетіні белгілі. Ондағы әлеуметтік орта баладан мәдениетті, әдепті, сыпайы мінез-құлықты талап етеді. Ал олар әлі де мұндай мінез-құлыққа жете қоймаған. Осы қайшылықтарды жеңу жолында да оған көптеген қиындықтар кездесетіні анық, міне, осы қиындықтарды жеңуге көмектесетін мұғалім тұлғасы екендігін ғалым нақты айтады.

Оқу жұмысын ойдағыдай жүргізу үшін балалардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін, олардың зейін, қабылдау, ес, ойлау, қиял өзгешеліктерін, сезім, ерік жақтары мен жеке қасиеттерін жақсы білу – мұғалімге тән нәрсе екенін негіздейді. Сабақ жоспарын ұсынуда мен осы мәселелерге көп көңіл бөлдім. Дүниетанымнан сауаттылыққа қарай оқыту тенденциясын басты назарға алдым. «Отбасы» тақырыбын түсіндіре отырып, оларды мәдениеттілікке, бауырмалдыққа, сауаттылыққа тәрбиелеуге тырыстым. Отбасылық дәстүрлердің халқымыз үшін қаншалықты маңызды екеніне көздерін жеткіздім. А.Байтұрсынов айтқандай «Нәрсенің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйретуден» аулақ болуға тырыстым. Мұғалімге артылар жүктің өте ауыр, әрі маңызды екені айтпаса да түсінікті. Сол аманат жүгін құлатпау, шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие беру – біздің басты міндетіміз деп білемін. Енді сабақ жоспарына назар аударайық:

Пән атауы: Дүниетану

Сабақтың тақырыбы: Менің отбасым.
Отбасылық дәстүр

Сынып: 1-сынып

Оқу мақсаты:

Барлық оқушылардың «Отбасы» тақырыбының әлеуметтік мәселелерін қарастыруды, ұлттық дәстүрлер мен мерекелерді суреттеуді, «отбасылық шежіре», «отбасылық дәстүр» сөздерінің мағынасын түсінуді үйренуі;

Оқушылардың басым бөлігінің дағдылы және мереке күндерінің айырмашылығын түсіндіре білуі.

Кейбір оқушылардың алған білімді тәжірибеде қолдана алуы.

Тірек сөздер: отбасы – семья – family; отбасылық шежіре – родословная – geneology; отбасылық дәстүрлер – семейные традиции – family traditions.

Ресурстар: Түймедақ суреті, рөлдік ойынға арналған үлестірме парақшалар, тату-тәтті отбасы бейнеленген плакат, тұсау кесу рәсімі бейнеленген плакат, асқа бата айтылып отырған сәт бейнеленген плакат, отбасылық шежіре ағашы бейнеленген плакат, ашықхат жасауға арналған үлгілер, түрлі-түсті қағаз, желім.

Сабақтың мақсаты: 1. түрлі дереккөздерді зерттей отырып, «отбасы» ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру; 2. отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау; 3. отбасылық мерекелердің бірін сипаттау; 4. отбасы мүшелерінің арасындағы қамқор қарым-қатынастың маңызын түсіндіріп, мысалдар келтіру.

Сабаққа байланысты деректі материалдар: Әр адамның өмірінде отбасының маңызы зор. Адамға жалғыз өзі өмір сүру, қиындықтармен күресу қиындық келтіреді. Бір өзі өз табыстарына қуана алмайды. «Отбасы» ұғымы сүйіспеншілік және қамқорлық туралы алғашқы ізгі ниеттермен байланысты.

Әр отбасында өз дәстүрлері болуы тиіс. Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып және көзқарастар жиынтығы.

Дәстүрлерге сонымен бірге отбасылық шежіре құру да жатады. «Шежіре» – бұл бір тамырдан тарайтын ұрпақтар ағашы», - деп атап өтті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Жолдауында. Мұндай дәстүрлерге отбасылық мерекелер де жатады. Отбасылық мерекелерді өткізу отбасы мүшелерін ұйымшыл етіп, қуаныш сыйлайды.

Кейбір отбасыларында дастархан басында бірге ас ішу, жоспарларды бірге талқылау, мәселелерді бірлесе шешу, киноға, табиғатқа бірге бару сияқты дәстүрлер қалыптасқан.

Қазақ отбасыларында балаларға ерекше көңіл бөлінеді. Бала дүниеге келгеннен бастап («Шілдеhana тойы», «Қырқынан шығару», «Тұсау кесер», «Тілашар» және т.б.) бүкіл өмір бойы баланың барлық қуаныштары аталып отырады.

Тұсаукесер дәстүрінің пайда болу тарихы. Бұл дәстүр өте ертеде пайда болған және тек қазақтарда ғана емес, сонымен бірге басқа да туыстас халықтарда да (қырғыз, алтайлықтар, хакастар) кездеседі. Ерте заманда әлемді жер үсті, жер асты және аспан әлемі деп үш бөлікке бөлген екен. Адам бұл әлемнің барлығында болып қайтуы тиіс екен. Нәрестенің жерасты әлемімен байланысы мықты болғаны сондай, оны өз бетімен үзе алмаған. Оған көмектесу қажет болған. Сол кезеңнен бастап тұсау кесуді жігерлі, рухы мықты адамға сеніп тапсырған. Тұсауды кесе отырып, ол жерасты әлемімен баланы байланыстырып тұратын соңғы жіпті кескендей болады. Бала содан кейін біздің әлемге алғашқы қадам жасайды.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1993 жылы 15 мамырды Халықаралық отбасы күні деп жариялады. Бұл күнді белгілеу туралы шешім әлем жұртшылығындағы көптеген отбасылық мәселелерге назар аудару үшін қабылданды.

1998 жылғы 20 қаңтарда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда Отбасы күнін мерекелеу туралы жарлыққа қол қойды. Бұл күн қыркүйектің әр екінші жексенбісінде мерекеленеді.

Сабаққа қатысты ескертпелер: Сабақты «Түймедақ» ойынынан бастауыңызға болады. Түймедақтың ортасына «отбасы» сөзін жазып

қойыңыз. Оқушылар әр жапыраққа осы сөзге қатысты сөздерді жазуы тиіс. «Отбасы» тақырыбына әңгіме өткізіңіз.

Сұрақтар қойыңыз: Отбасының басқа адамдар тобынан айырмашылығы неде? Біздің сыныбымызды отбасы деп атауға болады ма?, т.с.с.

Кел, талқылайық! Тату-тәтті отбасы бейнеленген плакат көрсетіледі.

Суретте кімдер бейнеленген? Бұл адамдарды біріктіретін не? - деген сұрақтар қойылып, оқушылардан толыққанды жауаптар алынады.

Отбасы – ең жақын және туыс адамдар. Әр отбасында жақсы қарым-қатынас болуы өте маңызды. Отбасы мүшелерін отбасылық дәстүрлер біріктіреді.

Менің отбасым. Оқушылардан өз отбасы, отбасындағы адамдардың қарым-қатынасы туралы айтуын сұраңыз.

«Қонақжайлылық» ойынын өткізіңіз. Сынып оқушыларын 3-4 топқа бөліңіз. Әр топ өзара әже, ата, ана, әке, балалар, қонақтар рөлдерін бөліседі. Рөлдерді бөліскеннен кейін ойын өткізіледі және оны талқылайды. Әр топтың жақсы жақтарын айтыңыз: үлкендерге, қонақтарға құрмет көрсете алды ма, отбасы мүшелеріне назар аударды ма?

Дәстүрлер. Оқушылардан өздеріне таныс суретті таңдауын сұраңыз («Шашу», «Бата», «Тұсау кесу» және т.б.). Оқушылар өз өмірлерінде болған оқиғаларды әңгімелейді. Бұл дәстүрлердің қайсысын көргенін айтады.

«Отбасылық шежіре» сөзінің мағынасын оқушылармен бірге ашыңыз. Оқушылардың назарын ағаштың суретіне аударыңыз. «Шежірені неліктен ағашпен салыстырады?» деген сұрақ бойынша оқушылардың ойларын біліңіз.

Оқушылардың пікірін сұраңыз. Адамның өмірі, азамат ретінде қалыптасуы отбасынан басталатыны туралы түсінік беріңіз. Отбасы мәселелеріне көңіл бөлу үшін Халықаралық отбасы күні құрылды. Отбасы күні Қазақстанда да аталып өтіледі.

Анықта. Бұл тапсырманы үйде орындауға беріңіз. Оқушылар үшін өз ата-аналарының балалық шағы туралы білу қызықты болады.

Олар өздері жүргізген бақылау нәтижелерін сурет арқылы берсе де болады. Қабілеті жоғары оқушылар суреттерінде ата-аналарының бала кездерінде үлкендерге қалай көмектескенін, қандай ойындарды ойнағанын және қазіргі кезде оқушылардың өздері қандай ойындарды ойнайтынын көрсетеді.

Орындап көр. Оқушыларға ашықхат жасау үшін үлгілер таратып беріңіз. Өз жақын туыстарына тілек жазуды сұраңыз. Ашықхаттың арғы бетіне үй мекен-жайын жазсын. Бұл келесі сабаққа арнап алдын ала берілген тапсырма болады.

«Отбасылық шежіреге» туыстарыңның суреттерін желімде. Отбасылық шежіре ағашы бейнеленген плакат пайдаланылады.

Тұсау кесу рәсімі бейнеленген және асқа бата айтылып отырған сәт бейнеленген плакаттарды қолдану арқылы шағын әңгіме, ой бөлісу жүргізіледі.

Сабақтың қорытындысы:

Зертте. Оқушылардан Наурыз мерекесі туралы әңгімелеп беруді сұраңыз. Олар өз отбасында бұл мерекені қалай атап өтетіні туралы естеріне түсіріп, әңгімелеп беруі тиіс. Олардың әңгімесін тойда айтылатын тілектер, ұлттық тағам, киіз үй және т.б. туралы қосымша ақпаратпен толықтырыңыз. Наурыз мерекесінің тарихы туралы қысқаша түсінік беріңіз.

Тілдік құзыреттілікті қалыптастыру. Жұмыс дәптеріндегі тапсырма тілдік мақсатты іске асыруды көздейді. Оқушылар «ана», «әке», «әже», «ата», «аға», «іні», «әпке», «сіңілі» сөздерін үш тілде айта алады.

Пәнаралық байланыс:

Өнер. Оқушыларға өз отбасына қатысы бар заттардың суретін салуды ұсыныңыз. Олар күннің, кемпіркосақтың, ағаштың, үйдің және т.б. суретін салуы мүмкін. Әр суретке атау беруге болады. Мысалы, «Анам, әкем және мен – тату-тәтті отбасымыз», «Отбасымыз – қорғанымыз», «Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін!», «Әрқашан біргеміз» және т.б.

Ақт. Қабілетті оқушыларға өз отбасы туралы шағын таныстырылым жасауды ұсыныңыз. Онда отбасы мүшелерінің сурет-

терін орналастыруға болады. Оқушылар суретке өз шежіре ағашын сала алады.

Жауабын талап ету. Жеті күннен кейін.

Қосымша тапсырмалар:

Оқушыларға әшекейлі тізбек көмегімен өз отбасын бейнелеуді ұсыныңыз. Оқушылар түрлі-түсті қағаз жолақшаларына өз есімін, анасының, әкесінің, атасының, әжесінің, ағасының, әпкесінің есімдерін жазады. Әр жолақты сақина етіп бекітеді де барлық әшекейлі тізбектерді біріктіреді. Нәтижесінде отбасы шежіресі шығады. Әрқайсында қайталанбас өз отбасы бар екенін байқайды. Оқушылар бір-бірінің әшекейлі тізбектерін біріктіре алады. Оқушылардан барлық әшекейлі тізбектерді біріктірсе, не болатыны туралы тұжырым жасады сұраңыз.

Бағалау:

Оқушылар

- отбасылық дәстүрлер туралы;
- Наурыз мерекесі туралы білді;
- өз отбасы шежіресін жасауды;
- қонақжайлылық ережелерін сақтауды үйренді.

«Тату-тәтті отбасы» ойыны: Сенің анаңның анасы саған кім болады? (Нағашы әже). Менің анамның қызы, бірақ мен емес? (Әпке, сіңлі). Сенің әкеңнің әкесі? (Ата). Сенің әкеңнің ағасы саған кім болады? (Көке). Сенің әкеңнің әпкесі саған кім болады? (Әпке).

Қорытынды бағамдау:

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1. Оқушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау.

2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылардың ерекшелігіне көңіл бөлу.

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?


1. Сабақтың нәтижесіне көңіл бөлу.

2. Рефлексия.

Осылайша, сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылар туралы «менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін мен не білдім?» деген мәселелер төңірегінде ізденістер жүргіземін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі», 2012 ж.
2. Нуриев М.А., Садыкова А.Е., Советканова Д.М. Қазіргі заман мұғалімінің болмысы // «Ұлттық тәрбие» журналы, - №4(36)2016, - 6 бет.
3. Сейсенбаева Ж.А. Ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелегеніз келсе немесе бүгінгі бала тәрбиесіне қажетті кеңестер // «Ұлттық тәрбие» журналы, - №4(36)2016, - 26 бет.



*«Алтын ұяң — Отан қымбат,
Құт-берекең — атаң қымбат,
Аймалайтын — анаң қымбат,
Асқар тауың — әкең қымбат»*

Қазыбек би.

МРНТИ 14.07.09

ФОНЕТИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕР

К.С. Картбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты

Мақала фонетикалық бірліктерді оқыту әдістеріне арналған. Берілген мақалада Қазан төңкерісінен кейінгі тіл оқытудың әдістері мен тәсілдерінің бүгінгі күнгі әдістерге тигізген септігі қарастырылады. XX ғасырдың басында ағартушылық қызмет атқарған қайраткер Ахмет Байтұрсынұлының, әдіскер-ғалымдар С.Жиенбаевтың, Ғ.Бегалиев, Ш.Сарыбаев, Д.Әлімжанов, Ы.Мамановтардың қолданған әдістері зерделенеді. Тілді меңгертудегі оқытудың әдістері мен амал-тәсілдерін қарастыру мақаланың өзектілігін аша түседі.

Тірек сөздер: тіл үйреуту, тілді оқыту, әдіс, тәсіл, фонетикалық бірлік, қазақ тілін оқыту әдістемесі.

Статья посвящена методу обучения фонетических единиц. В данной статье рассматриваются пути и методы преподавания языка после Октябрьской революции и как оно влияет на сегодняшние методы обучения. Рассматриваются методы великого просветителя начала XX века Ахмета Байтурсынова, ученых-методистов С.Жиенбаева, Г.Бегалиева, Ш.Сарыбаева, Д.Алимжанова, Ы.Маманова. Методы и подходы обучения языку раскрывают актуальность данной статьи.

Ключевые слова: обучение языку, преподавание языка, метод, подход, фонетическая единица, методика преподавания языка.

The article is dedicated to the method of training of phonetic units. This article discusses the ways and methods of language teaching after the October Revolution and how it affects today's teaching methods. The methods of the great educator of the early twentieth century Ahmet Baitursynov, methodist-scientists S.Zhienbaev, G.Begaliev, Sh.Sarybaev, D.Alimzhanov, Y.Mamanov. methods and approaches of language learning reveal the relevance of this article.

Keywords: language learning, language teaching, method, approach, phonetic units, methods of teaching language.

Қазіргі таңда жаһанданудың әсерінен мемлекетіміздің басты мәселелерінің бірі – қазіргі саяси қоғамымызда халқымыздың ана тілін, рухани байлығын, салт-дәстүрін, тарихи құндылықтарын, жеріміздің қасиеттілігін ұмытпай, оны сақтай отырып, әлеуметтік-экономикалық, ақпараттық, мобильді өмірге жылдам ену. Мұндай жол білім беру жүйесін, оның ішінде ана тілін оқытуды жаңа бағытқа бағыттап отыр.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2005жылғы Жолдауында «Бәрі де мектеп қабырғасынан басталады» [1], - дейді. Сондықтан, қазіргі таңда

қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының жалпы заңдылықтарына және оның негізгі ұстанымдарына сүйеніп, жаңа технологияларды негізге ала отырып, ұрпақты тәрбиелеп-оқытуда жаңа әдістер мен тәсілдер іздестіруде.

Тілді үйрену өте күрделі мәселе болғандықтан, ол әртүрлі жағдай, түрлі оқу материалдарын, әдістерді, қызметті, стратегияны және тәсілдерді талап етеді. Кейбір оқытушылар көптеген жылдар бойы өз сабақтарында бір ғана тәсілді пайдаланып, оны ең ұтымды, ең нәтижелі әдіс деп біледі. Ал өзгелері күнделікті жаңа тиімді тәсілдерді,

әдістерді қарастырумен болады. Сайып келгенде, тілді үйретудің жалғыз ғана, ең керемет әдісі бар ма екен негізі? – деген сұрақ әр оқытушы санасында туындайды.

Жалпы «әдіс» дегеніміз не?» деген сұраққа тоқталып кетер болсақ, «Әдіс (грек. odes–бір нәрсеге жетудің жолы)» – көздеген мақсатқа жетудің тәсілі, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі», - деп Қазақ Ұлттық Энциклопедиясында берілсе [2], Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «Әдіс (грек. Methodos) – қоғам өмірі мен табиғат құбылыстарын зерттеудің, танып білудің амалы, жолы» деп беріледі [3]. Осындай анықтамаға ие болған әдістердің өзіндік даму тарихы бар, сәйкесінше фонетикалық бірліктерді оқыту жолында құрастырылған, қолданылған әдіс-тәсілдердің де тарихы бар, сол әдістерді құрастырған азаматтар бар. Міне сондықтан бұл жерде әдістерді құрастырушы әдіскер-ғалымдардың рөлі ерекше.

Тілді меңгертудегі оқытудың әдістерін, амал-тәсілдерін қарастырып, оны тәжірибеде қолданып, тиімді жолдарын көрсеткен А.Байтұрсынұлы, Ғ.Бегалиев, И.Қ.Ұйықбаев, Ш.Сарыбаев және т.б. әдіскер-ғалымдарымыздың еңбектері әлі күнге дейін құнды болып табылады.

Қазан төңкерісіне дейін дін мектептерінде оқу шағатай тілінде жүріп, қазақ тілін оқыту методикасы болмаған, сондықтан қазақ тілін оқыту әдістерінің тарихы Қазан төңкерісінен кейін басталғанын барлық ғалымдар айтады.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне Қазан төңкерісінен кейін XX ғасырдың басында баса назар аударған Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларын, ересектерді сауаттандыру мақсатында қазақ тілін оқытуда ағартушылық қызмет атқарған қайраткер. Ол тілдің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылымын зерттеп, қазақ тілін оқытып үйретуге арналған хрестоматиялар, мақалалар, оқулықтар жазып қана қоймай, сонымен бірге «Тіл құрал», «Тіл жұмсар», «Оқу құралы», «Сауат ашқыш» сияқты еңбектері – оқыту әдісіне арналған әдістемелік құралдар.

Оның пікірінше: «Әдісін алғанша қай істе

болса, қиын болады. Әдісін алған соң, қайсысы да болса оңайланады» [4].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін үйретудің өзінде көптеген әдіс бар екенін айта отырып, өзге халықтар мен қазақ халқының дыбыс жүйесін оқытудағы ерекшеліктерді салыстырып өтеді де, қазақ тіліндегі дыбыстар қалай естілсе, солай жазылатынын айтады. Ол әдістің екі түрін көрсетеді: жалқылау әдіс және жалқылаулы-жалпылау әдіс. Жалпылау әдіс – «ұсақтан ірілету», ал жалқылау – керсінше. Жалпылау әдіске сай алдымен сөз беріліп, кейін оның буындары ажыратылып, кейін дыбыстармен таныстыру керек екен. Бұл әдістің маңыздысы сөздің мағынасы түсіндірілген соң дыбыспен таныстыру. Ал жалқылаулы-жалпылау әдіс бірнеше түрге бөлінеді. Біріншісі, «шағын сөзді» әдіс. Мұнда алдымен балаға сурет беріледі, бала сурет жайлы білгенін айтады, бала берілген суретті өзі салады, сурет жанында берілген танымайтын әріптерді көшіреді, балалар жазған сөзін мұғалім көмегімен қайталап дыбыстайды, енді сөзді дыбысқа бөліп, дыбыстардың жазылуын үйретеді де әріптерден сөздер құрады. Жалқылаулы-жалпылау әдісінің екінші түрі – «Дыбысты әдіс». Ғалым бұл әдісте ең алдымен баланы сабаққа ынталандырып, әңгімеге тартып, сабаққа бойын үйретуден бастау қажеттігін айтып, баста сөз мағынасын, соң дыбысты үйретіп болған соң әріптерді үйрету керек дейді [5].

Қазақ тілін оқытуда графикалық-алгоритмдік схемаларды пайдалануды алғаш ұсынған ғалым – Сейіл Жиенбаев. 1938 жылы Сейіл Жиенбаевтың «Үлкендерге хат танытудың методикасы», 1939 жылы «Бастауыш мектепте кітап оқытудың методикасы», 1941 жылы «Қазақ тілінің методикасы» т.б. еңбектері басылып шықты. Бұл еңбектердің қазақ тілін оқытуда алатын орны ерекше. Оның пікірінше: «мұғалім сабақты біреудің көрсетіп бергенінен айнытпай орындауға міндетті емес, өз білгенінше түрлі әдіс қолдануға ерікті» [6].

Әдіскер графика арқылы грамматикалық

ұғымдарды жүйелі беруге, баланың ойын жетілдіруге мүмкіндік береді дейді, дегенмен үнемі қолдануға болмайтынын да атап өтеді. Сонымен бірге, жаңа сабақты өту барысында, оны бекіту барысында тексеру, байқау әдісін қолдануды ұсынады. Тексеру әдісін ұсынады, яғни оқушыларды ойландыру үшін тексеруді мұғалім ғана емес оқушылар да жүргізуін, сол арқылы оқушының ұғу деңгейінің жоғарылауын атап айтады. Бекіту барысындағы талдауда байқау әдісін қолдануды ұсынады, яғни мұғалімнің басшылығында берілген талдаудың нәтижесі мұғалім айтпай-ақ байқалып тұратын болса, онда бұл сабақ өз мақсатына жеткені деп береді. Әдіскер салыстыру әдісін пайдалану оқушы санасында екі түрлі ұғымды толық анализдеп, екеуінің бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын анықтауына, оны егжей-тегжейлі түсінуіне мүмкіндік беретінін айтып өтеді.

С.Жиенбаев әдістің догматикалық, бақылау, тексеру сияқты үш түрін айта отырып [7], догматизм әдісіне ерекше тоқталып өтеді. Догматизм (гр. догма – шарияттың заңдары) – тексеру арқылы жаттату яғни құбылыстың мән-жайын, қызметін түсіндірмей, тек қана атап көрсету. Мысалы, н, ң дыбыстарын жазып көрсетіп, олардың жасалу жолдарына мүлдем тоқтамай тек жазылуы мен дыбыстап айтып жаттау түрінде бала санасына енгізу. Мұндай жағдайда бала бұл дыбыстарды бір-бірінен ажырата алмай қалады. Сонымен бірге ғалым догматизм әдісін қолданғанда баланың ойлау қабілеті жетілмей қалатынын айтады.

Әдіскер-ғалым С.Жиенбаевтың пікірінше: «Мысалы, орыс тілінде пәлендей жалғау, жіктеу түрлері бар екенін... оқыған баланың жалпы біліміне қаншалық пайда әкеледі? Ал енді грамматика оқытуды практикалық дағдыларға (дұрыс сөйлеу, дұрыс оқу, дұрыс жазуға үйрету жөніндегі дағдыларға) байланыстыра алсақ, онда мәселе мүлде басқашаға айналады» [6]. Жиенбаев практикалық оқытудың рөлі зор екенін айта отырып, оқытудың ғылымдық рөлін күшейтуді ұсынады. Себебі, ғылым негіздерін алған адам толық сауатты болады дейді. Демек, фонетиканы оқытуда ғылыми

білім балаға дұрыс сөйлеуге, дұрыс оқуға, дұрыс жазуға жол ашады. Ал бұл өз кезегінде оқушының тіл байлығын көбейтуіне септігін тигізіп, сауатты болуына мүмкіндік береді.

Ғали Бегалиевтің 1935-1940 жылдары «Бастауыш мектепте қазақ тілінің методикасы», «Өріп, дыбыс, буын» атты еңбектері жарық көреді. 1935 жылдары қазақ тілін оқытуда еңбек сіңірген Ғ.Бегалиевтің пікірінше «Өр істің де тәсілі, әдісі бар. Бұл әсіресе оқыту ісіне керек». Сонымен бірге, ғалым жат жазудың догматикалық түрін емес, өзгеше түрін ұсынады. «Жазуға үйрету әдісі: жат жаздырып үйрету 1) оқылған мақаланың мазмұнын қысқа-қысқа сөйлемдермен оқытушы тақтаға жазады; 2) әр сөйлемді талқылатады, жазуы қиын сөздерді жеке талқылатады; 3) талқылап болғаннан кейін оқушылар әлгі сөйлемді, ондағы сөздерді тағы бір рет қарап шығады; 4) сосын жаңағы сөйлемнің бірнешеуін өшіріп, қайтадан түгендеп жазып шығындар дейді оқытушы. Оқушылар дағдыланғаннан кейін, сөйлемді толығымен өшіріп, қайта жаздыру керек». Бұл жат жазу әдісін өзгеше формада фонетикалық бірліктерді үйрету кезінде қолдану өте қолайлы. [8].

Шамғали Харесұлы Сарыбаевтың 1921 жылы Ташкентте «Үлкендер үшін әліппе» (авт.бірі), 1952 жылы Ташкентте «Жаздырып үйретудің әдістері», «С.Қ». 1935 жылғы 14 қаңтар айының № 12 басылымында «Түрліше жазылатын бір мәнді сөздер туралы», 1936 жылы «Тіл мәселелері», Алматыда «Қазақ сөйлемінде үтірдің жазылатын орындары», 1956-1959 жылдары «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» (І бөлім, фонетика мен морфология) атты ғылыми-әдістемелік еңбектері жарық көреді.

Ш.Х.Сарыбаев «Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері» (І бөлім, фонетика мен морфология) атты еңбегінде фонетиканы оқытуға ерекше мән береді. Ғалым дыбыстау мүшелерін оқыту, дыбыстарды оқыту жолдарымен, дауысты және дауыссыздардың бір-бірінен айыра таныту жолдарымен, дауыстылардың алтыға бөлінуін оқыту жолдарымен таныстыра отырып, схемамен

оқытуға да тоқталады. Оның пікірінше дыбыстау мүшелерін оқыту кезінде дыбысты айттыра отырып дыбыстау мүшелерінің қызметін айқындау қажет, содан кейін дыбыстау мүшелерінің барлық санын жинақтап оқушылардың көзін жеткізу қажет. Дыбыстау мүшелерімен таныстыру кезінде мұғалім алдымен кітапта берілген сөздердің мағынасын ауызша түсіндіру керек, содан кейін оның кітапта берілгенін оқу керек деген әдісін ұсынады да, бұл әлгі сөзді оқушының саналы түрде түсіне отырып айтуына мүмкіндік береді дейді [9].

Дәулет Әлімжанов пен Ыбырайым Мамановтың 1965 жылы «Қазақ тілін оқыту методикасы» атты еңбегі жарық көреді. Бұл еңбек «Орта мектепте қазақ тілін оқытудың жалпы мәселелері», «Қазақ тілінен білім берудің методтары мен оқу жұмыстарын жүргізудің жолдары», «Грамматиканы оқыту методикасы» деп аталатын үш тараудан тұрады. Еңбектің бірінші бөлімінде ғалым-әдіскер анализ-синтез, салыстыру, индукция-дедукция, баяндау, әңгімелесу тәсілдерін қолданудың тиімді жолдарын көрсетеді.

«Көлемі жағынан фонетика шағын болғанмен, грамматиканың басқа салаларын (морфология, синтаксис) өткенде, солармен байланысты ұдайы қайталанып отырады. Сонымен бірге фонетика емле, сөз дамыту, мәнерлі оқу жұмыстарымен де тығыз байланысты» [10], - деп фонетиканың маңыздылығын айта келе, салыстыру әдісіне мысал келтіріп өтеді. Мұнда дыбыстардың ерекшеліктерін (ал–әл, боз–бөз т.б.) салыстыру

арқылы оқушылардың өздеріне айтқызып, байқату арқылы ерекшеліктерін таныта отырып, қазақтың байырғы сөздерінің соңғы буыны не жуан, не жіңішкелігіне байланысты жалғанатын қосымшаның да үндесе келуін қоса айтып, яғни орфографияға байланысты мәлімет беріп отыру қажеттігі де сөз етіледі. Сонымен бірге, дыбыстарға байланысты емле ережелерін оқыту барысында бақылау, ескерту, түсіндірме диктанттарын міндетті түрде жүргізу қажеттігін атап өтеді.

«...оқулық оқушы үшін білім бұлағы бола тұрса да, мұғалімнің жәрдемісіз, оның сабақ кезінде алуан түрлі әдістемелік әдіс-тәсілдерді қолдануынсыз нәтижеге жете алмайды» деп тұжырымдаған Асхат Әбілқасов «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқу құралында фонетикадан берілетін білімнің іргетасы дыбыстардың ерекшеліктері мен жүйесін оқушыларға меңгертудің маңыздылығын айта кетіп, фонетиканы оқыту әдістемесіне тоқталады [11]. Ғалым дауысты дыбыс түрлерін (жуан мен жіңішке) оқытуда тәжірибе, кітаппен жұмыс, салыстыру, кесте арқылы топтау, жаттығу, байқату әдісін ұсынады. Мысалы, дауысты дыбыстың әр түріне мысал келтіріп, сол мысалдың ішінен қажетті дауыстылардың түрлерін теріп жаздырып, тілдің қандай қызметіне байланысты дыбыстардың ерекшеленіп тұрғанын байқатады да, осы байқағандарын кестеде бере отырып бекіту түрінде кестені толтыртқызады. Еріндік пен езулік дауыстыларын өткен кездегі ұсынған 1-кестеде алдыңғы өтілген тақырып жуан мен жіңішке дауыстылардың қамтылуы:

1-кесте

Тілдің қызметіне қарай	Жуан	Жіңішке
Еріннің қызметіне қарай		
Еріндік	О	Ө
Езулік	А	Ә

Ғалым-әдіскер дауыссыздарды оқытқанда оқытушының бірнеше қиындықтарға ұшырап, оқушылардың орфографиялық, орфоэпиялық қателіктерге жол берулері жайлы айта кетеді. Ондай қателіктерді жібермеу үшін Әбдірахман Исабаев «Қазақ тілі дыбыс жүйесі методикасының негіздері» атты еңбегінде «Саусақты жұтқыншаққа тигізіп б, в дыбыстарын айтуды» ұсынады. Сонда дауыс шымылдығының аздап дірілдейтіндігі байқалады. Сол сияқты «кұлақты саусақпен бітеп б, в дыбыстарын айтқанда» жаңғырық естілгенін байқауға болады. Сондай-ақ, «алақанның сыртын тосып дыбыстағанда» іштен шыққан ауа қарқынсыз, солғын болады. Соңында «ауызға алақанның сыртын тосып» п, ф, т, дыбыстарын айтқанда, іштен шыққан ауа лебі қарқынды шығатындығын салыстырады» [11] - деген пікірлерін ұсынады. Исабаевтың жүргізген тәжірибесінің нәтижесі оқушының

дыбыстарды ажыратуына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, сабақтың да қызықты өтуіне, оқушының білімді саналы игеріп, дағдылануына да мүмкіндік береді. Міне, осындай тәсілдерге байланысты А.Әбілқаев фонетиканы дыбыстың физиологиялық, акустикалық, қызметі жағынан қарастырып, сабақ барысында осы дыбыстың үш жағын білім алушыға түсіндіргенде ғана, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданғанда ғана оның сауатты жазуына, сауатты сөйлеуіне, білімді саналы қабылдауына қол жеткізуге болатынын айтқысы келген.

Қорыта келгенде, қазақтың арасынан шыққан әдіскер-ғалымдарымыздың еңбектері әлі де болса құнды болып отыр. Себебі, олардың зерттеген, қолданып ұсынған әдістері мен тәсілдері – қазіргі кездегі жаңа туындылардың, яғни жаңа әдістердің іргетасы, сүйеніші.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы», 16 ақпан 2005. – 3.5. тармақ.
2. Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы, 1-том, Алматы, «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1998. – 720 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі, Құраст. Ғ. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков т.б., 2-том, Алматы, Арыс баспасы, 2006. – 744 б.
4. Байтұрсынов А. Тіл жұмсар. Алматы, Ана тілі, 1992. – 448 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, Ана тілі, 1992. – 421б.
6. Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы: орта мектеп оқушыларына және педагогикалық училище студенттеріне көмекші құрал. Алматы, Қазақстанның Біріккен Мемлекет баспасы, 1946. – 112 б.
7. Жиенбаев С. Қазақ тілі: педучилищеде сырттан оқушыларға арналған программа мен тапсырмалар, – Алматы, Қазақ мемлекет баспасы, 1941. – 32 б.
8. Бегалиев Ғ. Әріп, дыбыс, буын. – Қазақстан баспасы, 1935. – 23 б.
9. Сарыбаев Ш.Х. Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. (I бөлім, фонетика мен морфология). – Алматы, Қазақ мемлекеттік оқу-педагогикалық баспа, 1995. – 110 б.
10. Әлімжанов Д., Маманов Ы. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы, Мектеп баспасы. 1965. – 248 б.
11. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі (Оқу құралы) – Алматы, Санат баспасы, 1995. – 120 б.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Нуриев М.А., Садыкова АЕ. Мұғалімнің педагогикалық әдеп этикасы мен эстетикасы.....	6
Нуриев М.А., Советканова Д.М. Педагогтың өзін-өзі білімдендірудің жолдары.....	15
Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Солтанов К.М. Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие берудің тарихи негіздері.....	19
Джанзакова Ш.И., Өтегенова Г.Б. Ұлттық тәрбиенің дамуы мен қалыптасуының тарихи алғышарттары.....	26
Seth A. Agbo, Bekisheva R.M., Rskeldieva D.B., Aliakbarova A.T. The university combining upbringing and teaching.....	32
Мардахаев Л.В. Праксиологические основы национального воспитания.....	36
Бөлеев Қ., Әтемова Қ.Т. Қазақ этнопедагогикасындағы «кемел адам» тұлғасын қалыптастыру.....	46
Құсайынова С.Қ. Қазақ халық педагогикасындағы гигиеналық тәрбие.....	52
Хасенов Ғ.Қ. Мектепте патриоттық тәрбие берудегі алғашқы әскери дайындық пәнінің орны.....	58
Байқоңырова А.О. Сайын Мұратбековтың «Қылау» әңгімесін оқытудағы тәрбиелік мәселелер.....	62
Дүйсенәлі Әлімақын Жанат Ақмадидың «Есенгелді би» романының бүгінгі жастарға берер тәрбиелік тұжырымдары мен көркемдік ерекшеліктері.....	65
Парманова Э.А. Қазақтың ұлттық болмысына тән этноментальды мәтіндердің тәрбиелік мәні.....	69
Мұхамбетова А.З. Жан-жануар компонентті фразеологизмдер семантикасындағы ұлттық дүниетаным көрінісі.....	74
Төлепбергенова А.Б. Шешендік сөз түрлерін мотивация арқылы оқыту.....	79
Сұлтанова С. «Сын тұрғысынан ойлануға үйрету» модулінің білімді ұрпақ тәрбиелеудегі пайдасы.....	84
Адасбаева Г.С. Бастауыш сынып оқушыларының білім деңгейін арттыру жолдары.....	89
Картбаева К.С. Фонетикалық бірліктерді оқытудағы әдістер.....	95

Мақалаларды журналға басып шығарудың талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына кез келген электронды тасымалдаушыда өткізу керек.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі 12-мен терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5 бет. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный), азат жол – 0,5 см.

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың тақырыбын көрсетумен басталады, мақаланың басында үш тілде аннотация (100-150 сөзден кем емес) беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай тік жақшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында автор байланыс мәліметтерін (қызмет және ұялы телефон нөмірлерін) көрсетуі қажет.

Түп нұсқалар қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің кассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы - 1500 теңге. Журналға жазылушылардың мақаласы тегін жарияланады (жазылушы мақаласын берген кезде жазылғандығын растайтын түбіртектің (квитанцияның) сканерін немесе көшірмесін қоса беруі тиіс).

Бір жылға жазылу бағасы 3100 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индексі – 74310**

Сандық технологияларды қажет етушілерге біз журналдың PDF-нұсқасын, ал ғаламтор қолданушыларына <http://www.kaznpu.kz/ru/1015/page/> парақшамызды ұсынамыз.

*Реквизиттер: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ

ИИН KZ17856000000086696

БИН 031 240 004 969

РНН 600900529562

АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»

МФО 190501719, код 16

Свидетельство о постановке на учет по НДС:

Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

*Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

*Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала на любом электронном носителе.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть на 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный, абзац – 0,5 см.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В начале статьи обязательно наличие аннотации на трех языках (100-150 слов). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанным требованиям, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге. Статьи подписчиков журнала публикуются бесплатно (подписчик вместе со статьей сдает сканер или копию квитанции, подтверждающую подписку на журнал).

Подписная цена за год - 3100 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах АО «Казпочта». **Индекс журнала - 74310.**

Тем, кто предпочитает цифровые технологии, мы предлагаем PDF-версию журнала, а для пользователей интернет рекомендуем нашу страницу в <http://www.kaznpu.kz/ru/1015/page/>

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ

ИИН KZ17856000000086696

БИН 031 240 004 969

РНН 600900529562

АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»

МФО 190501719, код 16

Свидетельство о постановке на учет по НДС:

Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Примечание:

***Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.**

***Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.**

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25-үй, 24-каб.

Тел (факс): 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды

Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»

КазНПУ имени Абая

Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева

Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Айгерім Айнақұлова

Беттеген/Верстка – Айгерім Айнақұлова

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25-үй,

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.

Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8747 83 88 935,

электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 14.02.2017 ж. Пішімі 60x84 ¹/₈.

Қағаз – сықтықар. Басылым – офсет. Көлемі – 13 б.т.

Таралымы – 300 дана. Тапсырыс № 27